

АҚЫЛБЕК ШАЙХЫ



Ақын
Толымын

А қ ы н
Б о л м а н

ЖЕЗҚАЗҒАН қаласы

1993 жыл

Ақылбек Шайхы

*Ақының өмірі мен
творчествосы*

ISBN 5—7667—0565—4

Жезқазғандық қаламгер журналист Ақылбек Шайхының «Ақын Болман» кітабы қазақ сахарасына естмі танытқан адалдық ақыны Болман Қожабаевтың шыармашылығы мен өміріне арналған. Белгілі сөз зергерінің оқырманға бұған дейін белгісіз және көпке таралмаған өлең жырлары мен айтыстары енгізілген. Кітап оқырман көңілінен шығары сөзсіз.

Родская библиот.
И.М. С. Сейфуллин
Жезқазған
ISBN 5—7667—0565—4

1993 жыл.

АҚЫН ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Әлемде дәуірлерден озып асқак үні, даналық ойы арқылы туған халқымен бірге жасап келе жатқан сөз зергерлері аз емес. Қай заманда да халқына адал қызмет еткен көркем сөз шеберлері дәуірдің көкейкесті күрмеулі мәселесін өз ойының арқауы етіп, халықтық сананың әділдік пен адалдықтың, ізгілік пен адамгершіліктің жаршысы болған. Содан да өткір көркем сөзбен өмірде болып жататын озбырлық пен қиянат, адамға адамның зобірі, не қилы келеңсіздіктерді әшкерелеген, ұрпақ бойында жақсылықты қалыптастыруда айыр көмей шешен, жыр пәсерін төккен ақын, жыраулардың еңбегі айрықша құрметке ие.

Демек әр дәуірдің ақын-жырауы өз уақытының жыршысы ғана емес, нақты деректерді, өз кезінің шындығын паш ететін тарихи тұлғада. Бұл орайда қазақ ауыз әдебиетінде ұлы нұсқалар эпостық жырлар, өнегесі де мол. Тым ұзаққа бармай-ақ бір ғана Жезқазған атырабында туып өсіп халқының қалаулысы болған дүлдүлдер қаншама!

Олардың қатарынан Нарманбет, Шашубай, Қожабай, Тайжан сынды топтан озған жүйріктерді бүгінгі ұрпақ мақтан етпей ме?! Солардың бірі — Болман Қожабаев.

Бұл шағын кітапта журналист — зерттеушінің ақын еңбегі жайында оқырманға ұсынар соғы дерегі, тың ойлары бар. Ақынның шығармалары, өмір жолын салмақалық талдауы өз алдына бір сыр. Демек бұл еңбек арқылы Сарыарқада жыр төккен ақын өмірімен кеңінен танысамыз.

СӨЗ БАСЫ

Ықылым замандар тізбегінде дана халқымыздың тарихшысы, заңгері, ғалымы. Көкейінде тоқығаны мол, шежіре көңілі қазы, ойы әділет таразысы дана қарттар, ақын жыраулар, ділмәр-шешендер аз болмаған. Ескіден жеткен бай әдеби, нелер ғажайып ертегі-аңыз, жыр, дастандар, музыкалық мұраларымыз, негізінен, көбіне ауыздан ауызға көшіп солардың аркасында жасалған, сақталған...

Сондықтан қазіргі міндет — ғалымдардың, жазушылардың, журналистердің, әсіресе ауыл интеллигенциясының азаматтық міндеті — әлі де ел аузында жүрген әдеби-музыкалық мұраларды, бұрын-соңды оны жасаушы әдебиет өнер иелерінің өмір тарихын жазып алу, жариялау, ғылым академиясына тапсыру болып табылады. Бұл — игілікті іс және жатпай-тұрмай үнемі жүргізетін жалпы — халықтық жұмыс, — деген еді бір кезде ақсақал жазушымыз С. Мұқанов.

Мұндай игілікті істер алдағы уақытта да кен өрістей бермек. Өйткені оның қайнар көзі ұзақ тарихы білімдік берері мол ауыз әдебиеті — халық ақындары. Халық творчествосының арналы да, аумақты бір саласы поэзия десек, сол халық поэзиясын тудырушылар, өлең-жыр, толғау, дастан шығарушылар, өлең-жыр, толғау, дастан шығарушылар халықтың қалың ортасында жүрген ақындар екені белгілі. Бұлар халық жүрегінің құлақ күйі, көңіл сарайының бұлбұлы. Бұқараның бұл талантты өкілдері қашан да болса, өз дәуірінің тынысын бағып, соның кескін-келбетін бейнелеп отырады.

Туған елімізде халық ақындарына жасалып отырған қамқорлық шексіз. Кезінде пролетариаг жазушыларының көш бастаушысы М. Горький ауыз әдебиетіне ерекше мән беріп, жазушыларды одан үйренуге шақырды. Жазушылардың Бүкілодақтық бірінші съезінде ұлт әдебиеттеріне айрықша көңіл бөле келіп, дағыстан халқының көрнекті жыршысы Стальскийді ХХ ғасырдың Гомері деп бағалады. Ондай ақын жыршыларға қамқорлық жасау, олардың шығармасын жинау, бастырып шығару, бір тілден екінші тілге аудару қажеттігін айтты.

Горькийдің 1934 жылы Бүкілодақтық жазушылар съезінде — «Поэзияның асылын жасай алатын адамдарды сақтаңыздар... Сөз өнерінің басы фольклорда. Өз фольклорыңызды жинаңыздар, тәртіптеңіздер, зерттеңіздер, сонан үйреніңіздер» — дегені қазақ халық ақындарының творчестволық өсу жолдарына негіз болды. Жамбылдай талантты қарт ақынымыз ауыл, аудан арасында ғана белгілі болса, 1936 жылдан бастап, оның есімінің бүкілодаққа, прогресшіл адамзатқа мәлім болуы айқын дәлел.

Қазіргі халық ауыз әдебиетінің тақырыбы да, мазмұны да мейлінше өсіп ұлғайды. Мұнда өмір шындығы дәл, нақтылы суреттелетін болды. Ақын жыршыларымыз ең алдымен өмір азығы — еңбекті, еңбек майданының батырларын, ерлерін жырға қосып, көркем сөзбен олардың жарқын бейнесін жасады.

Қазақ халқының алтын қазыналы мәдениет қорына айналған ауыз әдебиетінің келелі бір туындысы — 1941-1945 жылдардағы гитлершіл басқыншыларға қарсы жүргізілген Ұлы Отан соғысы негізіндегі шығармалар. Халық ақындарының бұл кезеңдегі жауынгерлерді жауын жеңуге жігерлендірген, тылдағы еңбекшілерді қажырлы еңбекке жұмылдырған жырлары, өлеңдері фольклорымыздың жана мазмұнды жақсы үлгілерін туғызды. Бұдан біз халық ақындары творчествосының өрісі кеңейіп, кең арнаға айналғанын көреміз.

Республикамыздың түкпір-түкпіріндегі бұрын есімі жұртқа танылмаған халық ақындарының өлеңдері жеке кітап болып шықты. Онымен қоса көптеген халық ақындарының өлеңдері жинақтарға еніп, жұртшылыққа танылды. Мысалы Отан соғысынан бергі жылдар ішінде халық ақындарының шығармалары (айтыстардан басқа) топталған арнаулы жинақ болып бірнеше рет басылып шығарылды. Отанымыз туралы жинаққа (1949 ж.) 49 ақынның, «Халық ақындары» (1953 ж.) және «Ақын жырлары» (1958 ж.) атты кітаптардың алғашқысына 46, соңғысына 44 автор енген. Ал 1965 жылы шыққан «Пернедегі термелер» деп аталатын кітапта қамтылған авторлардың саны жағынан бұрынғы жарық көрген жинақтардан әлдеқайда қомақты. Мұнда 82 ақынның өлең—жыр, терме—толағулары енген. Бұдан кейін де бірнеше топтамалар шықты.

Аталған жинақтардың бәрінде де Қарағанды облысындағы халық акындары: Сыздық Өтебаев, Б. Құдайберген, Ф. Игенсартов, Ш. Тұрлыбеков, Х. Манкин, В. Қожабаев, Н. Ожанов, Т. Қалмағанбетов т. б. өлеңдері енген. Олар өз жерін, туған аулында болған елеулі өзгерістерді жырына арқау етеді. Міне, осындай игіліктің арқасында, бұлардың есімі бүкіл Қазақстанға әйгілі.

Елімізде болған өзгерісті өз көзімен көріп, жаңа өмір жасауға тікелей араласқан халық акыны Иманжан қарт халықты өнер-білімге шақырған бірнеше өлеңдер шығарды.

Кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында халқымыздың, зұлым жауды талқандаудағы қаһармандық, еліміздегі халықтар достығын, Ұлы Отанымыздың абырой-намысын, мерейін, қажырлы шахтерларымыздың, колхозшылардың жанқиярлық жемісті еңбегін жырлауда халық акыны Болман Қожабаевтың да өзіндік лайықты орны бар. Ақын «Май-жыры» деген өлеңінде:

Болат балқып заводта,
Мыс бұрқылдап қайнаған
Аптада күнде, сағатта
Қала да өсіп, жайнаған.

деп, гүлденген өмірді, өркен жайған өндірісті, дарқан даланы жырға қосады. Профессор Е. Бісмайлов, халық акындарының өлең шығару ерекшеліктерін үш топқа бөледі.

«Бір ақын бар, ақпа-төкпе, қандай тақырыпқа болсын қолма-қол суырып салып айтады. Ондай

акындарды суырып салма шешен, тапқыр жүйріктер дейміз. Енді бірқатар акындар өз жанынан не жазып, не суырып шығарып кетпейді, бұрынғы жырларды жадында сақтап айтып береді. Бұларды жыршы, жыраулар дейміз. Ендігі бір топ әрі акын, әрі әнші, әрі өлеңшілер. Бұларды халық ардагері, халық өнерпаздары десек те болады.

Біз сөз еткелі отырған Болман Қожабаевты осы акындардың бірінші тобына жатқызуға болады. Ол көбінде қолына домбыра алып, өлеңді суырып салып айтады. Онымен қоса өз шығармаларымен бірге кейбір бұрынғы жырларды да жадында сақтап бізге жеткізді. (Мысалы, өз әкесі Қожабай акынның «Кедейлік, мен не қылдым көзіңді ашпа», «Қожабай бір сөз сөйле көңіл ашып», «Әлмеңбет болысқа айтқаны», «1904 жылғы айтысы» Болманның аузынан жазылып алынған).

Болманның хат білмеуінен көптеген өлеңдері сақталмады. Акынның Қазақстан ұлттық Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы өнер институтының қолжазба қорындағы «Өмір желісі» деген поэмасы:

Домбыра алып толғанып,
Сөйлеп едім 10 жаста, —

деген шумақтармен басталады. Міне, осы сөздеріне қарағанда Болман бала жастан өлең шығарған. Кейінгі жылдары шыққан өлеңдері де хатқа түспегендіктен сақталмаған. Қожабаев:

— Елімізде болып жатқан елеулі оқиғаларға арнап кезінде бірнеше өлеңдер шығарған едім.

Жазылмағандықтан ұмытылды. Кейін, қыркыңшы жылдары сол өлеңдердің есте қалғанын облыстық, аудандық газеттерде жариялаттым, — дейді.

Болман ақын жасынан кедейліктің зарын шеккен кісі. Сондықтан да оның жырларында еңбекші ел өмірі, оның үміт арманы, зұлымдыққа қарсы күресі шыншыл көрсетіледі. Оның ертеректе шығарғаны «Толғау» деген өлеңінде бұл жай айқын айтылған.

Замана болды сонау бір,
Бас қосып кедей мұндасқан.
Жауыздық бұлты торлады,
Көрсетпей жүзін нұрлы аспан.

Қазақ халқының жергілікті билеушілері мен патша әкімдерінің зорлығына қарсы қарулы көтеріліске шыққан жылы — 1916 жыл. Бұл кездегі әдеби туындылардан халқымыздың ұлт - азаттық санасының оянуы жарқын көрініс тапты. Бұл кезең — халқымыздың тарихындағы ең бір елеулі, айтулы кезең. Халықтың бұрын жүзеге аспай келе

жатқан азатшылдық рухы жарыққа шықты. Торғайдағы Аманкелді қозғалысы аса маңызды оқиға. Осы тақырыпқа да Болман ақын кезінде бірнеше өлеңдер шығарған. Оның «Қарамалай», «Атыдан айналайын, Аманкелді» — деген өлеңдері бар.

Батырдың Аманкелді өлмес аты,
Батырды ардақ тұту елдің салты, —

деп, халық батыры Аманкелдінің есімі мәңгі сақталатындығын зор сеніммен айтады ол.

Қожабаевтың өлеңдерінің көбін жинау, газетке жариялау Ұлы Отан соғысы жылдары ұқыпты қолға алына бастады. Оның көптеген өлеңдері осы жылдары Қарсақпайда шығып тұрған «Қызыл кенші» мен облыстық «Советтік Қарағанды» газеттерінде жарияланып отырған.

Бұл кездегі өлеңдердің біразы халық ақындарының жинағына кіргенін айттық. Осы жинақтарда ақынның өмірбаянынан қысқаша мәлімет берілген. 1957 жылы Қарағанды облыстық әдеби бірлестігі «Заман шабыты» деген атпен халық ақындарының жинағын шығарды. Онда да Болманның бірнеше өлеңі бар.

«Жазушы» баспасынан 1963 жылы шыққан «Ақындар жыры» деген кітапта Болманның Желеу ақынмен айтысы толық басылған. Қыркышы жылдары жазушы М. Тиесов Болман ақынның жастық шағынан алып, бірнеше әңгімелер жазды.

Ақынның шығармаларына М. Әуезов атындағы өнер институты көңіл бөліп, бұрын газеттерде, журналдарда жарияланған өлеңдерін жинады. Бүгінде Б. Қожабаевтың елуге тарта өлеңдері, бір поэмасы, бірнеше айтыстары осы институттың қолжазба қорында сақталған.

Қалың көпшілік арасында өлең-жырларын домбыраға қосылып, жырлап айтатын Болман шығармалары ел арасына ауызша таралумен қоса, екінші жағынан Жезді аудандық «Октябрь туы», облыстық «Орталық Қазақстан» газеттерінің бетінде жиі басылды.

Болманның өлеңдерінің тақырыбы әр алуан. Өмірдің ең ортасында, ел тұрмысымен тығыз байланыста болғандықтан, қоғамның бар жаңалығын ілге тиек етіп отырады.

Колхоз құрылысы, өндіріс, ғылым мен техника жаңалығы, табиғатты игеру, осылар акын творчествосынан орын алады. Ауылдың, озат өндірістің, оның ардагер адамдарының бейнесін жасауға талпынады.

Оның айтыстарының көбі өндіріс тақырыптарында айтылған. Осы бір қиын тақырыпты меңгеруде де акынның еңбегі жемісті. «Өмір желісі» деп аталатын поэмада ол өзінің ұзақ өмірін қоғамға байланыста суреттейді. Алайда күні бүгінге дейін поэма толық жазылып алынбаған. Кей тараулары жоқ.

Өнер институтында сақталған Болман өлеңдері жеке жинақ болып шықса, әдебиет үшін мұрат. Айтылдым жинақтан тыс, жиналмай жүрген өлеңдері қаншама? Біз өз әлімізше қол жеткен акын өлеңдерін оның туған аулынан тауып жинадық, өз аузынан да кейбір бұрын-сонды шығарған, бірақ хатқа түртпеген өлеңдерін жазып алдық.

Дария тамшыдан дегендей, акынның еңбегін зерттеуге септігі болар деген ниетпен осы көп жылғы ізденіс жемісін, белгілі акын Қожабаев творчествосына арнап отырмыз. Оның өз аузынан естіп және замандас карттарынан өмірбаянын толық жинастырдық. Болманның қолда бар өлеңдерімен айтыстарын түгел қарастырып, акын творчествосына талдаулар жасадық.

Халық ақыны Болман өзінің ақындық талантын жыр алыбы Жамбылмен қатар дамытты. Туған жері Қарсақпай, Жезқазған, Ұлытау өңіріндегі өзгерістерді, жаңалықтарды жырлауда өзінің ақындық үлгісін байқатты. Ол жоғарыда айтылған Иманжан, Тайжан, Нияз сияқты жерлес ақындармен бірге туған өлкесін жырға бөлеп келе жатқан халық талантының бірі. Қазақ халқының поэзиясын дамытуға өз әлінше қосқан үлесі бар ақын. Сондықтан Болман мұраларын бір жүйеге келтіре зерттеудің мезгілі жеткен сияқты.

Қолыңыздағы кітаптың бүгінгі талғампаз оқырманға ұсынылып отырған бірінші тарауы Болманның өмір жолымен таныстырады. Екінші тарауында ақын өлеңдерінде көтерген дәуір тынысы, ірі келелі мәселелері талданады. Үшінші тарауында Болманның айтыстары іріктеліп, талданып, шешендік қасиеттерін танытуға ақынның өзіндік бетін ашуға көңіл бөлінген. Талдау жұмысы қысқаша қортынды сөзбен аяқталады.

Болман ақын



Бұл есімі мысты Жезқазғанға, қара алтынды Қарағандыға, жез сауырлы Сарыарқаға әйгілі Болман ақынның тоқсанды қусырып қалған кезі болатын. Нұры таймаған өткір көзді, шокша сақалды дембелше қарияның кимылы қайрат иесін танытқандай. Алдына сөз келсе ол өзінің ескі серігі қара домбырасын қолға алып, көсілте шертіп күйге түсіріп алады да, суша ағыза жөнеледі.

Келіндер, кел жігіттер, ел аман ба,
Кен байтак күн сәулелі жер аман ба?
Мыс, мырыш, көмір, құрыш, алтын-күміс,
Саркылмас ел байлығы кен аман ба?
Акку қаз қаңкылдаған көл аман ба,
Қайысқан төрт түлік пен бел аман ба?
Бауырында енесінің ойнақтаған
Қошақан, құлын, бұзау, төл аман ба?
Қозғады ұлы дүбір Болманды да,
Ел-жұрты ұлы істі қолға алды да,
Алған ел талай камал қорғанды да,
Тағы бір биік белге қозғалды ма?

Жыр легі тасқындап, тізіле түседі. Қос шек безілдеп, сазды бір әуенді жалғастыра береді. Құндылікті өмір жаңалығын, елімізде жүзеге асып жатқан игі істерді қалт жібермей біліп отырағын! қарттың шабаты да шалқар, теңіздей толқитын. Ол Қазақстанның зор болашағына қыранша қарап, құлағына алып құрылыстардың зор дүбірі естіліп, ақын қиялы шалғайды кезіп кеткендей болады.

Елінің алдында тұрған тағы бір биік белді көріп, қыранша комданып, жүресінен отырады да, тағы да термелеп сөйлеп кетеді.

Бір кенесті бастадым,
Тыңда халқым, достарым.
Сексен алтыға келсем де,
Жігіттеймін, жас жаным,
Жыр арқауы етемін,
Еңбекпен елдің тасқынын,
Озаттар көп елімде,
Орындаған жоспарым.

Енбектің алғы шебінде,
Өлкей қыршын жастарым.
Менгеріп жатыр ұл-қызым,
Күн менен айын аспаннан.
Жер қойшының байлығын,
Ақтарып алды жастарым.
Ақындық асқан шабытпен
Жырлаймын еңбек дастаным.

Жаңы жас, көңілі сергек қариямен сұхбаттау да бір ганибет. Көгілдір көктемнің салқын самал кешінде басталған ақын әңгімесі ертеңгі таңға таусылар ма? Жок. Екі дүниенің тірі куәсі болған, көпті көрген көне қарттың әңгімесі-үлкен тарих іспетті. Сарқылмас көзді бұлақтай ағыла береді. Біз ақынмен кездесу сапарымызда осы бір шындыққа көзімізді жеткіздік те.

Кешегі тұнғық кер заман, патшалық дәуірді одан соңғы бастан кешкен қиыншылықтардың тірі шежіресі Болман ақын қилы-қилы жолдан өтіңгі. Сонда да айнымас серігі, тұмырлық құмары болып: өлең, ән қала берген.

Ақын 1880 жылы Қарағанды облысы Жезді ауданының Балажезді өзеніндегі Қараандыр қыстағында туады. Әкесі Қожабай Токсанбайдың баласы. Токсанбайдың інісі Тайлақбай сыбызғышы күйші болған. Оның «Айрауықтың ащы күйі», «Алқакөл сұлама», «Ақтабан-шұбырынды» атты күйлері бар.

Қожабай осы күйші ағасының тәрбиесінде өскен. Тайлақбай Торғайда өледі. Бұл кезде бала 13 жаста еді. Жазғы нөсердің бірінде оның қосына найзағай оты түсіп, өртенеді. Осыдан шешесі Ханым науқасқа шалдығып, төсек тартып жатып қалады.

Бойына Қазантүбек салық салдық,
Әжем ауру болған соң елден қалдық.
Әкем өлді, қосым өртенді, өзім жұртта,
Сондай-ақ біз құдайдың несін алдық, —

деп зар төгеді панасыз жетім.

Болман ақынның әкесі Қожабай ақ алмастай өткір шешен тілді орақ ауызды жігіт болып өсіпті. Ел ақындарының айтуынша Қожабай өлеңдері тындаушысын өзіне баурап алады екен. Ол кезінде сан рет айтысқа түсіп, өнерімен халқын сүйсіндіріпті.

Қожабай ақынды Жамбыл да жақсы білген, оның талантын жоғары бағалаған. «Жыр алыбы Жамбылдың өзі қадір тұтқан Қожабайдың баласы Жезқазғанның ақыны Қожабаев Болман депутат Аймакановтың құрметіне әсем жыр шығарды» деп жазады көрнекті ғалым академик М. Қаратаев.

Әкесі көрген өмір қиыншылығы туралы Болман ақын толғана сөйлеп, ауыр күрсінеді.

Өз бетімен күн көруге шаруашылығы жеткіліксіз Қожабай ұзақ жыл Жездідегі Әлменбет болмыстың есігінде жүріпті. Бір жылы Әлменбет күздігүні оңаша ауыл отырғанда, жігітін Ащыкөл, Телікөл, Сегізсай, Сарала, деген жерден тұз әкелуге жіберген. Сол сапардан қайтып келгенше шешек

шығып, оның үш баласы дүние салады. Әйтеуір не себептен екені белгісіз Болман тірі қалды.

Әлменбет болыс өлген балалардың жаназасына да келмеген, көмек те бермеген. Үйінде байлармен кеңес құрып отыра береді. Он жеті күн жүріп, ауылға Қожабай оралады. Адамның өліміне де келмеген, каражүрек болықты Қожабай өленмен түйреп:

Үйінде өзің жоқта балаң өлсе,
Сен бармай, оны апарып кемпір көмсе.
Көмілмей менің балам жатқан кезде,
Ит адам отырмас еді нағыз сенше,
Қорлыққа ақын көнбес басқа көнсе,
Жатар еді Қожабайды қайғы жексе.
Болса да бас кесу бар, тіл кеспек жоқ,
Тоқтатшы ақын тілін шамаң келсе.
Қайғының не екенін білсен еді,
Шошқаша шортташтанып семіргенше.
Әлменбет, құлағың сал, бермен қара,
Өзіндей адам еді өлген бала,
Өнкііп болыс болып отырмассың,
Болуың сенің де онай ертең мола.
Болысым, көңілің бірдей аспанменен,
Шіркін-ау, өлмеймісің асқанменен.
Қарымбай дүние қоныз ол да өлді.
Бауырына бар байлықты басқанменен,
Боларсың семіз болсан, қойдай семіз.
Өледі құнан қой да қошқарменен.
Жерде күрт, суда балық, тоғайда аң,
Құтылмас құста көкке ұшқақменен.
Бір күні сен-семіз боп сен де өлесің,
Тумасаң, бір анадау шайтанменен.

Мысык жолдас бола алмас тышканменен.
Өлсөң де ауыл болма дүшпанменен.
Байлығыңа тәңірге табындырма,
Сенде жок құрбы-құрдас, дос-жар деген.

Рақымсыз, опасыз Әлменбеттің ауылынап қырғи тілді ақын көшіп кетіп қалады. Өлеңін, өнерін серік еткен Қожабай ендігі таянышы жалғыз ұлы Болманның тіршілігіне шүкірлік етеді.

Қожабай ақкөңіл, жомарт адам екен. Ол өз елінен қуғын көріп, найман еліне көшіп келген Байқоңыр деген қырғызбен достасады. Достан мал түгіл жан аямайтын еліміздің салты емес пе? Байқоңыр баласы жоқ адам екен. Соған Қожабай Болманды бала ғып бауырына салады. Бірақ Байқоңыр достық сертке берік адам болмай шығады.

Күзге қарай Байқоңыр Шуға қыстайтын болып көшкенде он үш жастағы Болманды ала кетеді. Жаз шыға Байқоңырдың көшінің беті Арқаға емес Алатауға бұрылады. Онда барған соң, Болманды асыранды бала ретінде ұстап, еліне жібермей, төрт жылдай өзінің қойына салады, малайы егін ұстайды. Досы Қожабайды ұмытады.

Жат елде, бөтен жерде азап шегіп, үйін сағынған жас бала қой шетінде жүріп, басындағы ауыр мұңын өленмен айтады. Осы жылдары қолына домбыра алып, мұңын ән сазымен сыртқа шығарады. Қорлық көріп жүрсе де, домбырасын қолынан түсірмей серік етеді. Қойды қалың бетегеге жайып тастап, Алатау төсін мұңлы да, зарлы әнге бөлейді.

Жас талант табиғатпен алғаш осылай сырласады.

Күлдьктын тозагы мен корлык азабына шыдамаган жас акыны Байкоңырдын жүйрүк атын урлап мініп еліне кашады. Жол билмейтін жас жігіт жолда нелер кындыкты көреді. Адасып жүргенде ауызга оралган өлендерден есте калганы еді деп акын:

Көп жылкы көкарайлы көл сағынды,

Кең жайлау бетегелі бел сағынды.

Айырылып ел-журтынан жүргөн жігіт, —

Жат жерде тууи-өскөн ел сағынды. —

деген шумактарды домбырага косылып термеледі. Акыры, ауыр азаптар кешіп киндик кескен еліне, туған жерге келеді. Ата-ана бауырына, ел кұшагына келген бетте Болман кыргыз байларынан көргөн корлығын, шеккен азабын өленмен жеткізеді. Міне, осы кезден бастап-ак Болманның акындыгы журттаныла бастайды.

Жалғызын сагынып, көзі көр, көнілі жер болып калган Қожабай қарт қуаныш үстінде:

— Енді елге келдің. Өнерін байкалып калыпты. Соны мәңгі серік ет. Алмас кылыш майданда ғана серік, асыл сөз майданда да, сайранда да серік. Ел аралап, асыл сөзді үйрен,- деп батасын береді.

Жас жігіт өзі теңдес құрбыларымен бірге ел аралап, ойын-тойдың думаны болады. Өн салалы, домбыра тартып, ел құрметіне бөленеді. Акын сол шақты еске алып:

— Шіркін, жастык-ай. Қызыксын-ау. Өтірік оулие болып жүрген алаяқты да маскарааладық кой сол кезде,- деп басынан кешкен бір кызык оқиғаны есіне алады:

— Бір жылы ел жайлауда еді, — дейді ол, — ұл-сызға ұл, кызсызға-кыз беретін бір тәуіп келді,

әулие келді деген лақап дүнк ете қалады.

Сұрастыра келгенде, кімнің қандай арманы бар, кімнің қандай күнәсі бар, осыған дейін айтып беретін әулие болып шықты. «Арманыңды айтып береді, күнәнді көзіне айтады» дегенде жұрт пірөдар болуға айналды. Ойын-сауық былай қалды.

Ел қайда болса, ақын сонда. Әулие жатқан ауылға біз де келдік. Оңаша үй тігіліпті. Ығыжығы адам. Әулие тұрғанда, ақын адыра қалған сияқты. Өлең айтсақ жұрт жиналмайды... «Бұл үйде не намаз тұрар, не мен тұрармын» деп Қожанасыр айтқандай не әулие, не біз тұрармыз деген ойға келдік, өңшең жас жігіттер.

Содан келіншек болып, әулие қасына түнеуге келістік. Кім келіншек боладыға келгенде, біз бүлдіріп аламыз, сақал мұртың да жоқ өзін бол деп, бәрі маған жалынды. Біз үйге келіп ұзын көйлек пен кимешекті киіп жіберіп, әдемі келіншек болдым да шықтым. Мұны білген қыз-келіншек біздің соңымызда.

Ел орынға отыра әулие отырған үйге келдім. Екі қолымды кимешектің астына ұстап, сызылып қана босағаға отырдым.

— Бері кел, мүсәпір, берегірек, - деп әулие мені мүсіркеп қасына шақырды.

— Еш жерім ауырмайды, әншейін бала көтермей, тамырымды ұстатайын деп... Аяқ жағын айта алмай, төмен қарадым...

— Е, е пақыр-ай, жап-жас қана көгершінім екенсің. Болар бала, болар. Пірім жар болса, болар.

Екі қолымен менің алақанымды қысып, ішіп-жеп барады. Тағы да «Пірім жар болса» деп, мені өзіне тартып құшақтай бергенде, сыртта сығалап тұрған жігіттер қатты күліп жіберді. Мен зың жөнелдім.

Ертен жылқы келісімен, маскара болған әуане тайып отырды. Сол жылы жайлауда басылып қалған ойын-сауыққа жолды осылай бір ашқан едік.

Жас ақынның ел арасындағы беделі арта береді. Оның жүрген жері ойын-сауық болады. Осы кез оған ақындық мектеп еді. Не бір халық даналығын үйренумен болды. Өмір үлкен мектеп. Ел іші алтын бесік.

— Өлеңге сауатымды ашқан әкем болса, одан соңғы мектебім ел іші, - дейді ақын алғашқы өнерге қадам жасағанын еске алып.

Болман сөз арасында, өзінің әке-шешесінің кедейліктен жапа шеккенін айтып, Қожабай қарттың «Кедейлік, мен ненді алдым» деген әйгілі өлеңінің туу тарихын да қызық етіп баяндайды.

— Бұл кезде әкей қартайған болатын. Істейтін кәсібі жоқ. Бір күні көрші ауылдағы тойда болып, үйге келсем, жалғыз сиырдың бұзауын қасқыр жел қойыпты. Алданыш ететін айран-шалаптан да айырылған.

Кедейлік, мен не жаздым, көзінді ашпа!

Жоқ па еді еш танысың менен басқа

Қалмайсың қысы жазы қыр соңымнан,

Мұқтаж қыл, киер киім, ішер асқа.

Өзіммен бір сныр бар жасы құрдас,
Жайылып малмен бірге жерде тұрмас.
Бұзауды одан туған қасқыр жеді,
Жұт қой ол ерте келген мойын бұрмас.

Мынадай жоқшылыққа әке-шеше душар болғанда Болманға ойын-сауық қайда! Шал кемпірді асыраудың қамына кіріседі. Жпырмаға ілікпеген жас, бұғанасы катып, бойы өспестен ағылшын кәсіпкерлеріне жалданып, көрдей қараңғы Байқоңыр шахтасында күніне 12 сағат жұмыс істеуге мәжбүр болады.

Ауыр жұмыс, жат елдің аранын ашқан отаршыларының кемдікте ұстауы-жас акынды мұқалтпанды. Ашындыра түсті, жігерін тасытты.

Патша жарлығымен қазақ даласына келген 1916 жылдың дүрбелені өзінің қаралы тұзағын алғаш рет келейлерге кигізді. Осы тұзаққа алғаш іліккеннің бірі Болман еді.

Акын қарамалайлыққа алынған жерден Амангелдінің тигізген көмегін, қамқорлығын тебірене еске алады:

— Кілең он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы қыршын жастар Жосалыға қарай жаяу жалпылы шұбырдық. Түс кезі бір ауылға келіп, ат шалдырып отырғанбыз.

— Сарбаздар келеді, Сарбаздар келеді! - деген қуанышты хабар жігіттердің арасына тез тарады. Сөйткенше кілең сәйгүлік мінген, мылтық асынған бір топ адамдар жетіп келді. Орталарында жұпы-

ны киінген, алып денелі қара кісі бар. Жанындағылардың бәрі де: «Амангелді! Амангелді!» деп алдына пәйік болып жүр.

Сыртынан атағына қанық Амангелдіні бұл-тұңғыш көруім. Амангелді бізді басқарып бара жатқан шабарманды шақырып алды да:

— Дереву мына жігіттерді босатасын. Бұлар патшаның қара жұмысына бармайды! Босаттырған мына мен!

Ұры итше жылмаңдаған атшабар батырға қарсы ләмнем деген жоқ. Бүркіт көрген торғайдай күйкелендеді де қалды.

— Ой, көсең көгерсін!

— Өркенің өссін!

— Жолын болсын сабазым! -деп жігіттер алғысын жаудырып жатыр батырға. Сол тұста «Атынан айналайын, Амангелді» деген ұзақ өлең шығарған едім. Көп жері ұмытылды. Тек кей шумағы осы, оқиға еске түскенде, ойға оралады:

Қорғады байтақ елді қнып жанын,
Келтірген ерлікпенен өмір сәнін.
Құтқарды ақ патшаның тұзағынан,
Әлі жоқ сол ерлігін ұмытқаным.

— Менің Сабыр Шәріповты көргенім 1920 жыл еді, — дейді акын енді бір еске түскен өмір беле-сін. Құрылып жатқан жапа өкімет жайында көп-көп әңгімеледі. Нені жырлауым керектігін де ал-ғаш рет айтқан Шәріпов болатын. Сол жылы ол бірнеше өлеңдерімді қағазға түсіріп, жазып та ал-ған еді. Өкінішке орай Шәріповтың қолына тиген өлеңдерді еш жерден кездестіре алмадым.

Туған жердің казынасын сүлікше сорып отырған ағылшын кәсіпкерлерінің қуылуы — акынның ша-бытын қанаттандыра түсті. Бұл жылдары ұлы өз-геріске арналған бірнеше өлеңдер шығарды.

Жергілікті халыққа ұлы тырнаған аяусыз ба-тырған ағылшын отаршыларының кетуі-халықты айрықша қуантты. Халықтың отаршыларға деген ашу-ызасын акынның сол жылдары туған «Қара тұмсық, қанды ауыз» деген өлеңінен айқын көруге болады.

Қара тұмсық, қанды ауыз,
Қанға тоймас жалмауыз,
Зыттың бір күн сытылып,
Отқа үйтілген мысықтай,
Сүтке тиген күшіктей,
Үміті оның қырқылып,

Қара тұмсық, қанды ауыз,
Қанға тоймас жалмауыз.
Зыттыну, Біркүн сытылып,
Отқа үйтілген мысықтай.
Сүтке тиген күшіктей,
Үміті оның қырқылып,
Кетті сұмдар амалсыз.
Қалған соң мұнда қамалсыз,
Қаһарлы үннен қысылып.

Болман 1920 жылдары Деев, Холмеевтерімен бірге Қарсақпай заводының күзетіп ұйымдастырады. Ағылшындардан қалған құрал-жабдықтарды, мыс қорытуға қажетті технологиялық тетіктерді сақтауға өз үлесін қосады. Бұл туралы айтар естелігі де жоқ емес. Ол:

— Сол саймандарды көздің қарашығындай сақтадық. Бір бұрандасын бейсауат шығармадық. Тіпті бейсауат адамдарға көрсетпедім де. Ашыры 1928 ж. Қанышжан келгенде бәрін соған өткіздік қой.

Жезқазған—Қарсақпайдың адамдары халқымыздың ардақты перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтпаевты ерекше құрметтейді. Қарттар Қанышжан дейді де, жастар сүйіспеншілікпен Қаныш аға деп атайды. Атағы жұмыр жерге әйгілі ұлы ғалымның екбек жолы Қарсақпайда басталды ғой. Қа-

некеннің есімін қарт мақтаншы сезіммен еске алғанда, біз де елең етіп, алғаш кездесуін айтуды өтіндік.

Танертенгі шайға жана отыра берген кезіміз еді. Үйге «Ассалаумағалайкум» деп, кең маңдайлы,

толқындаған бұйра шашты жас жігіт кіріп келді.
— Төрлет, карағым. Бұрын көрмеген аламым. Жаксыда жаттық жоқ деген ғой. Бірден өзін таныстырып, дастарханға келді.

— Баянның қазағымын. Инженерлік оқу бітіріп, осында, Қарсақпайға жұмысқа келдім. Жезқазған-ның кеңі енді халық игілігіне жарататын боламыз.

«Халық игілігіне» осы сөз ақынның жүрегін жылытып, жанын жадыратып, қуаныш нұрына бөледі. Кешегі ағылшынның жестырнақтары не істеп еді? Ұлан-асар жер астының байлығына арандай аузын ашып, сары алтынды теңізге тасымады ма. Шахталарда болымсыз еңбекақымен жұмыс істеген қазақ кедейлерінің аянышты халіне ешкім де көңіл бөлмейтін.

Қайда барса да кедейлердің көрген күні қарап еді. Үзім нан, мен ескекүскылары, үшін байлардың барлық жұмыстарын істейтін. Ауыл өмірінде күн көріс те шамалы еді ғой. Көп кедейге, жоқ-жігітке байдың да жұмысы жете бермейтін. Осындай ауылдағы күнкөрістен торыққан, күдерін үзген кетейлер рудник, шахта, заводтарға шұбырды.

Ондағы өмір де бар мен жоқтың арасында. Өнімсіз де, болымсыз. Сол кездегі қазақ жұмысшыларының аянышты тұрмысы туралы халық аузында мынадай өлең тарап кеткен.

Жетқанымыз ағылшынның қазарма үйі.
Лас, былық, жан тынығар жоқ бір күйі.
Жүргеніміз жер асты күнгірт білте шаммен,
Адамның айналғандай баста мны.

Сол өмір келмеске кетіпті. Бүгін туған жердің байлығын халық игілігіне жарату туралы оқу бітірген жас инженер келіп отыр. Ол жаңа өмірдің қарлығашы — қазақтан шыққан бірінші инженер.

— Қарағым-ау, әлгі ағылшын құзғындар кеннің бәрін алып кетті ғой.

Қарттың өкінішпен айтқан сауалына Қаныш миығынан күліп:

— Болман аға, Жезқазғанның мысы сан ғасырға жетеді. Оның он төрт жыл жайлаған ағылшындар тауыспак түгіл мұртын да шаққан жоқ. Олар Жезқазған байлығын зерттеген де жоқ. Тек жер бетінде жатқан кенді тағылықпен жинаумен шұғылданды. Алдымызда тұрған міндет — Жезқазғанның байлығын толық зерттеп, оның келешегін анықтау.

— Мұның қуанарлық хабар. Не тілесен де көмегіне әзірміз.

— Болеке, ағылшындардан қалған саймандарға не болып, күзет етеді екенсіз. Соны көруге ұлық-сат етсеңіз?

Қоймаға Қанышты ертіп бардым. Саймандардың қандай жұмыстарға пайдаланатындығын білмеймін. Қаныш бәрін де бажайлап көріп, кейбіреуін қолымен ұстады. Қойманың бір бұрышында жатқан қаптағы алмасқа көзі түсті. Оны қолына ала салып, балаша қуанған ол:

— Болман аға-ау! Көктен тілегеніміз жерден табылды. Мынау бұрғылау алмас коронкасы деп аталады. Бастағалы отырған үлкен жұмысымызға ең керек нәрсе осы!

Қаныш жаңағы алмас коронкаларды алды. Мұндай алмаздар мен сияқты күзетші Мақамбет Ыбыраевтың да қоймасында бар еді. Оны да әкеліп бердік.

— Осы коронкалармен бірнеше жүз метр тереңдікті бұрғылауға болады. Ағалар, енді тез арада жергілікті адамдардан бұрғылау мамандарын даярлауымыз керек, — деді ол.

Ағалшын кәсіпкерлері өздері Жезқазған — Қарсақнай жерін билеп-төстеген уақытта жергілікті адамдардан кен барлайтын бұрғышылық мамандар даярлауға көңіл бөлмеді. Олардан тұрақты кадр шығаруды мақсат деп білмеді.

Қаныш болса, алғашқы геологиялық барлау жұмысын бұрғышылар даярлаудан бастады. Өз күшімен арнайы курс ашты. Кезінде Төлекбаев Ақмедия, Омаров Әбілқасым, Темірбеков Халық, Тілеукабылов Раби, Байсалбаев Зекең, Сейілов Жағыпар, Бекенесов Есімбай мамандықты алғаш Қаныштың мектебінен алғандар.

— Қанышжанның несің айтасын. Туған ініміздей болып кетті. Алматыға барғанымда Тайса келін екеуі күрақ ұшып қарсы алатын. Кемпір мен балаларға сәлемдеме беруді де ұмытпайтын. — Ақын осылай деп, қолына домбырасын алып, термелей жөнелді:

Сарыарканың белінде
Жезқазғанның жерінде,
Баян етіп сөйлейін,



Ұлан байтақ кенімді
Сәтпаев деп атаймын.
Кенді тапқан ерімді.

Бұл өлең тура осы әңгіме үстінде туды. Ел ардақтысы, халықтың ұлына қарт жыраудың сүйіспеншілігі нәсерлеген өлең тасқынымен көрінді.

Отызыншы жылдардан бастап Болман жыл, сайын республика, облыс аудан көлемдерінде өткізіліп тұрған слет, айтыстарға үзбей қатысады. Ол халық шығармаларының мол казынасын жинаған және көптеген ақындармен кездесіп танысады. Поэзияның алыптары Жамбыл, Шашубай, Доскей, Нұрпейістермен кездесіп, олардың өлең жырын тыңдау — Болманға үлкен, мектеп еді.

Болманның, Ұлы Отан соғысының тарихи уақиғаларын, елде болып жатқан жаңалықтарды, даңқты адамдардың өмірбаянын білуі — терең мағыналы өлеңдердің тууына себеп болып отырған. Осы тақырыптарға айтылған өлеңдерін оқушы балаларына жаздырып, аудандық газетке және қолжазбаны Ғылым Академиясына жібере бастаған.

Ақын 1936 жылы Қарсақпайға келіп, көркем-өнерпаздар үйірмесін құрып, оған жетекші болады. Бұл кез ақын шабытының шарықтаған сәті. Кесек-кесек келелі туындылар береді.

Болманның жыр арқауы — гүлденген өмір, халқымыздың жасампаз ерлік ісі, оның батыр ұлқызы. Мысалы «Ерлерімді жырлаймыз» атты өлеңінде:

Жалынды жан сүйсінер ерлеріме,
Көзіммен кереметін көргенімде.
Өсірген ел дәулеті егін малды,

Солардың жыр арнаймын еңбегіне, —
дейді ол.

Қожабаев өміріндегі ең бір елеулі кезең — 1938 жылы халқымыздың мақтанышы ұлы ақын Жамбылдың ақындық қызметінің 75 жылдығына арналған мерекеге қатысуы. Ол бұл сапарда гүлденген өмірді, жаңарған, жайнаған қаланы өнерлі республика адамдарын көреді.

Әсем Алматы, жер жаннаты Жетісудың көрікті табиғаты ақынның шабытын тербетіп, тамаша жырдың дүниеге келуіне себепкер болады. «Гүлденген өмір» атты өлең осы сапардың жемісі еді.

Жайнаған Алматының қаласындай,
Гүлденген Алатаудың даласындай.
Бойлаған шынар, терек күнге еркелеп,
Самсаған он саусақтың саласындай.
Бас қосқан орыс, қазақ еңбекші ел,
Барлығы бір кісінің баласындай.
Алатау өркештенген басы биік,
Күнменен шағылысқан көкке тиіп
Арнасы алыс екі әлемді орап,
Балқашқа Жетісу боп жатыр құйып.
Бақ қонған, қыдыр орнап астанама,
Алдына сәлем берем басымды иіп.

Ақын Жамбылмен кездесуін ерекше бір ыстық сезіммен еске алып, ұлы жыраудан алған әсерін шабыттана сөйлеп кетті.

— Біздің Алматыға барғанымыз маужыраған мамырдың орта кезі болатын. Астана әппак алма гүлін жамылған, кілемнің түріндей. Туысқан елдердің ақындары, республиканың көптеген халық ақындары Жамбыл тойына ағылып келіп жатыр.

Бізді, Қарағанды ақындарын Сәбит Мұқанов қарсы алды. Ортамызда Шәшекең ақсақал бар. Қонақ үйге жайғасып, аз тыныққан соң Шәшекең:

— Жігіттер, (бізді осылай атайтын) тас арқалап келген жоқпыз. Шанып жатып алмаңдар. Жөкеңе сәлем беруіміз керек, — деді.

Шашубай ақсақалдың асығатын реті де бар екен. Өзінің қарт серігін ол 1909 жылдан кейін көрмепті. Міне, арада 29 жыл өткенде, жаңа заманда кездескелі отыр.

Жамбыл екеуі құшақтасып көрісіп, жылап амандасты. Біз сәлем беріп, екі ақсақалдың жанында алқақотан отырдық. Арамызда Нұрпейіс, Доскей сияқты бірнеше ірі ақындар бар. Біз тыңдаушы ғана. Аға ақындар өнер, өлең туралы әңгіменің тиетін ағытты.

Жәкең бір арақидікте жанында отырған ақындарға қарап:

— Қане, бүгінгі жиында Ұлытау, Жезқазғаннан кімдер барсындар, — деді. Шәшекең: мені, Иманжан мен Ниязды айтты.

— Тайжан ақын қайда. Мен ол кісінің жайын айттым. Жәкең аз үнсіз отырды да:

— Сенің әкең Қожабайды маған танытқан, нәрлі өлеңдерін алғаш құлағыма тигізген Тайжан еді. Жақсы ақынның баласы екенсің. Оның атын жоқтатпа.

Аяулы ақындардың ұстазы Жамбылдың мына сөзі маған үлкен де, салмақты жүк артқандай болды.

Қарт сөзін жалғап:

— Қане, Қожекеннің асыл мұрасынан не білесің. Алдыма жайып сал, — деді.

Мен іркілгем жоқ. «Қедейлік мен не қылдым көзінде ашпаны», «Әлменбет болысқа айтқаны», «Жігіттер құлағың сал, сөзімді аңда» сияқты өлеңдерді ағылта жөнелдім. Қарт ұстаз риза болып, бетіне қуаныш нұры ойнады. Шәшекене қарап:

— Көрдің бе, Қожекеннің аршынының кең жатқанын, — деді де маған.

— Аз білесің. Тайжан сенен өте көп білуші еді Қожабай ақынның өлеңдерін. Ал айтыстарынан есінде қалғандары бар ма?

Ұстаз алдындағы шәкірттей өзімді өте ықшама ұстап, әкейдің 1902 жылғы Есенбай ақынмен айтысын айтып бердім. Онымен қоса Жәкеңе Алматыны алғаш көргенде ойға оралған «Гүлденген өмір» деген өлеңімді домбырамен орындап шықтым. Қария маған риза болды. Кемшілігімді де көрсетті. Ұстаз сынынан өткенде көңілім өсіп желініп қалдым.

Мерекеледе әрбір ақын жаңа өлең жырларын айтып, өзара айтысқа да түсті. Олардың кемшілігін де, жақсысын да Жамбыл, Нұрпейіс, Шашубай сияқты тарлаан ақындар ашып көрсетіп отырды.

Жамбылдың жетпіс бес жылдық ақындық мерекесі нағыз халық ақындарының мерекесі болды ғой. Сол жолы ақындық мектептен өткендей болдық.

Жәкеңнің несін айтасын, барлық ақындардың атасы еді ғой. Өлең жырларын, дастандарын балаларға оқытып, тәнті боламыз. Ол біз сияқты елде-

гі акындардың жол көрсетер ағасы еді. Жамбыл кайтыс болғанда ұзақ өлең шығарған едім.

Жұртымның тұрып едің тілегінде,

Халықтың өшпес жарық жүрегінде.

Жұрт естіп, құмарланып құлақ салды,

Үніңді көкті шалған Кремльде.

Ал, Жеке, айтқан сөзім сізге арнап.

Көлемнен атағың зор озған саңлақ.

Халықтың жүз жасаған қариясы

Өлеңің-ұлы ескерткіш мәңгі қалмақ.

Бұдан біз поэзия алыбы Жамбылды Болман акынның ұстаз тұтып, құрметтегенін айқын көреміз.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Болман Қарсақпайда болатын. Алпысқа келген қарт сүйікті Отанын жаудан қорғауға өз үлесін қосуға күш салады. Акындығымен, өзінің колхозға барып, еңбекке араласуымен де Болман қарттарға үлгі бола білді.

— Бейбіт еңбекте, шалқыған өлкеде жүрген адамдарымызға қанқұйлы фашистер ойранын ала келді ғой. — дейді Болман.

— Алғаш соғыс басталысымен-ақ Қарсақпайдың мыңдаған жастары Отанды жаудан қорғауға аттанды. Азамат екі ұлым Баймұқан мен Бірмұқанды жауға аттандырдық.

Шаруашылықтың тұтқасы — жастар елін жаудан қорғауға кетті. Мал бағу, егін салу, мыс қорыту — шал-кемпір, балалардың үлесінде қалды. Би-батша егінші болды, мен малын бақтым. Сол жылдары бірнеше рет айтыстарға түсіп сөздің өткірін жауды жеңуге арнадық.

— Болекең Ұлы Отан соғысы жылдары асқан

жігермен, отты шабытпен еңбек етті, — дейді сол кезде Қарсақпай аудандық газеті «Қызыл кеншінің» редакторы Ә. Әмірәлин. Ол күндіз мал соғында болса, кешке колхозшылар, өндіріс жұмысшыларының арасында болып, жалаңды үгіт — өлеңдерін айтады.

Майданда болып жатқан жаңалықтарды, жаудың беталысын раднодан тыңдап, елден бұрын біліп отыратын. Еліміздің батыс аудандарындағы өндіріс ошақтары уақытша жау қолында қалғанда, көмір, мыс, марганец өндіру тек еліміздің шығыс аудандары мен Қарағанды облысының үлесіне қалды.

Осы уақытта тығылтаян ашылған марганец руднигінің кені — совет жауынгерлерін оқ-дәрімен қамтамасыз етуде елеулі роль атқарды. Бұл тұста Болманның «Совет Армиясына», «Қызыл Армия күніне», «Көмірмен жауды көміндер» сияқты өлеңдері тылдағы еңбек адамдарын рухтандырып отырды. Ақын көмірдің Отанды жаудан қорғауда маңызын айта келіп:

Алпыстан астым мен Болман,
Жасымнан жыр толғанғап.
Ел көшкенде мен көшіп,
Елмен бірге мен қонғам.
Ел мұңына ортақ боп,
Ел шаттанса шаттанғам.
Ел аттанса майданға
Мен де бірге аттанғам.
Аттанғанда майданға,
Жүректе бір сөз сақталған.
Талай жау болды тас-талқан.

Талқандалады тағы да,
Мынау жау да бас салған.
Қарағанды алыбым,
Қарайды саған халығың.
Бір тонна көмір кем берсең,
Қалмайды менің сабырым.
Сыйласаң ақын атанды,
Шахтер қорға Отанды!
Жең десең жауды көмір бер,
Берейін арнап бағамды.
Қорламасаң ананды,
Ойласаң, бөбек-балаңды.
Жеңуге жауды көмір бер!
Көмірмен жауды көміндер!

Ақынның бұл сияқты жалынды, патриоттық өлеңдері от шашып, жалын құсқан сұрапыл жылдары облыстық, аудандық газеттерде жиі басылып тұрды. Алпыстан жасы асқан қарттың белін бүгін еңкейткен де осы сұрапыл соғыс еді. Ел басына төзген ауыр сын, оның үстіне майданда ерлікпен қаза тапқан, бауыр еті екі баласы Баймұқан мен Бірмұқан Болманды еңкейтті. Алайда елін, жерін сүйген сүйегі асыл қарт уайым тұңғнығында қалған жоқ, жауға деген өшпенділігін арттыра түсті. Еңбектің жемісі-жауға оқ, қыннан шыққан қылыш деп түсінген қарт құлшына еңбек етті.

Бойдағы қайғыны өлеңмен жұбатып, ел сенімін ақтап, Отаны үшін өмірін құрбан еткен екі баланына арнап ұзақ өлеңдер шығарды. Бұл өлеңдер ешжерде жарияланған жоқ. Ақынның өз қолында сақтаулы. Онда ел сүю, ерлік өте шебер баяндалады.

Ұлы Отан соғысы жылдары ауданаралық ақындар айтысын ұйымдастырып, оған басшылық еткен де Болманның өзі.

— Сол жылдары майдандағы жауынгерлерге елден көмек жинауға аудан басшылары маған арнайы тапсырма берді, — дейді қарт ақын. Жауды жеңуден халық несін аяушы еді. Барын ортаға салды аудан еңбеккерлері. Өзімнің еңбегіме тиген 2400 сом ақша мен 100 қойды Отан қорғауға көмекке бердім.

Міне, осылайша жауды жеңуге қолдан келген күш-қуатты аяған жоқпыз. Қол ұзамай күткен күн де жетті. Гитлершіл фашистердің тізе бүгін, соғыстың жеңіспен аяқталғанын естідік.

Соғыс бітті деп екі қолды қусырып отыруға бола ма. Бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру, ел байлығын тасыту міндеттері тұр. Соған әл-шама келгенше араласу керек.

Рас Болман ақын өзі жақсы біліп отырған бұл міндеттерде бейтарап қалған жоқ. Аудаида ақындар айтысына басшылық етті. Хатқа түспей, ел аузында тарап жүрген өлеңдерін жинастырып, балаларына хатқа түсіртті. Ақынның Қазақстан Ғылым Академиясындағы жинаққа әзірленіп отырған өлеңдердің көбі осы жылдары жазылып алынған, шығарылған.

Өмірдің соңғы жылдарының өзінде аудандық «Октябрь туы» газетіне жиі-жиі өлеңдер беріп отырды «Май жыры», «Жарысқа кел», «Ұлы той», «Жырлаймын еңбек дастанын» сияқты өлеңдер

соңғы жылдарының жемісі. Акын өзі сүйген өнерінен бір сағатта қол үзген жоқ. Ол Қарсақпай көркем-өнерпаздарын тәрбиелеуде, жас акындарды баулуда жалыққан емес. Қарт акын өнерпаз ұландарды сан рет облыстық байқауға бастап апарып, жүлде алып берді. Осындай бір байқауда акын:

Сексеннен асқан жасымда,
Қатардан қалмай келемін.
Қайта туып жасарып,
Болды менің дегенім.

Еңбекке дарқан ерлерім,
Ғылымға тапқыр зергерім,
Жасартқан менің жанымды,
Жаңалық ісің сендердің, —
деп жыр маржанын ағызды. Акынның бұл сөзі шындықтан алынған, өте дұрыс. Себебі Жезқазған, Қарсақпаймен қоса жасасып келе жатқан қарт жырау елімен жерімен қоса өмір сүре бермек.

Болман Қожабаев өзінің табиғат берген талантының арқасында үлкен құрметке бөленді. Елің мактаған, елінің зор байлығын мактаған суырып саама сөз шеберін халқы да ардақтайды.

Ауыл шаруашылығы өрендерін жырға қосып, оның мол табысын мактан ете айтумен қатар, Болкең өнеркәсіп тақырыбына да көптеген шығармасын арнады. Ол Қарағандының көмірін, Қарсақпайдың мысын, Жезқазғанның рудасын, Теміртұнды шойының, Балқаштың бай кенін мактап ете жырлайды:

Қарағанды қарқынды,
Көмірден сокқан алтынды.
Қарсақпайдың түтіні
Көкке өрлеп шалқыды.
Теміртауым, Балқашым,
Асылдан таққан алқасың.
Құлазыған даланың,
Қорытып жатыр тау-тасың.
Жезқазғаным — жаннатым,
Самғайды көкке қанатың.
Қаршығаша қомданып
Жырлайды оны қарт ақын!

Қарт ақын жырлаудан жалыққан емес. Адымы қалыбында. Аршындап, құлашын кең созады. Әдісіме үстінде ол:



Болман мен ұлы Нұртай.



Болманның отбасы: бәйбішесі, баласы мен келіні және немерелері.



Ақынның немересі Қыдырәлі әнші.

— Бәрінің де орны толды. Екі бала соғыста өлсе, оның соңын алты немерем басты. Зеріксем немерелеріммен ойнаймын. Нұртайым халық қатарлы еңбек етіп жүр. Мына бір Қыдыралі деген жаманым домбыра тартып, ән салады. Осыдан үмітім бар, — деді ол, үшінші класта оқитын немересін көрсетіп.

Иә, ақын қартайып, өлең шығарудан тайбайтын реті де бар. Ол-ел құрметтісі. Халық ақыны. Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі. Сан рет еңбегі жоғары бағаланып, облыстың, ауданның жүлдесі берілді. Бірнеше рет аудандық Кеңеске депутат болып сайланды.

1965 жылы қарт ақын 85-ке толды. Ол саналы өмірінің 70 жылын өлең жырға арнапты. Бүгінгі өскелең өмірімізді, бақытты тұрмысты жырлауда оның үлесі бар.

Ақынның мүшел тойын Жезді ауданының село еңбеккерлері мен Қарсақпай — Жезқазғанның металлургтері мен кеншілері кең түрде тойлады. Осы салтанатта ақын Болманның әні мен жалынды жырын тыңдаған замандастары, жас шәкірттері юбилейімен құттықтап, оны творчестволық табысқа жетуіне жүрек түкпірінен шыққан игі тілектерін білдірді.

Болман ақынның өзі тәрбиелеген көптеген шәкірттері бар. Соның бірі газет қызметкері Кобейсін Еңсебаев ақынға арнаған өлеңінде:

Халқынменен бірге жасап келесің,
Әлі де көп нұрлы өмірге бересің.

Еркін жүзіп «шабыт» деген теңізде,
Меңгергенсің ақындардың кемесін.
Акын ата, шынын айтсам алыпсың,
Күрестіңіз қамы үшін халықтың.
Жырыңызбен қалың казак елін,
Туған жердің қасиетін таныттың.

Кен арқаны күйіңменен ояттың, —
Гитлерге де өлеңменен оқ аттың
Шыққанына өз жеріңнен шаттандың
Темір, мұнай, мыс пен көмір, болаттың.

Қарт та болсаң, жас жігіттей шалқыдың,
Толастатпай өршіл өлең қарқының.
Жүрегімнен жаңа туған жас жырым,
Бұл мүшелді тойыңызға тартуым.

Біз бұл әңгімеде қарт жыраудың өмір өріндегі
бел-белес пен асуларды өзінің аузынан естіп қысқа-
ша баяндадық. Соның бәріне Көбейсіннің осы өлеңі
қорытынды іспетті. Өзін Жамбылдың шәкірті
санайтын Болекен де өмір өрін Жамбылша самғап
дамылсыз еңбек етті.

ӨМІР ЖЫРШЫСЫ

Өмір мен жыр егіз. Адам өмірінің сан-салалы қалтарысы әрқашан от жүректі ақындардың өлең жырына арқау болған. Біздің еліміздегі өзгерістерге, республика адамдарының еңбектегі жаңа табыстарына дер кезінде өзіндік талант-қуатымен үн қосып келген сондай от жүректі ақындардың бірі-халық ақыны — Болман Қожабаев.

Болман шығармаларының деңі-саяси қоғамдық лирика. Ақын мұндай лирикалық өлеңдерінде өзінің бет-бейнесін танытып отырады.

Отан ананы сүйю—әр азаматтың ардақты бәріші. Міне, бұл Болман ақынның да терең идеялы, өлеңдерінен халқымыздың бел-белестерден асу кезеңдерін көреміз. Ол өмірге енген әрбір жаналықты жақтап, етектен тартқан ескінің қалдығын аяусыз шенейді. Еліміздің ілгері басқан адымына кесе-көлденең тұрған кедергіні аяусыз әшкерелейді, бұқараны күреске, еңбекке, патриотизмге шақырады.

Болман өлеңдерінің тақырыбы әр алуан болып келеді. Ол Отанын, оның сарқылмас байлығын ересен күш-қуатын, халықтар достығын өз жырларына арқау етеді.

Кейде ақын кешегі өткеніне көз жіберіп, оны бүгінгі көргенімен салыстырады да, Қазақстанның қарышты қарқынын орынды мақтаныш тұтады.

Ақын әрқашанда өмірдегі болып жатқан өзгерісті, елеулі жаңалықты көріп, сезініп отырады. Ша-

бытты-шалқар ақын жаңағы өзекті мәселелерді өз шығармаларына арқау ететіндігі заңды құбылыс.

Болман да сол бір өмірден туған жаңалықтарды дер кезінде шабыттана жырлап отырды. Өмір талабына сай жалынды өлеңдерімен адамдарға рухани азық бере білді. Қожабаев бала жасынан еңбек адамдарымен бірге өсіп, солардың қалың ортасында болған ақын.

Түсті металлургияның алыптары Қарсақпай-Жезказған өндірістері ақынның көз алдында өсті. Оның ірге тасын қалаушылардың бірі Болман осы ұлы құрылысқа жырымен де, білегінің күшімен де белсене қатысқан. Сондықтан да өзгерген өлке, алып өндіріс, сәулетті қала, гүлжазира дала ақынның шабытын тасытады. Ақынның туған өлкесіндегі елеулі өзгерістерді дер кезінде мақтанышпен жырлауы ізгі ниеттен туса керек.

Болман еліміздің басынан өткен әрбір кезеңдеріне үн қосқан кең тынысты ақын. Оның өлеңдерінде қамтылмайтын мәселе кемде кем.

Жоғарыда біз ақын гүлденген өмірді, жайнаған өмірді, өркені өскен елді, байлығы шалқыған Отанды жырына арқау етеді дедік.

Бұрынғы құлазыған құба жон, құлан өтпес шөл күт-береке жиделібайсыңға айналды. Онда еңбектің ұлы дүбір, қағылып, жердің ұлан-асыр байлығы ел игілігіне пайдаланылуда.

Өлкеміз толды егінге
Мал сыймайды тебінге.
Қойнауын жердің қопарып,
Алдық асыл кенін де.
Қала, завод орнады,
Қарсақ кезген жеріме.
Атылып оқша айға ұштық,
Асыр сап әлем көгіне

Атоммен жарып мұз тауын,
Қыстадық мұхит төрінде.
Ерлік еңбек дабылы
Осындай ауыл елімде.
Осы бір ұлы күндерде,
Делебем қозып менің де
Домбырамды алып қолыма
Қарай берем Ленинге
Орнаған мәңгі көгімде.

Болман өлеңдерінің негізгі тақырыбының, енді бірі-- Отанды сүю, халық алдындағы азаматтық борышты өтеу, патриоттыққа үндеу. Бұл саладағы ақын творчествосы өте жемісті. Қазір есте сақталмаған, тым ертеректе жазылған өлең-жырларын былай қойғанда соңғы жылдары шығарылған өлеңдерінің өзі біршама. Мысалы «Жезқазған», «Сүйікті Отан», «Советтік болат құс», «Совет Армиясына», «Қазақстанның 30 жылдығына», «Толғау» т. б.

Ақын өз Отанының ұлан байтақ жерін, оның саркылмас мол қазынасын мақтанышпен жырлайды. Ол «Сүйікті Отан» деген өлеңінде:

Жерім бар жібектен тыс барқыт киген,
Табиғат тәжім қылып басын иген.
Сары алтын жатқан іші - кең қазына
Жүректен шын құмартып, жаным сүйген, —
деп Отанына деген сүйіспеншілігін алдымызға бүкпесіз жайып салады да, оның бай табиғатын:
Терістік қалың Тайга орманы ну,
Көгеріп қысы жазы күн тимеген.
Батысым, орталық пен егінді алап,
Бадана бастарынан дән иілген.
Спикты Қлыр шығыс қор сарайы,
Мызғымас көк сауыттан құрыш киген.
Түстігім қазынаның тұрған кілті,
Алады қалағанын қолы тиген, —
деп шабыттана жырға қосады.

Талай сұрапыл кезеңдерде Отанды жан аямай қорғаған әлемде бұрын-сонды болып көрмеген ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен Советтік Қызыл Армияға ақын былайша тамаша өлең жолдарын арнайды.

Советтік Армиямыз-ұлы Армия,
Жайдары жарқын жүзді жылы Армия.

Көз тіккен дұшпанына мейірімсіз,
Атақты жер жүзінде бір Армия,—
деген бір шумақ өлеңді алайық. Қандай дәл, әрі
шебер айтылған. «Жайдары жарқын жүзді жылы
Армия» деген жолдарға бейбітшіліктің берік сак-
шысы-советтік Армияның бүкіл қадір-қасиеті
дүние жүзі халықтары алдындағы ұлы тарихи мін-
деті түгел сиып тұрған жоқ па! Иә, ол досқа жылы,
мейірбанды. Ал, дұшпанға қатал, мейірімсіз. Сон-
дықтан ол жер бетіндегі ең атақты Армия.

«Қазақстанның 30 жылдығына», «Қазақстанның
40 жылдығына», немесе «Шаттансын халқым, шат-
тансын» деген өлеңдерінде акын алғашқы ой-
ына қайта оралып соғып отырады. «Шаттансын,
халқым шаттансын» деген өлеңінде:

Түнекті түріп, таң қылып,
Жарық берген күнімсің.
Патшаны тақтан тайдырған,
Бостандық берген пірімсің, — дей келін,
Мал симайды өріске,
Таңдаулы ерлер баққан соң.
Далам толды егіске,
Тың игеріп ашқан соң.
Қала, ауыл көркейді,

Ильич шамын жаққан соң,--
деп қол жеткең табыстарды, жаңарған өлкені-ел
ырысын шеберлікпен жырға қосады.

Әркімнің туған өлке-мекені өзіне ыстық, өзіне
қымбат. Болман да ата мекені Қарсақпай, Жезді,
Жезказған сияқты еңбек ордасын, оидағы атақты
Еңбек Ерлерін мақтан тұтады. Жастарды өз жерін,
өз мекенін сүйеге, еңбек адамдарын қадірлеуге,
құрмет тұтуға, солардай болуға үйретеді.

Мақтансам сия берер-кен ордасы,

Өмірде қымбат онын көкшіл тасы.

Сол кеннің белгісі боп көрінеді,

Жай тұрған тауларының ұшар басы, —
дейді ол «Жезказған» деген өлеңінде.

Болман өлеңдерінің ауқымы кең. Ол кені айтып
нені жырласа да шын көңілімен тебірене жырлай-
ды. Және айтпақ ойына сай қажетті образды сөз-
дер мен теңеулерді таба біледі. Оның ақындық
қуаты мен шеберлігі де міне осында болса керек.

Ақынның көңілін қозғамайтын құбылыс жоқ.
Ол сүйікті халқымыздың әрбір жаңа табысына
балаша қуанып отырады.

Зор қуаныш кернеген,

Көрсін анық көрмеген.

Болат құсы өмірдің,

Көкке қарай өрлеген,

Ай бетіне қонған соң
Айқындап көрді сенбеген, —

деп ол «Советтік болат күс» деген өлеңінде 1959 жылы Советтік вымпелдің тұңғыш рет Айға жеткізілуіне байланысты шаттана үн қосса, «Бүгін халқым сайлайды» атты өлеңінде:

Жаңалығым жайнаған,
Қуантады жүректі.
Қиындықтан таймаған,
Ұл-қызым құрыш білекті,
Бүгін халқым сайлайды.
Енбегі ерен батырды, —

деп тең құқылы сайлау системасын орылды мақтаным етеді.

Қазіргі дәуірде бейбітшілік мәселесі заманымыздың ең келелі мәселелерінің бірі болып отыр. Мұның өзі тарихи қажеттілік екені анық. Адамзат баласының қолында бірін-бірі жаппай қырып-жойтын қару-жарактың болып отырған жағдайында бұл мәселеге немқұрайды қарауға болмайтындығы өзінен-өзі түсінікті.

Сондықтан да ақын Болман «Бейбітшілік» деген өлеңінде:

Тілейді тыныштық жөргегінен,
Халықтың бесіктегі жас баласы- — дейді.
Бірақ у жеген қасқырдай құтырған жау алда-жалда тиісер болса, онда: «Жолына тыныштықтың жан қиямыз» деп сол тыныштық үшін екінші кайтып, адамзат баласын қырғынға ұшырататын қанқұйлы соғыстың болмауы үшін халқымыздың еш

книндықтан қашпайтындығын ескертеді ол.

Патриот акын Отанын шексіз сүйеді, өзінің жалынды өлең-жырларымен оның ұлылығын айтудан жалыққан емес. Ол Отанын өзіндей сүйеге, оны кастерлеуге ұйретті.

Болман — еңбек тақырыбын да шабытпен жырлай білген акын.

Акындық асқан шабытпен,

Жырлаймын еңбек дастанын, деп, оның өзі айтқандай, республика адамдарының жасамиаз елбегін, олардың еңбектегі, қуаныш-сүйінішін жырлаудан Болман акын жалыққан емес.

Қазақстанның, одан қалды достастық елдердің жүріп өткен барлық кезендерін акын көз алдынан өткерді. Болман ақсақал қазақ өмірінің бұрынғысын да, кейінгі кеңес дәуірін де жақсы біледі. Әкесі Қожабай кісі есігінде өссе, өзі жастық шағында жалшылықтың, кедейліктің зардабын мол шекті.

Құлазып жатқан жапан далада қалалар орнан, фабрика, завод үш аймақты өндіріс күйіне бөледі. Ондаған мектептер ашылып, халықтың терең білімге қолы жетті. Міне, осының бәрін өз көзімен көрген Болман акын әлемді тандандырған ұлы өзгерістерді шабыттана жырлады. Сондықтан да ол «Май толғауы» деген өлеңінде:

Сөз маржанын тізейін,
Шығарып жырды жадыман.
Аянайын несіне,
Еңбекші ерен табыман.
Кеудем толы ән мен күй,
Ұлы күні ұлыстың

Не айтам деп тарылман.
Шат тұрмыс, табыс береке,
Ерлік еңбек елімде,
Айтуға өлең табылған, —
деп орынды мақтан етеді.

Иә, халықтың ұлан-асыр табысына шаттанба-
ған ақын-ақын ба! Өмірдің шежіресі Болман
ақын ел байлығын, жер байлығын айтуда өлең-
жырды тасқындата түседі.

Өлкеміз толы өндіріс,
Фабрик, завод, шахталар.
Тонналап кені ағылған.
Жерді игерің тың жатқан,
Вагондап астық артқыздық
Колхоз-совхоз бағымнан
Жердің жүзін қойғанда
Аспандағы Ай сұлу
Отандық алқа тасыйған, —
дейді ол сөз маржанын нәсерлетіп.

Болман ауыл өмірін, колхоз-совхоз еңбеккерле-
ріне жасампаз ісі мен мол табысын өз жырларына
арқау етіп отырды. Солардың ішінде айрықша
көңіл бөліп, назар аударуды қажет ететіндері де
көп. Мысалы, жоғарыда талданған «Май толғауы»,
«Майдың айы», «Толғау», «Жайлауым», «Мен шат-
танамын өмірге», «Жаз айы», «Балажезді колхо-
зына», «Жарысқа кел» т. б.

Ақын жұртшылықты еңбекке жұмылуға, мақсат
үшін күресуге, табыстан-табысқа жетуге шақыра-

ды. Мұндай өлеңдерінің үгіттік мәні өте күшті. Болман «Жаз айы» деген өлеңінде:

Жаз келді жарқыраған ызғарды айдап,
Мал төлдеп, салды егінді... еңбек кайнап
Жарыста социалды қыздырайық

Табысты колхоз-совхоз біздің аймақ, —
дей келіп, егіннен мол өнім алуға, техниканы күтіп
пайдалануға, мал басын өсіруге шақырады. Сол
секілді «Мал өсірген мамандарға» деген өлеңінде:

Сақта қыстан малынды,
Мал келтірер сөйледі, —

деп малдың ел ырысы, халық дәулеті екенін айта-
ды.

Өз заманын мен, өз табынның жыршысы болу —
азаматқа үлкен борыш болса, сонымен бірге ол
ақынға үлкен міндеттер де жүктейді. Бұл жағы-
нан алып қарағанда Болман ақын өз міндетін абы-
роймен көтеріп келген нағыз азамат. Отаны, халқы
дегенде, оның әлемді таң қалдырып отырған ере-
сен еңбегі дегенде Болман сөзге қысылмайды.

Толтырып миллиардты мыңды айдаған,
Ауылым шалқып жатыр құм жайлаған.
Сексенде жасым құнап жасарғандай,
Кеудемде күмбірлейді жыр кайнаған, —

деп «Жайлауым» деген өлеңінде елімен бірге өзі-
нің де бірге жасарып отырғандығын айтады. Хал-
қы сүйіп, қадір тұтқан ақынның қуанбасқа, тасы-
масқа қакысы бар ма: сондықтан да ол осы өле-
нінде:

Карақұм батыстағы бір жерұйық,
Керілген кербез төсі күнге күйіп.
Жүз мың қой алқабына снып кетіп,

Жатады жер ана күнде піп, —
деп шалкиды. Сондықтан біз акынның:
Бір кеңесті бастадым,
Тыңда халқым, достарым.
Сексен беске келсем де.
Жігіттеймін — жас жаным.
Жырға арқау етемін,
Байлықтың шалқып тасқынын,
Өмірім дарқан тамаша
Күмістей мөлдір аспаным.
Озаттарым асырып,
Жүр орындап жоспарын
Еңбектің алғы шебінде
Ұл-қыздарым жастарым.
Акындық асқан шабытпен
Жырлаймын еңбек дастанын, — дегеніне
қалтқысыз сенесіз.

Жоғарыда біз акынның өлең-жырлары көтерген негізгі мәселелерін сөз еттік. Алайда акын творчествосы осы аталған мәселелер ауқымында ғана екен деп түсінбеуіміз керек. Шынында, акын творчествосының ауқымы кең. Ол өмірдегі күйкі құбылыстардағы мәңгі болып тұратын өлім мен өмір мәселелерін барынша мол қамтыған акын. Бұрынғы акындар дәстүрінде ол жастық, қарттық шақ туралы ғана жырлар боп келеді.

Ертедегі жыраулардың бұл тақырыпты — жастық-қарттықты жырлауы бір басқа. Олар жастықты шомалап тыс әсірелеп қайрат күш тек адамның өзіне ғана керек деген ұғымды баса көрсетті. Болманның жырлауында ақыл, қайрат халық игілігіне, адамның бақытты болуына арналуы керек. «Жастық» деген өлеңінде:

Жиырма бес ақыл-қайрат бірдей болып,
Ақылың жеткенінше қарыштайсың.
Отызға келгеннен соң дүние жинап,
Ата-ана туғандардан алыстайсың.
Жарастық жақсы болу халықпенен,
Шындыққа кім жетпейді анықпенен.
Халықтан алғыс алсаң — бақытың сол,
Қаранғы бірдей болмас жарықпенен.

Өмірдің мәні өзінің құлқыны үшін ғана еңбек етпей, халық үшін, еңбек ету. Сонда сен ел құрметіне бөленесің, азаматтық, борышыңды ақтайсың деп түйеді ақын өз ойын.

Ақышның «Маскүнем» деген өлеңі кейбір азаматтардың басында кездесетін күйкі құбылысқа, яғни ішкілікке салынып, үйде семья, түзде қызметте жолдастарының шырқын бұзатын бейшара жаңдарға арналған.

Коймай арак ішетін,
Не болды сонда көргенің.
Ырғия қылсаң ақылды,
Қатардан қалып өлгенің.
Қанша жақсы болсаң да,
Далаға кетер еңбегің, —

деп, арақтың кісінің беделіне, дәрежесіне қарамайтынын, қандай мықты болсаң да жарға жықпай қоймайтынын ескертеді.

Болман өмір тынысынан артта қалмай, өлең-жырына жаңалықты арқау етіп отырған. Оны Болманның өмірінің соңғы кезінде шығарған өлеңдерінен анық көруге болады. Солардың бірі «Өмірім жарық» деген өлеңі.

Не жүйрік, не бір шешен топтан озған,
Кен байтақ сар далаға құлаш созған.
Өмірдің өлен шіркін қазынасы,
Тер шығып шапқан сайын тарланбоздан.
Шіркін-ай, әркімге ыстық өмір деген,
Тербетсең, тәтті жырды көңілменен.
Белгісі ардақты адам көрініп тұр,
Мас болып табысына семірмеген.

Бұл ұзақ өлеңнен біз мысалға келтірген осы екі шумақта ақын жүрегі сезініп тұрғандай. Ақын осыны айтып отыр.

Бұл өлең жолдары халыққа бергені мол, ыстық жүрек сезімі суымаған қадірлі азамат ақын, де-бізін танытады.

БОЛМАННЫҢ АЙТЫСТАРЫ

Айтыс өлеңдері қазақ ауыз әдебиетінің ежелгі жанларының бірі. Қазақтың байтақ сахарасында кең тарап, жұртшылықты сүйсіндірген көркем сөз сайысы. Ертеде театры жоқ көшпелі елдің рухани азығының бірі айтыс болды. Қазақ елінің арасында акын-жыршысы, әртісі де, өнсе айтар ақылшысы да, сыншысы да, өткен күнін бейнелейтін тарихшысы да еді.

Айтыстың бәрі бірдей емес. Олар кемелгер акындар айтысына байланысты түрліше боп келеді. Біржан айналасында әншілік ескі салтқа наразылық білдіру сарындары, Сүйімбайда батырлықты жыр ету және сатира сипаттары басым. Айтыс арқылы да еліміздің қоғамдық санасы сарапқа түсіп отырды.

Керітартпа өңсіз өмірдің өнегесіз өрнегін үстем тап жыршылары Құлманбет сияқты акындарға жырлатса, халық оған қарсы Жамбылды айтыстырады. Айтыста да адалдық, ерлік, халыққа тән адамгершілік қасиет жақталып қанаушы органның жалқау да, жауыз әрекеттері сыналады. Сөйтіп айтыс та өзінше өмірге араласады. Реалистік әдебиет қазынасын молайтады. Өмір поэзиясы бол қарыштай өседі. Әрине, бұрынғы дәуір айтыстарымен осы замандағы айтыстардың арасы екі алуан жер. Қазіргі айтыс акындарының түрі жағынан айтыс формасында болғанмен мазмұн, идея түгел өзге.

Бұрынғы заман акындарының айтысында көбіне ру, ата атынан сөйлеп, өз ру басыларын, байларын орынсыз дәріптеді.

Ал, қазіргі айтыс тақырыбы — өз дәуірі, уақыты, озат еңбегі, замандасы, мақтан тұтар азаматы боп келеді. Айтыс өнері кең тараған жанр болды десек те, оның мазмұны мен идеясы бірыңғай болған жоқ. Айтыс әдебиет жанрының бір саласы ретінде екі тапқа да қызмет етті. Бүгінде айтыста басқа әдебиет салалары сияқты жаңа арнаға түсті. Ол жаңа өмір тілегіне қызмет етіп, дәуірдің әрбір кезеңіне үн қосып келеді. Ақындарымыз елінің басына түскен тарих жүктерін бірлесе арқалап, еңбекші жұртшылықтың жанына шипа болар сөз

кестесін жасады. Мысалы, 1941 жылы 22 маусымда гитлершіл, фашистер елімізге ұрланып кірді. Бейбіт Отанымызға қауіп төндірді. Осы жылдары ер азаматтар қолына қару алып, жауға аттанғанда ақындар да қаламмен аттанды. Біздіңше осы тұста, айтыс жанры да жаңа даму белесіне көтерілді.

«Адамның ақылы мен еркіне әсері тиюде көркем әдебиеттің қызметі мен күші табиғи ғылымнан көп болмаса, аз емес», деп ұлы жазушы Горький айтқандай, ақындар айтысынан да Отанға деген еңбегі аз болған жоқ. Майдандағы жауынгерлерге, тылдағы еңбек ерлеріне болсын «Асыл сөз — арымас ат, абзал ақыл, тозбас тон, таусылмас азық» дегендей, айтыстың тигізген көмегі де мол болды.)

Бұл жылдардағы ақындар айтысы көмірлі Қарағандыдан басталғанды. Одан бүкіл республика облыстарына жайылды. Нақ осы кезде кәрі тарлап Болман айтысқа түсті.

Болман акын Ұлы Отан соғысына дейін де сан рет айтысқа түсіп, шындалып келген еді. Оның соғыс жылдарындағы айтыстары жаңа санаға көтерілді. Саяси бағыты күшейді. Осыдан акын айтыстары түгелдей газеттерге де жарияланып жатты.

Айтыс акындар үшін сөз таласы, сөз барымтасы, сөз майданы ғана емес. Ол ақындық өнер есептестіретін, жауаптаса отырып, білім шаркын айқататын жер. Сондықтан да айтысқа түсетін әрбір акын бұл жайды жақсы ұғынып, мол дайындықпен келуі керек. Бұл ретте айтысқа түсетін акынды С. Мұқанов бәйгіге қосылатын тұлпарға теңейді.

М. Әуезов «Жамбылдың айтыстағы өнері» туралы жазған еңбегінде шапшаң айтқыш, суырып салма акынды: «Қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, өткір өнер иесі». — дейді. Және «Шабыты келген ақпа акын бабындағы қыранға мейзеп, томағасын тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөл басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт еткен түлкі түгін лезде шолып қалғандай, айтыс ағымындағы ақпа акын да сондай көмескіні көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт. Бұл қасиет онай орындалмайды, ол шын ақпа акын өнеріне бейім болған күнде де ұзақ сонар жол көшіп, сан айтыста сілкіне жүріп, сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып келеді, — дейді.

Міне, Жезказған. Қарсақпайдың айтыс бәйгісіне қосып жүрген жүйрігі Болман қартта «сан рет жаға жыртып, тон тоздырып» айтыс өнерінде шын-

далған ақын. Оның 1914 жылғы Тайжан ақынмен айтысы М. Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы. Ақынның өз сөзіне қарағанда Иса Байзақовпен де айтысқан. Ол республикаға данқы шыққан Шашубаймен бірнеше рет айтысты. Осы сайыс өнерінде Болманның арқа сүйері, мақтан тұтары туған өлкесі Жезқазған, Қарсақпайдың табиғи байлығы, еңбек өрендері.

«Барлығы майдан үшін», «Барлығы жеңіс үшін» деген ұрандарды халық арасында кең таратушы, насихаттаушы халық ақындары болды. Болман айтысқан Шашубай ақын:

Дүниеде завод болса нелер алып,
Келемін баса көктеп артқа салып.
Ертектей елден елге аңыз болып,
Шығады Балқаш атым жерді жарып.
Өзендей ариасында қызыл мысы,
Өзінде күндіз-түні жатыр ағып, —

деп неміс фашистерін талқандауда Балқаш мыс комбинатының атқарған айрықша ролін дәріптейді.

Сол соғыс жылдарындағы ауданаралық бір айтыста ақын Нияз Ожанов өзінің туған жері мен мал байлығы туралы былай дейді:

Сияды мен мақтасам жарасымға,
Мал сыймай Ұлытаудың шарасына.
Отарлап отыз мың қой айдап салдым,
Торғай мен Тобыл, Есіл жағасына

Бұдан айтысушы ақын Болман да кем түспейді.

Ту тіккен Аманкелді Қызыл байрақ,
Жусатқан елдің жауын салып ойнақ.

Қопалы токсанкөлдін төсіне еніп,
Қаптаған колхоз малы жатыр жайлап.
Батырдың атындағы колхозыма,
Жыл сайын қосылады бір мың бойдақ.
Күндік төл жүз түйеге жүк болады,
Көктемде үш мың саулық бірдей қоздап.

Осы бір айтыстан алынған үзіндіден Отанымыздың шығыстағы мал базасы болып табылатын байтақ республикамыздың мыңғырған дәулетін, әсем тауларын, сылдыраған өзен — суларын жаныңмен сезініп, көзіңмен көргендей боласың. Туып өскен жерін үшін, оның еңбексүйгіш қарапайым халқы үшін кеуденді заңды қуаныш пен мақтаныш сезімі кернейді.

Ақын айтыстарының жырларын туған—өскен ел, жер байлығын, колхозды ауыл, кенді қала салтанатын шалқи жырлайтын осындай асқақ, әсем өлеңдерге толы. Ақын айтысы — жаңа өмір шындықтарын, тамаша игіліктерді мақтап жырлаумен ғана қадірлі емес, айтыстып аса бір құнды, әлеуметтік ықпалды қасиеті — айтыстарда өзара сын, мін тағылып, кемшіліктердің де әшкере, паш етілуі. Ақындар мадақ жырларымен өз қауымын шалқып көтеріп отырса, кемшілікті де жасырмай, ұялтып, қымсындырады да.

Бұл жайлар Болман мен Шашубайдың сайыс өлеңдерінен жақсы сезіледі.

Қай ақын Шашубайға шақ келеді.
Біреуге бас, біреуге бақ береді.

ТЭЦ-ініз алты ай бойы тоқтап жатты,
Байқоңыр көмір бермей, тас береді, —
деп Болманды шамдандыра, қытығына тие сөйлеп,
өндірістегі орын алған кемшілікті әшкере егеді.

Қатты қақтығыс үстінде Болман да Қоңырат ауданынан жұтқа ұшыраған малды Шашубайдың алдына көлденең тартады.

Талайдан Шашекемсің дәмін татқан,

Ел беті өрге басып келе жатқан.

Былтырғы өткен қыста білемісің,

Қырық үш мың мал жұтады Қоңыраттап.

Мұндай сөз семсерін шебер пайдалану арқылы ақындар аудандар мен қалаларда орын алған кемшіліктерді батыл ашып отырған.

БОЛМАН АЙТЫСЫНДАҒЫ ӨНДІРІС ТАҚЫРЫБЫ

Жаппай қазақ даласында қозғалысқа айналған айтыс дәстүрінің 1943 жылғы 13 маусымда Қарағанды қаласында, алғаш өндірістен басталуы кездейсоқ емес еді. Өйткені социалистік шаруашылықты өркендетуде ауыр өнеркәсіп жетекшілік роль атқарады. Сол бір сын сағатта көмір мен мыс Отан соғысының қажетін өтеуде ерекше маңызы болды.

Жауды жеңуге, армияны құрал.

Саймандармен камтамасыз етуге Қарағанды облысына жүктелген міндеттің үлкен екені белгілі. Сондықтан да өнім шығаруда кейбір кемшіліктерді батыл жою жолында айтыс күшті құрал еді.

Осы мақсатта 1944 жылы 1 тамызда Жезказған ақыны Болман Қайсабаев пен Балқаш ақыны Шашубай Қошқарбаев айтысты. Қарт Шашубай Совет Армиясының майдандағы жеңісін мақтан тұта отырып, осы ұлы істе екі алыптың үлесін жырлайық деп Болманды айтысқа шақырады.

Күшейтіп шабуылды майданда ерім,
Тазартып қасиетті кеңес жерін.
Қарыштап күнде алға басып барад,
Талқандап, бұзып-жарып жаудың шебін.
Ынтымағы жарасқан алуан ұлтты,
Кім орнынан қозғалтпак кеңес елін?!
Отан үшін, ел үшін, өмір үшін.
Жырлайық екі алыптың не бергенін
Сөйле ақын, серме құлаш, көсіл, қармаң,
Қапыда қалдым деме мына шалдан.

Алдағы аға, майталман жүйрік Шашубай сөз бергенде Болман ақын да жырды ағыза жөнеледі. Мыс, мырыш, қорғасын көмір — оның жырының арқауы.

Болғанда үзігі алтын, түндігі мыс,
Уығы, керегесі аппақ күміс.
Қазығы қорғасыннан алып үймін,
Жабылып қозғай алмас батыс, шығыс.
Мыс беріп қатер жаумен жұлысуға,
Сүрінбей шауып өткен ұлы сында.
Әрбірі әр завортай шахталарым,
Ақсақал, толар білем уысыңа, —

деп, өз өңірінің қазынасына шолу жасай келіп, оны ел игілігіне өндіруші еңбек озаттарын мақтанышпен паш етеді.

Атағы Алатаудай асқар әлі,
Жетерлік мың сан жауды жасқарға әлі,
Атқарған қырық адамның қызметін,
Алып жоқ Балмақаннан асқан әлі.

Бұрғышы кім білмейді Әйгеловті
Самғаса сан жарыста бәйгілікті
Бітірген айлық істі бір тәулікте,
Өнері ерлігіне сай келіпті.
Кімнің бар пар келетін Ақшаловқа,
Ерлікпен данқы шыққан кең шарапқа,
Нормасын жиырма адамның жабар еді,
Бір күнге еңбегінен енші алып та.

Сөз орайында Шашубай да Балқаштың еңбек ардагерлерін мадақтап, бірнеше жүлделілердің есімін атайды.

Батыр бар Азамбектей елге мәлім,
Жентектеп таудай тасты саздай сыққан.
Алыптан алып туған Өтебаев
Алдынан қаһарланса, жұмыс ыққан.
Тебінсе тегеуіріні темір үзер,
Нұржанов бір ұрғанда тауды жыққан.

Будан әрі Шашубай акын Балқаштың завод, фабрикасын, кен өндіретін рудниктерін жырға қосады. Өнім шығаруға пайдаланылып отырған құжатты техника да акын назарынан тыс қалмайды. Алайда нақ сол жылы Жезқазған Қарсақпай мыс өндіруде Балқаштан басым, алда болатын. Осы артықшылықты пайдаланған Болман:

Шашеке, енді нең бар мақтанарға?
Құрғақ, сөз бұта болмас паналарға.

Күз болдын, кеме болдын, акку болдын,
Ешнәрсе қалдырмастан басқаларға.
Үшсаң да мың сап тәудан ақнык боп,
Қайтсен де тең келмейсін біздің парға.
Мақтаған Қоңыратын жарты жылда,
Гоксанға проценті жетті зорға.

Өз кемшілігін тосыннан бетке айтқанда Шашубай ығып, мүдіріп отырмайды. Бірден сәнді, сәулетті қаласын мадақтай жөнеледі. Болманды Балқашпен таныстырады.

Төгіл жыр көмекейден сөйле тілім,
Болмандай келгенде іздеп ақын інім,
Жетектеп, жетегіме алайын мен.
Заводтың аралатып ойын-қырын, —
дей келіп, гүлге оранған көшені, жасыл желек жамылған қаланы аралай жөнеледі.

Жерім көп мақтанарлық неше түрлі,
Көрікті, сәнді қала қызыл гүлді.
Саялап самалында пран бақтың,
Кәрі-жас дем алады жаздығүні.

Балқаш алғашқы бесжылдықтардың жемісі. Оның өз алдында отау тігіп, қала атанғаны 1937 жылы. Ал Жезқазған болса, құрылыс салудан Отан соғысы басталып кеткендіктен, кенжелей қалды. Алып фабрика, су қоймасының 1940 жылы басталған құрылысы тоқтап қалды. Сәнді көше, сәулетті Сарайлар мен тұрғын үйлер орнай қойған жоқ еді. Бұл жағынан Болман дау айтпайды сондықтан. Осындай заңды себептерден Болман ықпайды. Салмақтасып келгенде табысы Шашубайдан кем емес.

Халқымен ұлы орыстың қанаттасып,
Өрледік талай асу қабатты асып.
Немістің техникасын талқан еттік,
Келсе де тоқсан тоғыз қабаттасып.

Ақын қорытынды сөзін жеңіліп бара жатқан жауды қууда халықтар достығының зор маңызына тұтады. Табыс көзі достықта екенін өте шеберлікпен баяндап береді. Шашубай ақын да айтыс соңында таяп келе жатқан жеңісті тездетейік, ол үшін табысты еселеп арттыра берейік деп жаңа мұраттарға шақырады.

Биылғы жыл табыс пен жеңіс жылы.
Биылғы жыл қалмасын неміс тірі.
Жаралы айуан қынсылап өліп бітеін,
Елімде желбіресін жеңіс*туы.

Болман ақсақал Жезқазған-Ұлытау төңірегіндегі көптеген жас ақындардың ұстазы дедік. Ол жастарды ақындық өнерге-баулып, айтысқа қатыстырады. Мереке жиындарда ақындар айтысы бұл төңіректе жиі өткізіліп тұрады. Онда ақын да совхоз атынан, өндіріс ошақтары атынан айтысқа түседі. Соның бәрінде де Болман басы қасында болып, айтыстың ұйытқысы бола білді. Осындай айтыс, 1945 жылы 10 қарашада Марганец руднигінің ақыны Нұртаза Айранбаев пен Болманның айтысы. Жезқазғанның атынан сөйлеген Болман қарт айтысты өзі бастап:

Өсірдім мың-мың жасты маман етіп,
Атымды түгел білді жер шарасы,
Тең жоқ СССР-ден мыс кенінен
Таусылмас ұлы қорым асыл тасы

Жауына ажал, халқына бақыт боптып,
Артылған қатырына дәрежесі, —
дейді:

Марганец рудингі Ұлы Отан соғысы жылдары академик Сәтпаевтың тікелей басшылығымен жетілдірілген ашылған кәсіпорын. Украина жеріндегі марганец өндіретін орындар жау қолында қалғанда, жауға, оқ болған Жезқазған өңірінің марганеці. Шұртаза ақын осы жайды орынды мақтан тұтады айтыс үстінде.

Асыл тасы Марганецтің жауға оқ болып,
Бірінші СССР-да күші батпап.
Бұл соғыс басталғанда мен де тудым,
Ішінде атағы зор Қазақстан.
Снаряд, бомбы, танк, оқ болып,
Күшімен марганецтің жау қиратпап.

Бұл салада Болманның да ауыз тастыра мақтарлық табысы бар: Ол-сан ғасыр жырласа-жыр, сан ғасыр қазса таусылмайтын-мысты Жезқазған.

Тұнып тұр Жезқазғанның кенге асты,
Сәтпаев ер Қанышым көзін ашты.
Жерімнің байлығымен жауды құртып,
Жетіске ұл-қыздарым табыспен араласты.

Айранбаев жаңа ашылған жас рудниктің ертеңінің зор екенін айта келіп:

Жылына жүз миллион сом үнемдедім,
Бұлдағы бір табысым мұны ұғып ал.
Ерегісsem бір Жезқазған құрып алам,
Жетеді запас тұрған қазыналар, —
деп шапқиды. Қатты қақтығыс үстінде ол Жезқаз-

ған шахталарындағы жалқаулардың есімдерін айтады.

Халықтың ақынысын көргенің көп,
Сөзіме құлағың сал риза боп.
Хосетов, Архиповпен екі жалқау,
Орындап жарты норма тұрғаны тек.

Нұртазаның орынды сынын мойындай отырып, Болман ақын Жезқазғанда маманның қаулап өскенін айтады. Табысты үдете түсуге еңбекшілер атынан үде етеді.

Санасам мың жарым бар екпінділерім,
Асады үш мыңнан да жеткіншегім.
Беремін уәдемді көп алдында,
Ілгері асып түссем, қалмай кейін.

Жоғарыда келтірілген айтыстар дәуір туғызған айтыстың жаңа түрі. Мұнда жаңа өмірдің шындығына сай соны образдар жасалып отыр. Индустрияландырылған қазақ даласындағы өндіріспен байланысты, сол өнеркәсіп атынан айтысқан.

Жезқазған — кен атасы, мыс ордасы,
Күнменен шағылысқан асылтасы.
Байлықтың қойнауынан балы тамып,
Анандай елжіреткен құз-жартасы, —
деп өндірістегі жаңа көріністі суреттейді. Мұның өзі ақын творчествосының кең арналы, бай екеуіне дәлел.

АҚЫННЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АЙТЫСТАРЫ

Қазіргі ақын айтыстарында әр ақын өз аудан, облысының игі жақсы жеңістерін, өз оргасындағы данқғы адамдардың еңбек ерліктерін мадақ етеді. Халықтың салтанатын, ел сәулетін жыр етеді. Бұл секілді әуендер Болман ақынның сайыс жырларынан айқын байқалады.

Ел ырысы-мал мен егін. Ауыл шаруашылығы базасының мол қорын жасауға өкімет күнбе-күн аталық қамқорлық жасап отыр. Халық дәулетін жасаушы ауыл-шаруашылық еңбеккерлерінің табысын мадақтап, үлгі ету, етектен тартқан кемшіліктерді көзге шұқып айту ақындардың қасиетті борышы.

Бұл игі міндетті Болман ешуақыт естен шығарған емес. Осы мақсатта 1960 жылы көктемде «Қарсақпай» совхозының ақыны Бегайдаров Серікбаймен «Байқоңыр» совхозы еңбекшілерінің атынан айтысқа түсті. Бірінші сөз алған Серікбай ақын:

Төрт түлік өлкедегі жатқан қаптап,
Өсірген сиыр-қойды аман сақтап,
Планнан асып түсті малдың басы,
Асырып сөйлемеймін өте мақтап,
Дүйсенбай екі Жезді жер анасы,
Көк майса көлемі өскен кең даласы,
Отар мен Қарақұмның өлкесінде,
Үйілген шоп пункт салған әр дарасы. —
деп совхозының малы мен жерін таныстырып отеді. Жер-ана. Ол адамның тіршілігінің қайнар көзі.

Жері байдың елі бай деген халық даналығы тегін айтылмаса керек. Болман да жауап сөзін «Байқоңырдың» шұрайлы жерін мадақтаудан бастайды.

Жарық пен Қоянқарта жер еркесі,
Төрт түлік өлкедегі жатқан қаптап,
Қарақұм бер жағында көп көл жағыр,

Совхоздың көпке тиген көлеңкесі.

Қызу айтыс үстінде Болман ақын асқақтап,
Серікбайды ықтырмақ болып, өзінің ақындық қуатын көрсете шалқиды.

Биікті мекен еткен қырандаймын,
Жарыстың аты шыкса тұра алмаймын.
Бүркіттей бөрі алатын ісім айғақ,
Тасытып тау суындай жыр арнаймын.

Алайда қырандай қылып еткенді бағып отырған
Серікбай «Байқоңырда» болған мал шығынын
ақынның алдына кескестейді.

Ақыным көп сөйледің мақтан етіп,
Жоқ дедің совхозымызда кем мен кетік.
Жазда өлген 310 қойды білемізін,
Келіңіз соны жоқтап, түгендетіп, —

дегенде. Болман:

Бірлік, күш жасай берсін тілектесім,
Серікбай айтып өтті совхозының барлық
ісін.

Мен-дағы сөзіңізді қарсы аламын,
Ежелден қайсар туған жүректесім.

Облыс аудан бойынша талай қиын жарыста оза шауып бәйгі алып жүрген Болман ақын 1961 жылы

республика астанасында болып, Қазақстанның 40 жылдығы құрметіне өткізілген акындар айтысына қатысты. Дүйім республика халық акындары мен Қазақстан акын жазушыларының сынынан өтті қәрі тарлан. Сексен бір жастағы қарт үлкен жүк — туған облысының 40 жылғы табысын арқалап барды астанаға. Бұл сапарда Оңтүстіктің жезтандайы Желеу акынмен сөз сайысына түсті.

Айтайын елім менен жердің жайын,
Көп созып сөз аяғын не қылайын.
Ұлытау, Қарқаралы қатар жатқан,
Ағызып төрт түліктен малдың майын.

Қарағанды -- Қазақстан босағасы,
Олардың бірдей өскен мал мен басы.

Бұл орайда Желеу де сөзге тұтылмайды. Оңтүстіктің шалқар байлығын жырына арқау етеді.

Оңтүстік облысы үлкен орда,
Байлығы таусылмайтын ескі қорда.
Байқайсың, есітесіз көрмесен де,
Табыстың барлық түрі жатыр сонда.
Елім бар күміс қазан, алтын қасық,
Алтынды күнде ұстаймын жалтылдатып,
Бере алмай алтын түгіл көмірінді
Сіз отырсыз планды кейін тартып.

Бұл жерде Болман да Желеуге есесін жібермейді. 1960 жылы оңтүстік облысы қойдан үлкен шығынға ұшырап, жұтқа киліккенін, онымен қоса мақтадан да борыштар болып отырғанын ашып айтты.

Әй, Желеу, жас бала едің біледі деген,
Ер күшін еңбекпенен білектеген.
Айтқаны бұрынғының осы емес пе,
«Жығылған, сүрінгенге күледі» деген.
Айтайын жұмысыңды сынап тағы,
Ақын да сөз аяғын ұзатпады.
Он жеті мың бас қойын былтыр өліп,
Сенделіп адамдарың бұлғақтады.
Тағы да айтып өгем мақта жағын,
Мақтамен сен де шырақ не ақтағаның.
Былтыр да борышыңды толтыра алмай,
Осы ма маған әкеп сақтағаның.

Желеу ақын өз облысындағы еңбек озаттарын
және батырлардың есімін мақтан етеді. Өзі батыр,
өзі жазушы Бауыржан оңтүстіктің түлегі дейді.

Жұмыстың басқарамыз ауыр жағын,
Көздейсіз жеңу үшін тәуір жағын.
Бар болса батырыңды тағы айтып бер.
Осында, Алматыда Бауыржаным.

Болманның да сүйсіне атайтын ерлері, батыр-
лары бар. Реті келгенде іркілмей жырлап кетеді.

Шопан ер, естіп пе едің Мұқан ерді,
Неше рет осы топқа талай келді.
Омырауда қос орденді жаркылдаған,
Шіркін-ай жақындатқан алыс жерді.
Жүз қойдан он мың қойды өзі өсіріп,
Осындай бір тамаша өнім берді.
Жібермен бұл жарыста намысымды,
Өсет-үлгі берген талай жаңға
Мен-дағы айтып өтем Қауынымды.

Міне, осы сияқты ауылшаруашылық тақырыбындағы айтыстарда: мәдениет мәселесі, шаруа жайы, еңбек өнімі, мал өсіру кеңінен сөз етіліп, кемшіліктер сыналды. Жоғарыдағыдай өндіріс, ауылшаруашылық тақырыптары деп ажыратуымыз — шартты түрде болу ғана. Себебі ақындар айтысында көптеген тақырыптар ұштасып, араласып, тұтас тұлғаға айналады. Онда патриотизм де, Отанды қорғау да, ерлік те қабаттасады. Кей жағдайда халықтар достығы айтыстың арқауы болып келеді.

Біз Болман ақын жас кезінен бастап айтысқа түскен едік. Онда ескі рушылдық бағыт басым және ақынның ой аршыны да саяз. Әрине, сауатсыз, қараңғы қауымның ортасында өскен Болманға қатаң талап қоюға да қақымыз жоқ.

Ал, оның бүгінгі айтысы — жаңа түр, мазмұн тапқан. Өндірістің алдыңғы қатарлы адамдарын мақтау, кемшілігін ашып айту деген ұяқен арнаға келгенде оның жақсылық тұрасындағы ұғымы, сын таразысы да өзгеше.

Айтыстарда жырланатын адамдарды, олардың ерекшелік қасиетін жөке басы емес: қоғамдағы ең бегі, орны айқындайды. Айтыс әдеуметтік жағдайды танытады. Осы жайлы Болманның жақсы түсінетіндігі айтыстарында көрініп тұр.

Халық поэзиясын жасаушы — халық ақындары. Олай болса бұқараның творчестволық қабілетіне кең өріс ашылған біздің заманымызда өнердің қай түрін алсақ та бұрынғыдан әлдеқайда ілгерілеп кеткенін көреміз. Ендеше Болманның творчасы жөнінде де осыны айтуымыз керек.

Тақырыптың актуалдығы — халық ақындарының творчасына тән қасиет. Қай бір халық ақынын алсақ та өлеңінде көптің көкейінде жүрген мәселені айтқанын көреміз. Олар жаңалықты да көргіш. Бұл қасиет Болманның қанына берік сіңген. Ол радио арқылы жаңалықтарды тындап, келеді мәселерді қолма-қол жырлайды. Мұның өзі Болманның жаңалық жаршысы болу міндетін ұғып, поэзияның парменді үгіттік қуатын түсіне білгендігіне дәлел. Оның өлеңдерінің тақырып жағынан кең болуы да осыдан тұса керек.

Болман ақының творчасылық жемісті жылдарының өзі Отан соғысы тұсы және одан бергі кезең. Ол одан бұрын неге өлеңді аз шығарған деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Меніңше, оған басты себеп — оған бағыт беріл, көмек көрсетудің аздығы. Жезказған ақыны Ә. Райымбеков:

— Болекен көп желпіне бермейтін бұйығы адам. Өз бетімен мынаны орындаймын деп құлшына қолмайды. Ал алған ісіне өте тпияқты. Отан соғысы жылдары ылғи да бірге болып көптеген өлеңдерін хатқа түсірдім. Болман айтысқа түскенде домбыраға қосылып отырып, қыза келе жырды түйдектете ағызады. Нағыз айтыстың тайпалса су төгілмес тарланы, — дейді.

1963 жылы баспадан шыққан «Ақындар жыры» атты кітапта «Осы күннің өзінде республикамызда жұртшылыққа танылған жүз елудей халық акыны бар» деп жазылған. Соның алғы легінде Болман да бар. Халық творчествосы ешуақытта саркылмайды десек оны жасаушылардың қуатты тобы халық акындары ғой. Ендеше Б. Қожабаев та халық творчествосының төлізіне қосылатын саркылмас қайнар.

АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТІЛ ӨРНЕКТЕРІ

Өркені өсіп, өрге басқан бүгінгі әдебиет дүние жүзіндегі ең озық әдебиет. Халық акындары да реализмнің даңғыл жолына түсіп, өз шығармаларын өмір талабына сай шығаруда.

Елімізде техниканың жетіліп, мәдениеттің шарықтап өсуіне байланысты — акындардың сөздік құрамы да жана сөздермен байыды. Қоғамдағы өзгерістер тілдің сөздік құрамына тікелей әсер етеді, яғни шаруашылықтың ескі құрылысымен, еліміздің ескі әдет-ғұрып, салт-санаға байланысты сөздер ескіреді, кейбіреулері қолданудан шығып қалады. Оның орнына жана шаруашылыққа, құрылысқа, идеологияға байланысты сөздер шығып өсіп отыр. Кейбір ескі сөздер жаңа жағдайда, жаңа мағынаға ие болды. Осыларды Болманның акындық творчествосынан да көреміз.

Б. Қожабаевтың көркемдік стилінде өзіне тән

өрнектері бар. Өлең жолдарындағы теңеу, эпитет, метафоралары көрікті. Мысалы:

Бойлаған шынар терек күнге еркелеп,
Самсаған он саусақтың саласындай.

X X X

Қарағанды қарқынды,
Көмірден соққан алтынды.

X X X

Тер шығып, шапқан сайын тарлаң боздаң.

X X X

Жұмыскердің күшімен,
Қазаны еңбек қайнады, —

деген сықылды баламалар қазақтың ұлттық ұғымына түсінікті және ауыз әдебиетінде бар баламалар. Міне, осы сөз маржандарын ақынның орынды пайдалануы — өлеңдерін көріктендіре түскен.

Ақын ертегі-аныздарда қолданылатын теңеу, метафораларды өз жырында орынды пайдалана біледі. Оның «Сүйікті Отан» деген өлеңінде:

Сияқты киыр шығыс хор сарайы,
Мызғымас көк сауыттай құрыш киген.
Түстігім қазынанын тұрған кілті,
Алады қалағанын қолы тиген, —

деген шумақтар кездеседі. Мұнда өзіміз ертегілерден жиі кездестіретін патшалар сұлуларының мекені болған сарайларды ақын жана мағынада пайдаланып отыр. Эпостық жырлардағы шамадан тыс әсірелеу — оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін көк сауытты да ақын орынды пайдаланған. Ауыз әдәбие-

тіне тән сөздердің маржанын іріктей отырып, алып Отанының ұлылығын бейнелеген.

Болман ақынның Шашубаймен айтысында кейбір эпитет сөздерді шебер пайдаланғандығы байқалады:

Болғанда үзігі алтын, түндігі мыс,
Уығы, керегесі әппақ күміс.
Қазығы қорғасыннан алып үймін,
Жабылып қозғай алмас батыс, шығыс.

Мұнда ақын қазақтың байырғы мүлкі — киіз үйдің жабдықтарына мыс алыбы Жезқазғанның ұлан-асыр байлығын балап отыр. Осы шумақ өте шебер айтылған. Батыс пен шығыс жабылса да қозғай алмайтын үй! Қаншама ой, қаншама мағына сып тұр өлең жолдарына!

Ақынның айтыс өлеңдерінің өн бойында жаңа өмір шындығы, жаңа адамдарға тән жаңа тенеулер кездесіп отырады.

Атағы Алатаудай асқар әлі,
Жетерлік мың-сан жауды жасқарға әлі.
Атқарған қырық адамның қызметін,
Алып жоқ Балмақаннан асқан әлі.

Аса образды тапқыр тенеу болмағанмен жаңа өмір адамын шындыққа жанасымды суреттейді.

Ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын баламалар-алтын, күміс, құрыш, алмас — сияқты асыл металдар. Мұндай эпитеттерді Болман өлеңдеріне тапқыр пайдаланылады. «Мен шаттанам өмірге» деген өлеңінде ақын еңбек адамдарын құйған құрыш пен ақ алмасқа балайды.

Ұл мен қыз, кәрі-жас,
Бір туғандай бауырлас.

Бірлігің мен ерлігің,
Қайнаған құрыш, ақ алмас.

Сол сияқты ауыз әдебиетіндегі су төгілмес жорғаға жел ілеспес жүйрік, болдырмайтын тарланға көркемдік тенеу өзіндік асқақ ерекшелік. Қазақта «ат-адамның қанаты» деген афоризм бар. Мұның өзі ертеде техниканы білмеген көшпелі қазақ елінде ең басты көлігі ат болғандықтан, тіршілік қажетінен туған сөз тіркесі. Болман өлеңінде мұндай баламалар жиі кездеседі. Оның 1961 жылығы Желеумен айтысында:

Шырағым жолға түскен жорғадайсың,
Шекердей көктен тамған сорғалайсың, —
деген шумақтар бар. Ақын творчествосында сөздің мағынасын кеңейтіп, жана түр беріп пайдалануға да шебер. Мысалы ауыз әдебиетінде ұлыс деген сөздер кездеседі. Онда бұл сөз діни мағына береді. Ал Болманның «Май толғауы» деген өлеңінде:

Ұлы күні ұлыстың,
Не айтам деп тарылмаң, —
деген жолдар бар. Мұнда ақын дүние жүзі еңбекшілерінің ынтымақ күнін жырлауда «ұлыстың» деген сөзді кең шеңберде, жақсы мағынада алған. Қожабаев өлеңдерінде сөздің асылдарын салмақтал алып пайдаланады. Аз сөзбен көп мағына беруге тырысады. Оның «Ұлы той» деп аталатын өлеңінен:

Шығыстан алтын зрай таң атқан күн,
Жанадан жарық дүние жаратқан күн,
Жеңістің желбіретіп қызыл туын,
Әлемге әділдікті таратқан күн, --

деген шумақты алайық. Мұнда жеңістің тарихтық маңызы өте дәл және айқын беріліп тұр.

Ақынның жекелеген сын, ашу-кекті өлеңдерінде де өткір теңеу, метафора орынды пайдаланылады. Ағылшын отаршылдарына арналған «Қара тұмсық, қанды ауыз» деген өлеңінде Болман ел байлығын сүліктей сорған жауыздарды: итке, күшікке, мысыққа, араны ашылған жалмауызға теңей жиренеді:

Қара тұмсық қанды ауыз,
Қанға тоймас жалмауыз.
Зытты бір күн сытылып,
Отқа үйіткен мысықтай.
Сүтке тиген күшіктей,
Үміті оның қырқылып, —

дейді.

Өлеңнің әр жолындағы соңғы сөздер өзгеріп отырады. Мұндағы әр сөздің мағынасы сондай күшті.

Болман Қожабаев суырып салма ақын деп айтық, сөз басында. Оның тағы бір ерекшелігі айтыстарда сол өлеңдерге сай әнін де өзінің шығаратындығы. Ақынның жыр әуенінің басқа халық ақындарына карағанда артықшылығы ұстамды да, әлемі ритмикалық суреттемесі болуында.

Жыршының өз басына тән ерекшелігі — ол ән үстінде такт арасындағы дыбыстарды көркем алмастыра білетіндігі. Осыған сәйкес баяу естілуге тиісті дыбыс тербелістерінің өзі де үндестік қуат алып, үндіәсерлі, түсінікті естіліп отырады.

Бұл мелодия үн тұрақсыз баскыш арқылы әуе-

нік күшейте түседі. Ән бірте-бірте көтеріліп, шарықтау шегіне жетіп, қалықтап тұрады. Сондықтан да ән құлаққа жағымды естіледі. Міне, мұның өзі ақынның айтыстарда домбыраға қосылып айтатын өзіндік ерекшелігі.

Сөз басында Жезқазған - Ұлытау ақындарының жаңа өмірді жырлауда өзіндік орны бар дедік. Тайжан, Нияз, Иманжандар сияқты ақындар Болманның творчестволық серігі, әріптестері. Олар бірінен-бірі үйреніп, кемшіліктері болса, жоюға көмектесіп отырған.

— Нияз ақын жаңадан жұмбақ өлеңдер шығаруға шебер еді. Оның көбі газетке жарияланды, дейді Болман, - соның біразын білемін де:

Бір бұлақ суалмайды көрдім ғажап,
Ағады жүз қырық алты жерге таран.
Сол судан пайдаланып алып жатқан,
Тамаша он бес арық тұрсам санап.

Бұлақтың шыққан жерін көрем деген,
Ерекше еңбек етіп, етсін талап.

(Совет елі)

Бір дария тереңдейді кешкен сайын,
Кей нәрсе таралады кескен сайын,
Өмірде қуармайтын бір ағаш бар,
Шығады қайта-қайта кескен сайын.

(Ғылым, қағаз, тырнақ)

Міне, бүгінгі жаңа өміріміздің жеңістері мен табыстарынан туған жұмбақ өлеңдер. Осындай астарлы мағына беретін шумақтар Болман өлеңдерінен де кездесіп отырады. Үлгісіз тон пішілмейді дегендей, Қожабаев та әріптестерінен үйреніп,

олардың шығармаларындағы жақсы үлгілерді негізге алған.

Кетеді өлең десе, қызып арқам,
Саялы, сайранды елім өскен дарқан
Ақ алмас, өткір найза, жетем-құрыш,
Кигенім оқ өтпейтін болат қалқан.

Нияз ақын достығы жарасқан Қазақ елін, ғылымды жұмбақтап өлеңге қосса, Болман халық атынан жырлай отырып, Отавының қуаттылығын суреттеуде ауыз әдебиетінде тән тенеу, метафорларды шебер пайдаланады. Ақын әрқашанда өзі тұрғылас ақындардан жалықпай үйренген. Оларға өз тарапынан дұрыс баға беруге тырысады.

Серігі ақын Жамбыл қарт Шашубай,
Шашекен алтын ғой ат басындай.
Қнядан талмай ұшқан ақ түйғындай,
Шап берген ақ береннің шаппашындай.
Семейдің Сапарғали, Нұрлыбегі,
Халықтың балтап жүрген бәйгі көгі.
Ортадан жасы асқан ақын Төлеу,
Ақынның осындай-ақ асыл тегі.

Осы бір шумақтарға қаншама ой еңіп жатыр! Қазақстанның алдыңғы қатарлы ақындарын бағалауда көркем тенеу, метафораларды, пайдалана отырып, Болман әр сөзге терең мағына берген. Мұнан біз оның халықтың бай қазынасы тілді ұтымды қолданатын, шешен сөйлейтін ақын екенін көріп отырымыз.

Болман ақынның өлеңдерінің бәрі бірдей сап алтын десек, артық айтылған болар еді. Қысқа өлеңдерінің кейбірі онша сәтті емес. Ақын шығар-

масындағы кездесіп отыратын жалпыламалық, тер-
мешілік — жалпы ауыз әдебиеті үлгісіндегі ақын-
ның ортақ кемшілігі. Мұны Б. Қожабасевтың өлең-
дерінен де кездестіруге болады. Ақын кей жағдай-
да алған тақырыбында жырлаудың орнына бірді
айтып-бірге кетіп қалып отырады. Мысалы 1955
жылы шығарған «Сүйікті Отан» деген өлеңінде:

Тарихтың табағынан мейірім қанып,
Бақыттың жаққан елім мәңгі шамын.
Қараған СССР-ға алтын аймақ,
Көлемі Қазақстан гүлдей жайнап! —

деп бұдан әрі республиканың жерін, шаруашы-
лығын жырлап кетеді. Ойын тақырыпқа сай жүпе-
лі баяндамайды.

Ақынның тіл стиліндегі тағы бір аңғарғанымыз
— басқа ақындарға еліктейтіндігі. Әрине, мұны
Болманның кемшілігі деуге де болмайды. Қайта
өзі тұрғыластардан үзбей үйренетіндігіне дәлел
сияқты. 1944 жылғы Балқаш пен Жезқазған ақын-
дарының айтысында Шашубай Болманға:

Балқаштай айдыңның аққуымын,
Еркелеп толқыныма күнде шомған.

Тұрғанда мыс Балқашым жеңілмеймін,
Келсе де Жезқазғанның тағы өн Болман,—
дейді. Ал Болман ақын 1945 жылы Марганец руд-
нигінің ақыны Нұртаза Айранбаевпен айтыста:

Нұртаза, сөзге шешен болсаң тақпақ,
Есініз желқайықша екі жақтап.
Өзіндей өзен, сайды кетем басып,
Толқынды дариямын шыққан қаптап.

Осы шумақтардан Болманның Шашубайдан үй-
ренгендігін аңғардық. Шашубай өзін «айдыңның

аққуына теңесе», Болман өзін «толқынды дариямын» дейді. Орынды еліктеу.

Жалпы образды сөздерді қолдануда кейбір көне теңеулер, метафоралар халық ақындарының айтысында кездесіп отырады. Жекелеген еңбек ардагерлерін «калыптан туған» еді, «шешесі арыстанның жүрегіне жерік болғанды» деген баламаларды кездестіреміз. Мәселен, 1961 жылғы түстік ақыны Желеу Жакыпов Болманға:

Отанның туғызып біз тілегіне —
Күші бар арыстандай білегінде.
Шешесі жерік болып туған екен,
Басында жолбарыстың жүрегіне.
Өзі де жолбарыстай туған нағыз,
Әр толта жырға қосып айтар аңыз.
Туады алып анадан, ат биеден,
Дегендей ел аузында боп жүр аңыз, —

дейді шахтер Бидайбаевты мақтап. Тағы бір жерде ол Болманға, аруақ соғады деген сөздерді айтты.

Өтеді сөз сүйектен, таяк еттен,
Ұрынады әруаққа елді сөккен.
Әйтеуір сыпайыгершілік жасап тұрмын
Бұрынғы ағамыз деп нардай шөккен.

Міне, мұндай баламалар халық ақындарына тән нәрсе. Онымен қоса сайыс өлеңдерде халық ақындары ұйқасын тез келтіру үшін бұрын айтылған өлең жолдарын қайталайтын кезі де болады. Мұндай жайлар Болманнан да кездеседі.

Көрдін бе Қаракүм мен Қоңырқұмды,
Талайға осы күннен берген сынды.
Өреді өлкесіне үш жүз мың қой,

Айтсам жан шыдамас Қарағанды.

Осы шумақтың алғашқы екі жолы бұрынғы Беғайдаровпен айтысынан алынған. Үшінші жолда қойдың саны өзгерген. Соңғы жолы өлең ұйқасын келтіру үшін айтылған секілді. Әрине, мұндай бірлі-жарым кем-кетіктер Болман творчествосын кемітпейді. Хат танымайтын, сауаты жоқ халық ақыны болғандықтан жекелеген жалпыламалық өлеңдер болуы заңды нәрсе. Ол өлеңдерінде халықтың даналық сөздерін, сөз тіркестерін шебер пайдаланады. Сөйтіп, ойын орамды етіп береді.

Айтқаны бұрынғының осы емес пе --
Жығылған сүрінгенге күледі деген.

Сонымен бірге Болманның қарапайым кара өлеңдерінің ішінде табиғаттың өзіндей сұлулық, кіршіксіз сезім, қалтықсыз жан сыры жатқандығын ұмытпаған жөн. Бұған мысал толып жатыр. Ол «Болат құс» деген өлеңінде:

Зор қуаныш кернеген,
Көрсін анық көрмеген.
Болат құсы өмірдің,
Көкке қарсы өрлеген.
Самға-самға болатым,
Сынбайтұғын қанатым.
Келешектің шырағы,
Жарық сәуле жанатын, —

дейді. Сөйтіп кеністікке ғарышкермен қоса самғайды. Бұдан тіліміздегі: болат, шырақ, жарық сәуле сияқты сөздерді ақынның өте шебер пайдаланып, мағанасын кенейтіп отырғандығы көрініп

түр Болман сөзді өте шебер пайдаланып, оны қай-
раулы-қару орнына жұмсауға тырысады. Бұл —
оның стильдік ерекшелігі. Жан-жақты өмірімізді
суреттеуде акынның тілі қарапайым, көңілге қо-
нымды.

Біздің туған халқымыздың тұла бойында да бас-
қа халықтар сияқты тамаша бір қасиет бар. Ол
— осынау ұланасыр ғажайып өлкенін ырысты то-
пырағынан дарыған шексіз дарын. Дарын болғанда
мейірімі мол жазда аптапты ыстық, қыста бұры-
сарқ бораны бар табиғатымыз тектес ақындық да-
рын. Иә, біздің халқымыз ақын жанды халық. Екі
ауыз өлең құрастырып айта алмайтын қазақ бар
ма қане? Жоқ. Оны, әдебиеті мен мәдениеті жа-
ғары талай ұлттардың поэзия өкілдері сан рет
мойындай әңгімелеген.

Осындай ақын жүректі жандарды жаратқан то-
пырақ үстінде Болмандар жалғыз емес. Орталық-
тағы Ұлытау жері мен кенді Жезқазған өңірінде
олар көп саналады. Оның да жөні бар. Өйткені
бұл өңірдегі жасалып жатқан ғажайыптар онысыз
да маржан тілді жандардың көкірегін оятпай, жү-
регін тебіренетпей, толқытпай тұра ала ма!

Біз әңгімелеп отырған Болман ақын 20-ғасырда-
ғы ауыз әдебиетінің белді өкілі. Қазірде оның нәр-
лі өлеңдері Қазақстанның түкпір-түкпіріне мәлім.

Филология ғылымдарының докторы Е. Исмаилов «Алынбаған камалдар» деген еңбегінде: «Бұлардың ішінде халқымызға ежелден өлең-жыры, есімі мәлім Сәттіғұл, Кенен, Қалқа, Нұрлыбек, Болман, Қуаныш сияқты сексен, тоқсан жасқа келген кәріялар да- Ғабдылман, Желеу. Ғұмар сияқты елу-алпыс жастағы орта буын ақындар да, отыздың ішіне жаңа келген Қалихан, Әбікен, Мұса сияқты жас өнерпаз да бар, — деп Болманды есімі республикаға әйгілі халық ақындарымен бірге атады.

Б. Қожабаев Жезқазған, Ұлытау өңіріндегі ұлы өзгерістерді өз көзімен көрген, оны жырына арқау еткен. Ол кешегі қараңғылық тұңғығына батып, мал қамына орай, жапан далада көшпелі өмір сүрген қазақ елін көзімен көрді. Сол ауыр тұрмысты басынан өткізді. Жаңа заман оны, қоғамдық дамудың, өркен жаюдың, адамзат ақыл ойы бивігінің жаңа тарихи аренасына шығарды.

Оның туған елінің артта қалған мешеу экономикасы дами бастады, мәдениеті мен ғылымы жайнап гүлденді. Кешегі төрт түлік малдың ызықына толы кер дала ауыр өнеркәсіп орындарымен жаңғырды. Самсаған қалалар қоныс тепті. Қожабаевтың туған өлкесі Ұлытау—Жезқазған осы ұлы өзгеріске мықты дәлел.

Мыс алыбы Жезқазған қарсақ жортқан елсіз құба жон болатын. Жылап аққан Кенгір, Жезді өзендерінің бойында болымсыз тіршілік көшкелі көшпелі қазақ ауылдары мәдениет пен өнерден кенже еді.

Бүгінде өлке өзгерді, өңір жаңарды. Шөл гүл —

жазираға, селдір киіз үйлер — сәулетті қалаға, өзен көлге айналды. Мал сонында, қараңғылық құшағындағы қазақ елі адам баласы жасаған мәдениеттен еркін сусындады. Атағы әлемге әйгілі Қаныш Сәтпаев — Жезқазғанның түлегі. Есімі республикаға мәлім Еңбек Ерлері, ғалымдар-өнер қайраткерлері шықты Жезқазғаннан.

Қазақстанда түсті металлургияның тұңғыш шаңырағы Қарсақбайда көтерілді. Кешегі от шашып, жалын құсқан сұрапыл соғыста Жезқазғанның мысы, қорғасыны, марганеці жауға оқ боп атылды. Осы сын сағатта Жезқазғандықтарға Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің туы он алты рет қатарынан берілді. Одан соғыс жеңіспен аяқталған соң Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің туы Жезқазғанда мәңгі сақтауға қалдырылды.

Осы ұлы дүбір, жаңалық, өзгеріс Болманның көз алдында болған. Ол туған жерінің жыршысы бола білді. Өлеңдерінің арқауы — Жезқазған, оның еңбек ерлері. «Аймақанов Балмақанды Болман сол өлеңінде «жүз қолды» деп бейнелеп айтқанда, шынықтық алдында күнәкәр болған жоқ. Балмақан Отан соғысы кезінде елу бұрғылаушының жұмысын бір өзін атқарып, елу мың тонна мыс рудасын өндірді.

Кезінде игі іске ат салысқан Болман Қожабаевтың өлеңдерінің құндылығының өзі Жезқазғанды жырлауында. Әрине, акын творчествосында Жезқазғанды ғана жырлады демек емеспіз... Оның өлеңдері әр салалы. Ол мәдениетті де, сүйікті Отанды да, байтақ республиканың байлығын да өлеңдерінде мақтаныш сезіммен көрсетіп отыр.

Жезказған — достық елдері бойынша бірінші мыс алыбы. Мұндай алыптың табысы мен дабысын бейнелеп жазуды кен құлашты, кенен ойлы сөз зергері қолға алса, нұр үстіне нұр ғой. Күні бүгінге дейін осы үлкен өндіріс ошағы жайлы бірер роман, санаулы поэма болмаса, жазушыларымыз қарыздар секілді.

Бұл тұрғыдан алғанда Жезказғанның жезтаңдайы Болманға үлкен алғыс айтқан жөн. Өйткені оның өлеңдерін оқып отырғанда Қарсақпай—Жезказғанның кешегісі, бүгінгісі, ертеңі түгелдей көз алдына келеді. Қызықтырады. Тамсандырады. Сүйсіндіреді.

Қазір облысымыз фольклор халық қоры, ән-би ансамбльдері, өнерпаздар үйірмесі, халық театрлары арқылы толығып отыр десек, осы игі істе де Болманның үлесі болған. Ол Жезказған, Қарсақпайдағы үйірмелердің ұйытқысы.

Қазақстанда қазіргі халық поэзиясының дамыған түрі — ақындық айтыстар. Бұл салада Болман қарттың атқарған ісі қаншама!

Поэзия бағында ғасырға жуық еңбек еткен халық калаулысы — Болман ақсақалдың өлеңдері әлі де көп зерттеуді, жинастыруды керек етеді. Ақынның творчествосы жарияланған бірі-жарым өлеңдерімен, осы шағын жұмыста қамтыған жайлармен тамамдалды десек, онда ұшқарылық болар еді. Себебі бұрын зерттелмеген ақын творчествосын толық қырларымен ашып көрсету — үлкен жүк. Сондықтан бұл еңбекте әлі де айтылмаған, көрінбеген жайлардың болуы даусыз. Халық ақы-

ның сөз қолдануында да өзіне тән ерекшелік бар. Осы жағына да шама келгенше көңіл бөлінді.

Задында халық ақындарына, олардың еңбегіне республика жазушылар Одағының көңіл бөліні, қамқорлық етіп отырғаны жұртшылықты қуантады. Өйткені, олардың поэзиясы — ескінің соңы, жапаның басы — қарттардың да, бүгінгі өскелең мәдениетті жас ұрпақтардың да мейірлене оңитан дүңпесі ғой. Себебі халық поэзиясы — бүгінгі арналы қазақ әдебиетінің құнарлы бір саласы.

Ақын творчествосына біз осы тұрғыдан баға беруді орынды санадық.

БОЛМАННЫҢ ЖАРИЯЛАНБАҒАН ӨЛЕНДЕРІ

(Бұл өлендердің біразы аудандық «Октябрь туы» газетінен алынды. Қалғанын ақынның өз аузынан жазып алдық.).

ӘРІПТЕСТЕРГЕ

Серігі ақын Жамбыл қарт Шашубай,
Шашекең алтын ғой ат басындай.
Қиядан талмай ұшқан ақ түйғындай,
Шап берген ақ береннің шаппасындай.
Семейдің Сапарғали, Нұрлыбегі,
Халықтың баптап жүрген бәйгі көгі.
Ортадан жасы асқан ақын Төлеу,
Ақынның осындай-ақ асыл тегі.

Шымкенттің Қазанғап пен Орынбайы,
Бәйгі алғап шаршы топта жезтандайы.
Кездестім Алматыға барғанымда,
Қадиша Қызылорда ақмандайы.

(Ақынның өз аузынан жазып алынды.)

ҚАРАМАЛАЙ

Алуға қарамалай адам келді,
Би — болыс кедейлерді матап берді.
Қазалы-Қармақшыға барған жерден,
Кез-келіп, босатып еді Амангелді.
Жылатқан зұлым патша байтақ елді,
19-бен 31-дің арасына жендет еді.
Намысына өз халқының қорған болған,
Қазақтың сүйген ұлы Амангелді.

Ер еді шын жүректен халқым деген,
Жаудың бәрін жеңді елге төнген.
Мақтауға, сүйсінуге лайықты Амангелді,
Алғанын жаудан кекті көзбен көргем.
Жайратқан жауыздарды қарсы келген-
Сазайып құзғындардың сүйтіп берген.
Қаншама самғаған жау келсе-дағы,
Атөй сап қолды бастап, жалғыз кірген.
Қорғады байтақ елін қиып жанын,
Келтірген ерлікпенен өмір сәнін.
Айырды қарамалайдан кемтарларды,
Әлі жоқ сол ерлігін ұмытқаным.

МАЙ ЖЫРЫ

(«Октябрь туы» газетінің 1963 жылғы 1 майдағы санында.)

Қайратын шындап ерімнің
Ұлы майдың ұраны.
Тасытқан табыс елімнің,
Қыздары мен ұланы.
Бейбітшілік тірегі,
Жайнады одақ, жайнады.
Еркіндіктің тірегі,
Елімде еңбек қайнады.
Болат балқып заводта,
Мыс бұрқылдап қайнаған.
Аптада, күнде, сағатта,
Қала да, өсіп жайнаған.
Егін көктеп далада,
Жер безеніп құлпырды.
Бұл-бұл әнге сала ма,
Ән шалқиды мың түрлі.

Салтанатын көр, міне,
Даңқты май, елімнің.
Мәуелеп тұр жер міне,
Күдіретімен елімнің.

ҰЛЫ ТОЙ

(«Октябрь туы» газетінің 1963 жылғы қарашада-
ғы санында.)

Шығыстан алтын арай таң атқан күн,
Жаңадан жарқын дүние жаратқан күн.
Жеңістің желбіретіп қызыл туын,
Әлемге әділдікті таратқан күн.
Ғендік пен бостандыққа жол ашқан күн,
Қуаныш жер бетінде ұласқан күн.

Халықтық жеңісімнің асқан даңқы,
Сондықтан жырлы аспаным, нұрлы аспаным.
Танытып құдыретін ұлы өмірдің,
Шаттық боп әр құшаққа күле кірдің.
Дүние жалт қарады түріп құзақ,
Жеңімпаз істеріне туған елдің.

ЖАРЫСҚА КЕЛ

(«Октябрь туы» газетінің 1963 жылғы 15 маусымдағы санында.).

(«Ұлытау» совхозы «Қарабұлақ» бөлімшесінде тұратын ақын Әлиақпар Балқан ұлына.).

Алиақпар қарағым,
Бұтағы едің шынардың.
Ішінде жатқан асылды,
Биыл қалай шығардың?
Өлеңінді көрдім де,
Көңілім сүйіп жұбандым.
Ағызып жырдың бұлағын,
Жырла өмірдің шырағын.
Өлеңменен көтер еңбектің
Халқымыздың ұранын.
Совхозымыз жарысып,
Үлгі — өнеге алысып.
Сынасса екен ұланың
Жарысқа дайын жастарым,
Өзім бас боп тұрамын.

* * *

Екі совхоз ерлері
Жарысқа түсіп, көрсе егер,

Жүлде алган ұл-қызды,
Жыр етпей ме тіл шебер,
Болман араң сол кезде,
Өлеяменен нұр себер,
Аяның қалмас інісі,
Сөз қадірін білсе егер,
Аяма інім, күшінді;
Бастап өзін көшіңді,
Ортаға сал үлгі алар,
Қасиетгі ісіңді.
Мақтан етем мен — дағы,
Темірімді, мысымды.
Мақтан етем құт қонған,
Байтақ жатқан жерімді.
Өлеңіме қосамын.
Топтан озған ерімді.
Ілесіп көр араңа,
Болсан егер сенімді.
Жарысқа кел ақыным,
Бекем бу да белінді!

АҚЫН БОЛМАҢҒА ЖАУАП

(1963 жылы «Октябрь» туы» газетінде жарияланған.).

Сізге арнап жыр жазайын, Болман аға,
Жарыста озып бәйге алған аға.
Қолыма қалам алып сөз бастадым,
Халайық төреші боп берсін баға.
Қарт аға сексен бестен асты жасын,
Тағы да жүз жасынды ел тойласын.
Халықтың ардақтаған ақынысын,
Бакытты Отанымда күнде жассын.
Алқымдап алпыс беске мен де келдім,
Ескі, жаңа өмірді көзбен көрдім.
Ақ жарқын аға өлені ойды билеп,
Қуана әр сөзіне көңіл бөлдім.
Газетке сөз жазыпсың: — шырағым, — деп,
Бұтағы бәйтеректің — шынарым, — деп
Белінді бекем байла — депсін тағы,
Жарысуға сенімен құмармын, — деп.
Жазыпсың Қарсақпайдың темір, мысын,
Сол ма аға мақтанарлық бар жұмысын.
Қарсақпай бәрімізге ортақ завод,
Көлденең тарта қойдың оның несібін.
Мен, аға марганецке ие болсам,
Ойлар ең Қарсақпайдың жаздым несібін.
Кешегі Ұлы Отан соғысында,
Бір тасы жойды фашист мың несібін.
Келесіп жырымызға қосайық біз,
Өмірдің өрге тартқан ұлы ісібін.
Ауызға ал мақтан етіп ұл қызынды,

Қаламын жоргаласын елін үшін,
Бір сапар жолға шығып көріңізші,
«Ұлытау» совхозының құрылысын.
Интернат, мектебі мен аурухана,
Айтса егер кандырады құлақ құрышын.
Жоқ па еді совхозының көлемінде,
Мақтанып айтарлықтай көрнекті ісің,
Таппасаң жетістікті, кемістікті айт,
Алдында тыңдаушының еріктісің.
Мең аға, өлсімді көпке сөзбай,
Совхоздың естіртейін қуанышын.
Жүз он бес жүз саулықтан қозы өсірген
Қайырбек мақтанышым, қуанышым.
Учаске мен отырған Қарабұлақ.
Бәйге алған шопан тойда он бір кісім.
Артық сөз, аға сізге айта алмаймын.
Сыйлаймын кішілік қып үлкен жасың.
Совхоздың артық кемін көрсетейік,
Жетістік, кемістікті ел тыңдасың.

Әлиакпар Балқанов.

ТӨЛҒАУ

(1962 жылы 18 наурыз «Еңбек туы» газетінде жарияланған).

Көпті көрген көнемін,
Жүрегім толы жыр, дастан.
Сый етіп халқым беремін,
Біткенше демін тынбастан.
Замана болды сонау бір,
Бас қосып кедей мұндасқан.
Жауыздық бұлты торлады,
Көрсетпей жүзін нұрлы аспан.

Халықты байлар канады,
Ұлықпен бірге жымдасқан.
Еткен еңбек еш болды,
Ұзақты күн тынбастан.
Серпілтпеді еңсені,
Иықты ауыр зіл басқан.
Ел ансады еркіндік.
Жарқырап бір сәт таң атты,
Сәулеге бөлеп алапты.
Елге орнатып әділдік.
Жұртты өзіне қаратты.
Еңбекке кең жол ашып,
Әйелді ердей санатты.
Халыққа беріп бостандық,
Лақтырды ауыр азапты.
Ленин бастап халықты
Өмірді қайта жанартты.
... Бүгінгі сайлау қызығын,
Кереді тегіс қыз, ұлым.
Өнердің шығып шынына,
Айға салды құрығын.
Батыр жүрек ұлдарым,
Космостың шайқап тұнығын.
Осындай үздік өренді,
Тайыздатқан теренді.
Жоғарғы өкімет орнына,
Сайлайды халқым ер ұлын
Сайлаймыз Виктор, Қанышты
Ісі мен көптен танысты
Көрсетіп сенім ерлерге,
Береміз жаппай дауысты.

Болман Қожабаев.

ЖАЛЫҚПАЙМЫН ЖЫРЛАУДАН

(1964 жылғы 15 қыркүйекте «Октябрь туы» газетінде жарияланған).

Байлығы тасқан жерім бар
Бауырлас, туыс елім бар.

Таусылмайтын қанша алсаң,
Сарқылмас мәңгі кенім бар.
Қарағандым — қарқынды,
Көмірден соққан алтынды.

Қарсақпайдың түтіні
Көкке өрлеп шалқыды.

Теміртауым, Балқашым,
Асылдан таққан алқасын.
Құлазыған даламның,
Қорытып жатыр тау-тасын.

Жеказғаным — жәннатым,
Самғайды көкке канатын,
Қаршығаша қомданып,
Жырлайды оны қарт ақын
Анау жатқан княкты,
Қарағанды сияқты.

Таяу жылдар ішінде,
Ағызбақ көмір бұлақты.

Қарағанды Ертіс каналым,
Сусыны шөлейт даланың.
Жалықпаймын жырлаудан,
Бәрін де әнге саламын.

МАСКҮНЕМ

(Ақынның өз аузынан жазылып алынды).

Ақсақалды бабалар,
Шашы ағарған аналар,
Осы өспет сөзімді,
Балаларға ала бар.
Ақыл менен аңғарар,
Оқыған білім сана бар.
Төнірекке көз салсаң,
Қолхоз-совхоз қала бар.

Әділет жолмен бастаған,
Ақылаға зирек дана бар.
Білмесең менен сұрап ал,
Мұныңменен ұқпасаң
Ісінде сенің шала бар.

Үлкеннің ақылын алмасаң,
Адасқаның балалар,
Өзге түгіл безеді
Атаң менен аналар.

Әуелі жақсы болғанмен,
Кейін кетер артымен.
Жарасасын жастанып,
Ішіндегі қартыңмен.
Тура шығып түзу бас,
Халыққа берген антыңмен.
Ата-ананы сыйласаң,
Сүйсінетін халқың бар.
Ананың бетінен алмаңыз,
Үлкеннің бетіне бармаңыз.
Ата-ана деген сүйеніш,

Ұятты көпке болмаңыз.
Бақытың сол сылаған
Өзін-өзі тимаған.
Адамдыктан кетеді,
Бір мінезбен тұрмаған.
Ойламайды тіпті ол
Болады екен деп сын маған.
Араққа денең қызады,
Көңілінді бұзады.
Жамандасып шарласып
Ақыры өзінді ұрады.
Қатарынан қалдырып,
Ақылынан тандырып,
Жұрттың көңілі қалады.
Ата-ана туыс безеді
Әркім сені сезеді.
Қой шырағым, қойындар,
Өлмесе өледі, өлген емей немене
Халық тегіс көреді.
Қой десе де қоймайды,
Осы деп маған керегі.
Сыртынан әркім өсек қып
Жұрттың бәрі көреді.
Шығарып шатақ бұзылып,
Сонымен қорлық көреді.
Барма осының жалғаны,
Қатардан кейін қалғаны
Адамдығын ойламай
Арақ болып арманы.
Ағайын түгел безеді,
Қасында жатқан қалғаны.
Көп ішпе арақты, шамала,
Құлағыңды сал анаға.

Ананың тілін алмасаң,
Әкенің тілін алмасаң,
Адамдықтан безгенің.
Қанша ақыл айтса да,
Барма осыны сезгенің
Қоймай арақ ішетің,
Не болды сонда көргенің,
Ырия кылсаң ақылды.
Қатардан қалып өлгенің.
Қанша басшы болсаң да,
Далаға кетер енбегің.

ЕЛУ ЖЫЛҒА ТАРТУЫМ

Ғасырға таяу жасым бар,
Заманым жас досым бар.
Мал өсіріп, кен қазған,
Табысқа табыс қосындар.
Елу жылға екпіндеп,
Табыстан шашу шашындар.
Елімізде жолы ашық.
Бейбітшілік ұласып.
Тыныштықпен халқым,
Әлемнен озды қыр асып,
Бақытым зор, елім бай,
Көбейді асып егін жай.
Аспан жерді аралап,
Шаттықпенен көңілім жай.
Жана бес жылға күш салып,
Құралымыз бәрі сай.
Көмірші, шахтер ерлерім,
Тамаша менің көргенім.
Ұл мен қыздың күшімен

Жарыкка шыкты енбегім,
Қуавышына халықтың,
Құлашымды сермедім.

ӘДІЛЕТ ЖЕҢЕДІ

Тыныштық елдің шырағы,
Еңбектің табыс бұлағы.
Қуанышқа бөленген,
Естіген жұрттың құлағы.
Тереңнен ақыл тапқаны,
Ашуға берік қақпаны.
Бейбіт елдің белгісі,
Тыныштықты сақтады.
Тыныштық елдің байлығы,
Әлемнің сол айбыны
СССР-дің халқында
Өкіметтің шартында,
Бейбітшілікті мәңгі сақтаймыз
Бір ауызды аңтында.

* * *

Түкірер халық бетіне,
Тидің елдің шегіне.
Талай сөзді сөйледі
Ел басшысы өтіне.
Тындамай сөзді келесің,
Не деп жауап бересің?
Бұл қылығыңды қоймасаң,
Сағатқа жетпей өлесің.
Тілеме АҚШ өлімді
Мінездерің көрінді.

Халыққа қандай жауап бересін,
Дайындай кел сөзінді,
СССР-дің еліне
Нұр төгілген жеріне,
Бейбітшіл біздің еліміз
Минутте тығар көріне
Бір сұмдықты бастады,
Қандай план ұстады,
Тыныш елге әлек сап,
Халықтың сен қас жауысын
Арыңды беттен қашырап
Енді сыр жоқ жасырап,
Телержін елдің көрген соң,
Аяққа келіп бас ұрар,
Бейнесі елдің бузылмас,
Табысына болма мас.
Нақақтан елге соқтығып
Жылады неше кәрі жас,
Қорыққан сенен адам жоқ,
Сенен асқан арам жоқ,
Вьетнамнан қолың тарт!
Саған жарық заман жоқ.

ДҮЛДҮЛ АҚЫН

Ақпанның бораны мен аязы алма-кезек қақап тұр. Жер үйдің есігі нен терезесін қалың қар тұмшалап тастаған. Токсанбай үйінің пешінің мұржасы ғана көрінеді, ертелі-кеш түтін будақтөйді. Үйге кірген-шыққандар байқалмайды. «Бұларға не болған» деген көршілері үйдің қабырғаларымен бірдей болып кеткен қарды аршып, ішке кіргенде, Токсанбай құяңы ұстап, төсек тартып жатып қалған екен. Аяғы ауыр Ханым далаға шыға алмайды. Тек жалғыз інісі Тайлақбай от жағып, ағажеңгесіне шәй қайнатып беріп отыр. Үйдегі тіршілік осы ғана.

Осындай ақпанның «бұрқ-сарқ» еткен күндерінің бірінде Ханым босанып, ұл тапты. Қуаныш. Балажездінің бастауы Қараадыры қыстап отырған кедей ауылдағы көршілер Токсанбай мен Ханымның қуанышына ортақтасып, шілдеханаға жиналды. Өмір есігін жана ашқан нәрестеге бақыт тілеп, азан шақырған қариялар есімін Қожабай қойды. Бұл 1861 жылдың қысы болатын.

Тайлақбай сыбызғы, сырнайға әуес. / Жанынан күй шығарады. Ел ішіндегі ойын-тойдың думаны, көркі. Тайлақбайдың «Айрауықтың ащы күйі», «Алқакөл сұлама», «Ақтабан шұбырынды», деген ел аузындағы күйлері ғана бүгінге жеткен. Көптеген күйлері менен әндері сақталмаған, оны халық арасынан жинап, жүйеге келтіргендер жоқ.

Күйші, сал жігіт Тайлақбай он жасқа келген інісі Қожабайды өз қасынан қалдырмады. Ойын — тойда болатын айтыс, сыбызғымен күйлер орындау, балуан күресі, ат жарысы сияқты өнердің түрлерімен еркін сусындатады.

Ауылға келген ел ішіндегі ақындардың жырлары мен жатқа айтатын қиссаларын тындаудан да Қожабай жалықпайды. Жұртшы атаның жаз жайлауы — Торғайдың бойы. Қан жайлауда ел мен ел араласқан шақта той-думан, ақындар айтысы, ерулік жесісу көбейе түсетін. Өнерге, өлеңге, кұмар Қожабай ойын-тойлардан қалмай, ақындар айтыстарын жалықпай тындайтын. Қолына домбыра алып, Тайлакбайдың күйлерін шертеді. Жанынан өлең шығаруға әуестенеді.

Жайлауда отырғанда нәсерлеп жауған жауынан кейін найзағай ойнап, Қожабайдың үйіне түскен жайдың оты, Тоқсанбай мен Тайлакбайды мерт етті. Осыны көрген Ханым ауыр дертті болып, төсек тартып жатып қалды. Көрші ауыладан үйіне келген 13 жасар Қожабай от басына келген нәубетті көріп, зарын төкті. Ауыр қайғыны өлеңмен сыртқа шығарып, жана шумақтар тізді.

Бойына Қазантүбек салық

салдык,

Шешем ауру болған соң

елден қалдык.

Әкем, ағам өлді, үй өртеуді.

өзім жұртта,

Сондай-ақ біз құдайдың

несін алдык.

Павасыз жетімнің үйіне келген кедей ағайындар:

— Қожабай, қайғы-мұңға батпа, қайрағ ет! Жас адамға уайым тұңғышына түсуге болмайды. Шүкір, жасың өсіп келеді. Аталарымыз «он үште отау несі» дегені кәне. Шешенді күт. Ағайын той, бар анау Әлменбет болысқа. Көмек сұра. — деп бала-

ны жігерлендіреді. Тіршілік камына кірісуге үндейді. Әлменбет болыс алдына барған Қожабайға оң шырай білдіреді.

— Шырағым, шешен екеуінің күзекке көшуіне түйе ал. Өзім отырған ауылға көшіп кел. Жассын ғой, саған лайық жұмыс қозы бағу болар. Өлең шығарады екенсің елдің игі жақсыларын мақтап жырла. Болыстың ақ найза ақыны бол, — дейді.

Көп жылдар қой сонында жүрген Қожабай Әлменбеттен жөнді қайыр көрмеді. Ішер ас, киер киімге жарымай, жоқшылықтың шырмауынан құтылмады. Манайындағы өзі сияқты еңбек сауған, күш-қуатын байдың малын бағуға сарып еткендердің ауыр күйі баланың өлендеріне арқау болды. Байдан рахым болмайтынына көзі жете бастады.

Мысық жолдас бола алмас
тышқанменен,

Өлсен де ауыл болма
дұшпанменен.

Байлығына, мансабына
табындырма,

Онда жоқ құрбы-құрдас,
дос-жар деген.

Жас ақынның өлендері Бағаналы елінің арасына кең тарап, шындықты, әділдікті жырлайтындығы жұрт арасында оны құрметке бөлей бастады. Өленді, асыл сөзді серік еткен Қожабай ел ішіндегі ақындармен сөз сайысына түсе бастайды. Суырып салма, шабытты ақын ел мұнын мұлдап, кедейлердің аянышты халін айтып, жоғын жоқтайды. Кезінде Қожабай көптеген ақындармен айтысқа түскен. Соның көбінде жеңіп отырған. Өкініш-

тісі — акынның айтыстары сақталмаған. Бізге жеткені отызыншы жылдары К. Сотбаев жазып алған Қожабайдың Есенбай акынмен айтысы.

Ақ алмастай өткір, орақ ауызды шешен Қожабайдың аты сонау Шыңғыстаудағы Абайдың ауылына да жетті. Кезінде ұлы акын талантты жас акындарды еңбекке, өнерге шақырып, әрбір акынның ойында жүрген толғауын өзгертуге бағыт—бағдар беріп отырған ғой. Абай алдында болып, өнерін сынатып, оның өспетін тың дау акындардың салты болатын. Бұрын шаршы толға сан рет айтысқа түсіп жүрген абырой-беделі бар қарт акын Есенбай мен Қожабай Шыңғыстауда оқыстан кездеседі.

Есеке құлағынды сал көпті
көрген,

Мен-дағы ансап келдім
сонша жерден.

Найманның арқадағы баласымен,
Маған да жақсы емес пе
кезек берген.

Қожабай қыналған шыққан қылыштай сөзімен Есенбайды ығыстырып, халық атынан сөйлеп, үстем тап өкілдерінің қиянатын айтады. Соған қарсы күресуге шақырады. Есенбай қарт жас акынның алғырлығы мен талқырлығына риза болып:

Сөзімнің құлағын сал дұрысына,
Бізде ортақ орта жүздің
ырысына.

Бәріміз бір кісінің
баласымыз,

Барайық көпке тимей
дұрысына, — дейді.

Айтты кызып, екі акын да елдеріндегі мінді қаз-
балзай бастайды. Нақ осы шақта Абай айттыкер-
лердің ортасына келіп, «Аруақ үшін екі жағын да
тоқта» дейді де, өлеңмен бағасын береді.

«Қожабай, сен шырағым,
жас баласын,
Бата алған әр жұмысты
басқарасың
Шырағым жас та болсаң,
жол сенікі,
Сөзіне әділ айтқан жоқ
таласым.»

Абайдың ақыл — кеңесін тындап, оның жырла-
рымен сусындаған Қожабай өлеңдерін ұлы акын
үлгісімен шығара бастайды. Абай өлеңдерін Ба-
ғаналы еліне алғаш таратушы — Қожабай, Ақын-
ның «Әлменбет болысқа айтқаны» атты өлеңі «Бо-
лыс болдым, мінекімен» үндес болып келеді, «Абай
өлеңдері қазақ арасына тарай бастағаннан бері
далада жырдың түрі өзгерді, жаңа сипат алды»,—
дейді екен Қожабай. Абай үлгісімен болыс, билер-
дің мінін ішпенеген өлеңдер шығарады. Ақынның
бұл қылығы Әлменбетке жақпайды. Бір жылы Әл-
менбет ақынды келемеждеп, алыстағы Ащыкөл,
Телікөл деген жерлерден тұз әкелуге жібереді. Қо-
жабай сол сапарда жүргенде оның үш баласы ше-
шек дертінен дүние салады. Ұзақ жолаушылап,
болыстың тұзын әкелген акын балаларынан айрыл-
ған, тек тірі қалған кенжесі Болманды құшақтаған
ойбелі отырған үйге келеді.

Қарашаның қары жауған. Күзетте отырған Со-
лыстың үйі жылы. Айналасына теп-тегіс кигіз жап-

қан, үйге қойдың сары киын маздата жаққан
Әлменбеттің шекесі қызып отыр. Жас баласын ес-
кі көрпеге ораған, жағатын отыны жоқ жыртық
үйдегі Қожабайдың күйі мүшкіл. Әлменбет болыс
өлген балалардың да жаназасына келмеген, көмек
те бермеген. Адамға деген аянышы жоқ, қара жү-
рек болысты Қожабай өлеңмен түйреп:

Үйінде өзін жоқта балаң
өлсе,
Сен бармай оны апарып
кемпір көмсе.
Көмілмей менің балам
жатқан кезде,
Ит адам отырмас еді нағыз
сенше.

Рахымсыз, опасыз Әлменбеттің ауылынан қыргы
тілді ақын көшіп кетеді. Төреге ерген тоны арқа-
қайыр болмайтынына көзі жеткен ақын кедей ағай-
ындарының ортасына келеді. Ендігі таянышы жал-
ғыз ұлы Болманның тіршілігіне шүкіршілік етеді.
Әкесінің өлең жырларын жастайынан жадына сақ-
тап, жаттап өскен Болман да ақындыққа бой ұра-
ды. Он бес жасқа келгенде қолына домбыра алып,
айтысқа түседі. Жанынан өлең шығаратын, жиын-
тойда домбыраға қосылып ән салатын. Өнерлі жас
жұрттың назарына іліге бастайды, құрбыларының
құрметіне бөленеді.

Ата балаға сыншы ғой.

Ұлының бойында ақындық қуаттың мол екенін
байқаған Қожабай:

— Айтып жүрген өлең, әнің көңіліме қонды.
Соны мәңгі серік ет.

Алмас кылыш майданда ғана серік, асыл сөз майданда да, сайранда да серік. Халықтың аузында жүрген сөздің інжу-маржанын үйрен! - деп бата-сып береді.

Өмір - үлкен мектеп. Ел іші - алтын бесік. Елдің хал-ахуалы, әлеуметтік жағдайы Болманның алғашқы өлендеріне негіз болады. Оның өлек өлкесіне барардағы ақындық мектебі де халық ортасы. Көрші ауылдағы тойда болып, әкесінің үйіне келген Болманға шешесі жалғыз сиырдың бұзауын қасқыр жеп кеткенін айтады. Алдағы ететін айран-шалаптан құралақан калған Қожабай жоқшылықты өленмен баяндайды.

Кедейлік, мен не жаздым
көзінді ашна,

Жоқ па еді еш танысын,
менен басқа.

Қалмайсың қысы-жазы қыр
соңымнан.

Мұқтаж қып, қиыр киім,
ішер асқа.

Мұндай жоқшылыққа әке-шеше душар болғанда Болманға ойын-сауық қайда, шал кемпірді асыраудың қамына кіріседі. Бұғанасы қатып, бойы өспеген жас бала ағылшын кәсіпшілігіне бағынып, көрдей қараңғы Байқоңыр шахтасында күнінде 12 сағат жұмыс істеуге мәжбүр болады. Ауыр жұмыс отаршылдың кемдікте ұстауы жас ақынды мұқалтпады, жігерін шындай түсті. Өмірге көз қарасын қалыптастырды.

Ауыр, азапты жұмыста жүрсе де Болман өлен шығарудан бір сәт қол үзбеді. Табиғат сипаған ақындық Болманды биік мұраттарға жетеледі.

Қандай тақырыпқа болса да қолма-қол суырып салып айтады. Терең ойлы шешен, тапқыр шашасына шап жуытпайтын жүйріктің өзі. Болманның хат білмеуінен көптеген өлеңдері сақталмаған. Акынның Қазақ ССР Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы өнер институтының қол жазба қорында сақталатын «Өмір желісі» атты поэмасы:

Сөйлеп едім он жаста,-

Домбыра алып толғанып,

деген шумақтармен басталады. Мұның өзі Болманның бала күнінен өлең шығарғанын дәлелдейді. Аталы-балалы Қожабай мен Болманды, олардың аңыз, дастандарын бүгінгі ұрпақ жақсы біле бермейді. Екі бірдей тарлан ақынды жұртқа танытуға бүгінгі зиялы қауымның алдында атқарылмаған міндеттер тұр.

Халық акыны, ССРО Жазушылар одағының мүшесі болған жыршы — Жезказғанның жез тапқайы Болманмен 1965 жылы бірнеше рет ұшырасуымыз сәті түсті. Қазақ мемлекеттік университетінің соңғы курсында диплом жұмысымды жерлесіміз «Болманның творчествосына арнаған едім.

— Талабына нұр жаусын! Мені елім біледі ғой!

Халқыма Ұлы қазан революциясы мені танытты! Қарағым, өкем Қожабайды оның өлеңдерін халыққа жеткізуге көңіл бөл! — деп тапсырған еді.

— Өзіңізде әкеңіз жайлы деректер көп болар? Балаңыз Нұртайдың жинап жүргендері бар ма?

— Билл 85 жасқа толдым.

Біраз өлеңдерін жатқа айтатын едім. Оның көбін Қанышжан (Қ. Сәтбаевты қарттар осылай атайды)

жазып алып, академияға тапсырған болатын. 1938 жылы Алматыға барғанымда Жамбыл маған әкейдін өлеңдерін айтқызып, Ғали Орманов хатқа түсірген еді. Нұртайжанның бабасы мен әкесінің өнерінен не жинап жүргенін өзің сұрап білсе бер, - деп ақын миығынан күлді.

Иә, Сары алтынды өлке - Жезказғанның ақындары Қожабай мен Болман республикаға ертеден тапымал. Жыр алыбы Жамбылдың өзі оларды қадір тұтқан. Осының өзі Қожабайдың да ірі ақын болғанына айқын дәлел.

Қожабайдай тарлан ақынды да мәңгі есте қалдыруды ойластырған жөн сияқты. Оның ел арасына көп тараған өлеңдерін жинастырудың мезгілі жеткендей. Осы игілікке ақынның ұрпақтары, қоғамдық ұйымдар атсалысса, нұр үстіне нұр болмақ.

АҚЫННЫҢ АЙТЫСТАРЫ

БОЛМАН МЕН НЕСІКҮЛ

Несікүл:

Атамыз бірге туған арғын-найман,
Нәсілім қарақожа қаптағайдан.
Арғынның нокта ағасы жүйрігімін,
Сан топта озып жүрген екі дайдан.

Сөйле деп жол бергенде халқым маған,
Мен едім айтар сөзден тартынбаған.
Арғынның екі жүзді алмасымын,
Болаттай тас кесетін жарқылдаған.

Еліңнің жақсыларын айтып берші,
Найманның белгілі еді қалпы маған.
Баянда сұрағыма жауап беріп,
Сөз бердім енді кезек, Болман саған.

Болман:

Найманның деп сөйледің қалпы маған,
Найманның арғын тіпті артылмаған.
Байлыққа, батырлыққа бірдей туған,
Дариядай көлемі көз сарқылмаған.
Елді сөкпе, кенді сөк деген сөз бар,
Қызына жақсы қайда тыю салған.
Несікүл, аса сөйлеп арындадың,
Ақын деп ем, айтқан жерден табылмадың.
Еліме келген жерден тіл тигізіп,
Тәйірі алғыр, не себепті жаңылғаның?
Батасын екі жердің бірдей бұзып,
Әуреге басын шатып сабылғаның,
Таракты әуейі екен жүрген мақтап,
Осы ма ділмар қызың жүрген баптап?
Орнынан тұра алмайсың, қыз Несікүл,

Құйылса терең жырым екі жақтап,
Кеше кеп Жаныбекті жау шапқанда,
Малды айырып Ерден батыр қалған сақтап,
Аргынның бекер демес кәрі-жасы,
Аулыңның шап болғанда айналасы.
Малынды жанынменен алып қалған,
Төлек, Тулак Сандыбайдың ер баласы.

Н е с і к ү л :

Ақынım, мінш сол ма маған таққан,
Аргыннан батыр Шақшақ, шыққан Ақбан.
Жантөре, білемісің Жәнібекті,
Барақ көлінде аулынды барып шапқан?
Ерденін Жантөремен ұстасам деп,
Омбының қаласында қаза тапқан.
Сұраусыз осыменен Ерден кеткен,
Ер болсаң қайда жүрсің қолың жеткен?
Ағыбай Алтынсары, Абай, Қунақ -
Тендікті сіздің елге бермей кеткен.

Б о л м а н :

Мақтайсын Жантөре мен Ағыбайды,
Ерліктен соң мінезі табылмайды.
Қырғызбен Алатауда шабысқанда,
Тастап қашқан Кенесары, Наурызбайды.
Жантөре ұрлықпенен ақыл қосыл,
Ерденге жамандықты жүрген тосып.
Улаған Ерден жатқан үйін келіп,
Сонымен Ерден өтті ажал құшып.
Жантөре өзі тартты қайғы сала,
Сандыбай орта жүзге болған пана.

Улыққа бакыт үшін ақыл қосқан,
Жантөре екі дүниеде жүзіқара.
Демейді бұл сөзімді ешкім жалған,
Ерден ед орта жүзден ұрандалған
Үш жүздің жақсылары бас қосқанда,
Батыр деп Сары Ерденді ауызға алған.

Н е с і к ү л :

Аққошқар, Сейдалым бар бакыты асқан,
Салдырған, күйдірген үй таран-тастан.
Олардың салтанатын айта берсем,
Тамаша тап қалағандай мың бір дастан.
Бұларға қандай адам шақ келеді,
Артуға түйе, кедейге ат береді.
Өзі - бай, өзі - батыр, өзі - сақы,
Халықты әділдікпен меңгереді.

Найманда тап келетін бұған кім бар
Ақшолақ, Жанайдар мен Батырхан бар.
Алмастай екі жүзді тастай кесетін
Қайтпайтын қайсар туған Мейрамым бар.
Қақ жарған қара қылды әділдікпен,
Болмағым, тауып берші осыған пар

Б о л м а н :

Несікүл, артық сөйлеп мақтанасын,
Құр мақтанып өзіне-өзін дақ саласын.
Сөзінің жүзден бірі бәрі өтірік,
Сіз қалай осы істен ақталасын?

Батыр деп және айтасын: Қамбарышды,
Түйедей бойға сенген заңғарышды.

Елдегі бузык пенен ұрынды айтып,⁴
Көрсетпей каскетті ұлдарынды.

Найманның бір баласы Бағаналы,
Алты мың жылқы біткен сарыалалы.
Егесі сол қыдырдык Ибескі бай,
Тоғыз нар байлаған тоғаналы.

Жылына құлындайды екі мың тай,
Байлыққа кім тең келеді бұларға сай
Жазғытұры көздайды он мың саулық,
Біңырсын малға толады сала мен сай.

Мәйгелді халық біледі қуатымды,
Артылған орта жүзден мұратымды.
Арғыннан бес жүз үй боп көшіп келген,
Ашып еді сол нашарға сауатымды.

Несікүл, өтірікпен сандаласың,
Бөрідей басып жеген өз баласың.
Еліңің басын дауға кеттің салып,
Зарлатқан. Несікүл: сен ата-анасың.

Несікүл:

Сәйлейсің, Болман ақын, асып-тасып,
Ер сасқан уағында етек басып.
Шадам деп Кенесары келгенде,
Ағыбай шапқызбаған ақылдасып.

Қаперден Ағыбайға сын тағасың,
Жақсылығын ұмыттың ба кара басып.
Арғынсыз, найман сенің күнің бар ма?
Шығатын менсіз жерде үнің бар ма?

Сарамен айтысқанда Біржан сері,
Арғынның топтан озған ақтан кері,
Найманнан өзіне серік тең таба алмай,
Жығылып осы емес пе ед қайтқан жері.

Ақыным, аса алмассың менен өзін,
Жаныма қатты батты әрбір сөзін.
Атағы алты алашқа мағлұм болған.
Қайда жүр Сарыбайды көрмей көзің?

Болман:

Несікүл, жауап берші өз басыннан,
Айрылдың не себепті жолдасыңнан?
Өзінің сініліңді зар жылатып,
Қорықпады: соның қалай көз жасынан.

Өзіңе бай етіңсің сінілің байын,
Көп алдына масқаранды шығарайын.
Ешкімге опа бермес, Несікүл қыз,
Алманыз көңіліңе ер Құсайын,

Несікүлді, Құсайын, сен алып қашқан,
Тұлпардың құлыны едің ізін басқан,
Тіл алсаң Несікүлді қайтар, жаным.

XXX

Жері осы Несікүлді кара басқан,
Бұзаудың тура келді Ыбырайы,
Белгілі болды деді Несікүл жайы.
Несікүл, жеңілдің сен шапан жап деп,

Халықтың қабылдады жарлы-байы.
Сынастық сөзімізді көпке салып,

Сөздерін екі ақынның көрді халық.
Аузымнан шыққан сөзді кешіріңіз деп.
Несікүл шапан жапты қолымды алып.
Мен-дағы кештім дедім соңсын тұрып,
Жан-жаққа жүрген кезім құлашты ұрып.
Тарқады жұрттың көбі бата беріп,
Осындай сайран еттік дүкен құрып.

БОЛМАН МЕН ЖЕЛЕУДІҢ АЙТЫ

Ж е л е у :

Болеке, қариясыз көпті көрген,
Табамыз таппасак та, жоқты жерден.
Абайлап алды артыңды байқап сөйле,
Кемі жок деген сөз бар ердің ерден.

Балалар сөз тыңдасын есіктегі,
Жұмыстың жарамайды кешіккені.
Үгіттеп сізді енді не қылайын,
Білмейтін бала емесің бесіктегі.

Б о л м а н :

Кетеді сөйлегенде қызып аркам,
Ерлерім жаналықтан өскен дарқап.
Өзіңнің ерте шапқан ардагерің,
Сөзіме құлақ салып тыңда қалқам!
Көрдің бе Қарақұм мен Қоңырқұмды.
Талайға осы күннен берген сынды.
Әреді өлкесінде үш жүз мың қой,
Айтсам мен жан шыдамас Қарағанды.

Сен-дағы жоғарылап көтеріле бер,
Осындай еткен ісің, талабыңды.

Қонырқұм, Қарақұммен қатар жатқан,
Құзында қыран шалқып қанат қаққан.

Сендерге табысымды көрсетпекке.
Мінекей, бетім осы-ау келе жатқан.

Балқашпен қатар жатқан Теміртауым,
Жан сүйер Қазақстан, біздің қауым.

Осындай дәлдеп айтшы табысыңды,
Термейік қазақшылық құрғақ дауың.
Көрсеніз тап қаларсың болатымды,
Ұшан-күйрек қонатым қанатымды.

Мінекей, қарсы келме бұл ағана,
Шығарған сөз кендерім ұлы атымаң.
Ал қалқам, сендер жассың бердім кезек,
Сөйлеп көр, көп ішінде тілді безеп.

Шыныңды айт, былтырғы өткен, бұлғымен,
Мінекей, болсаң жасым адал жүрек.

Ж е л е у :

Оңтүстік облысы үлкеп орда,
Байлығы таусылмайтын ескі қорда.
Байқайсың, есітесіз көрмесек де,
Табыстың барлық түрі жатыр сонда.

Елім бар күміс қазан, алтын қасық,
Алтынды күнде ұстаймын жалтылдатып.
Бере алмай межедегі жоспардағы көніріңді,
Сіз отырсыз жоспарды кейін тартып.

Ақсақал, алды-артыңды сөйле байқан,
Далаға жаққан оттай кетпе шалқып.

Мен сізді «қария» деп сыйлап тұрмын,
Кетер ем басқа болсаң бір-ақ шарпып.

Елімнің қасиетті кісілері,
Бастырып абыроймен істі ілгері,
Отанның бар керегін беріп тұрмын,
Табысы кем демейді ешкім мені.

Құлақпен естігенді көзің көрер,
Табыс үшін жұмсалды барлық өнер.
Әрі-бері ортамызда поезда жүріп,
Кеп жатыр неше түрлі машиналар.

Орнатып бұл табысты Ленин берген,
Бұрыннан ел емес пе ек кешеулеген.
Жағынан мәдениет бос қалмаңыз,
Болеке, ойың болса өсем деген.

Елімде шаалқып өскен мал менен бас,
Құлпырып, бәйшешектей үлгілі жас,
Шыққанда бір-екі лек парад түзеп,
Әскери тәртібіне боласың мас.

Айтайын айыбынды енді тыңда,
Өтірігі жоқ, Болеке, тұрсаң шынға,
Тауығынның жоспарын толтыра алмай,
Үйден жинап сен жүрең осы жылда.

Алды бес жүз, аяғы жүз елуден,
Жеткен колхоз көрінед қойы мыңға.
Кебенек кей ешкісін қырып жатыр,
Ауданның «Қызыл туы» қалып шуға.

Айтайын Нұра ауданның масқарасын,
Келіспейд көрген істі ашпаған соң,
Тұрғанда ойсыраған олқылықтап,
Неменеңе жетісіп мастанасың.

Алашадан кигізіп қамыс күрке,
Малшының көріп келдім бас панасын.
Береке малдарына қайдан кіреді,
Тоқтың қоздап, шыбышын қашпағасын.

Шет аудан, бір колхоздың «Ұзынырақ»
Жылап тұр күш-көлігің көрмей жарық.
Активтер оларыңды жіберме деп,
Өгізің көтеремнен болды кәріп.

Аксақал, бұл жерге кеп айкайлама,
Болмай ма, өзің үшін бетке салық.

Б о л м а л :

Әй, Желеу, жас бала едің білед деген,
Ер күшін еңбекпенен білектеген.
Айтқаны бұрынғының осы емес пе,
«Жығылған сүрінгенге күлет» деген.

Айтайын жұмысыңды сынап тағы,
Акын да сөз аяғын ұзатпады.
Он жеті мың бас қойың былтыр өліп,
Сенделіп адамдарың бұлғақтады.

Тағы да айтып өтем мақта жағын,
Мақтамен сен де шырақ не ақтағанын.
Былыт да борышыңды толтыра алмай,
Осы ма маған әкел сақтағанын.

Паш етем байлығыңды алдарына,
Үлкен-кіші қыздар мен шалдарына.
Өтірік айтпа шырақ, жас басыңнан,
Топалаң келгені жоқ малдарыма.

Мінекей, осы отырған білер халық,
Кім кемін, кім артығын бәрін анық.

Шіркін-ай сөз кезегі кейін калды,
Толғанып домбыраны қолыма алып.
Созактын былтырғы қыс жұтағанын,
Отырсыз өзіңіз-ақ мойнына алып.

Бұл күнде үш жүз мыңға қойым жетті,
Қойым көп өрісімде егіз тауып.
Мен Болман Жезқазған мен Қарағанды,
Жұрт жинап отыратын құрметпенен,

Сөйлесем таусылмайтын көмірімді,
Көмірім өркендеткен өмірімді.
Қарағым жас та болсаң қатар болдың,
Сөзіңмен қалдырма өзің көңіліңді.

Мен әлі айтқаным жоқ оннан бірін,
Шалқыған, қайнап аққан теңізімді.
Ал енді кезек бердім өз басыңа,
Аңдып айт, байқап сөйле жолдасыңа.

Жанағы айтқан сөзің бәрі өгірік,
Ақыры келіп қалар өз басыңа.

Ж е л е у :

Халқымсың өсіп өнген Қарағанды,
Қандырдың табысынмен бар адамды.
Азырақ сол жеріңе өкпелеймін,
Жаратпай отырсыздар жарағанды.

Айтайын Оңтүстіктің алыптарын,
Өздерін алыптықпен танытқанын.
Қамырдай кара тасты күшпен илеп,
Береке еңбегіне дарытқанын.

Елімнің қасиетті кісілері,
Бастырды абыроймен істі ілгері.

Осындай бар табысты шындық айтсам,
Бұл жерде кінәламас ешкім мені.

Айтайын Нартаевтың жеке басын,
Жеті айда орындады жыл нормасын.
Мұндай алып сіздерде табыла ма.
Елімнің күшпен ашқан қазынасын.

Онан соң Бидайбаев забойшігім,
Босатып күшпен тартып таудың жігін.
Бес айда жылдық ісін орындады,
Баянды етуменен істің түбін.

Қолында машинасы дүрілдеген.
Жас жігіт жарқын жүзді күлімдеген.
Отанның туылған ер тілегіне.
Еш қандай кемшілікке сүрінбеген.

Отанның туғызып біз тілегіне,
Күші барыс арыстандай білегінде.
Шешесі жерік боп туған екен,
Басында жолбарыстың жүрегіне.

Өзі де жолбарыстай туған нағыз,
Әр толға жырға қосып айтар аңыз.
Туады алып анадан, ат биеден,
Дегендей ел аузында боп жүр аңыз.

Осындай ерлерім бар елге ырыс,
Жау мойнын қыркатын өткір қылыш.
Екпінді батырлардың айтпақ дұрыс.
Жұмыстың басқарамыз ауыр жағын,

Көздейсіз жеңіл ұшып тәуір жағын.
Бар болса, батырыңды тағы айтып бер.
Осында Алматыда Бауыржаным.

Б о л м а н :

Шопан ер, естіп пе едің Мұқан ерді,
Неше рет осы толқа талай келді.
Омырауда қос ордені жарқылдаған;
Шіркін-ай, жақындатқан алыс жерді.

Жүз қойдан он мың қойды өсіріп,
Осындай бір тамаша өнім берді.
Осындай жақын қылған алысынды,
Жіберме, бұл жарыста намысынды.

Өсиет-үлгі берген талай жанға,
Мен-дағы айтып өтем Қанышымды.
Ертеден естіп пе едің Ықыласты.
Олардың жұрағаты өрге басты.

Өсірген партиядан айналайын,
Қойғанын жарыстырып кәрі-жасты.
Отырмыз қызықпенен нұрға батып,
Әр сөзге сөйлемейік басты шатып.

Шырағым, байлығыңды салыстырма,
Сенің де кем демеймін табысыңды,
Бір қорған мысымменен алам сатып.
Сыртыңнан естіп жүрмін табысыңды.

Өзің де таппадым деп айта алмассың,
Мінекей, көмір менен сол мысымды.
Кетесің кейде өзінді-өзің мақтап,
Қалдырма бар сөзіңді ішке сақтап,

Онымен өзің мақтап шыға алмайсың,
Шаршы топ көп ішінде кетсем ақтап.

БОЛМАН МЕН ТАЙЖАН

Тайжан:

Жақсының таныс болдым баласына,
Ән салдым Сарыарқаның даласында.
Домбыра ап, Болман інім келіп отыр,
Жармасып қалайын деп ағасына.

Бұл ағаң бой бермейді, күш бермейді,
Көрген жоқ жан жармасып жағасына.
Әкеніз кеңес сөздің дариясы,
Сөз десе қайтқан емес ықыласы.

Ағаңа мен сияқты жармасам деп,
Болманым болып жүрме аллағасы.
Мен-дағы Ұлытаудың сұңқарымын,
Сөзбенен даяр отыр сыбағасы.

Қиядан бөрі келсе шап беремін,
Басынан сыпырғанда томағасы.
Су ішкен алмауытпын биік өрден,
Халыққа сөзім анық құдай берген.

Қожасты қолдан бағып бөлгем енші,
Сондағы менің атам бата берген.
Іменбей сен ағаңа жармасасың,
Кісідей жаңа туып көктен келген.

Болман:

Тайжеке, құнан да бар аттан озған,
Болсаң да ардагер боп топтан озған.
Бал мінез Қожабайдың баласымын,
Мен дағы жүрмін озып қалың қолдан.

Тайжеке, үлкен жасың, құрмет етем,
Артыңнан қашандағы қуып жетем.

Түп бірге, түтін басқа, қайран аға,
Сөзімде айтқан осы бар ма бөтен.

Әрине деп айтасын енші бердім,
Ағасын дәмін татқан талай жердің.
Қожастың төрт баласы, мал мен басты,
Бұл күнде кәмеліме мен де келдім.
Атамыз Сағындықтан кімдер асты,
Ерескен дұшпанымның сұлқын басты.
Еліңді жау шапқанда атам шығып,
Жылаған көңіліңнің зарын басты.

Туыпты орта жүзден жеті бала,
Бақыты артық қылған хақтағала.
Қожасты мен бақтым деп кемітесің,
Ал, Тайжан, алды-артыңа бірдей кара.

Кешегі маған ерген сен емес пе ед
Сенен сол біздің ата кең емес пе ед
Атаңыз Қалмағамбет молда болып,
Біздің елде бала оқытып жүр емес пе ед?
Ал, аға, байқап сөйле ойды тандап,
Орта жүз бас қосқанда өңкей санлақ.
Сондағы ішіндегі Ырысай елі,
Баласы бұл үш жүздің алған тандап.

Ырысайға, Ерденменен кімің жеткен?
Кіші жүз сіздің елді шауып кеткен.
Әлерген намысыңды сол екеуі
Осыны ұмыттыңыз не себептен

Ал енді кезек бердім, Тайжан аға,
Өнбейді еш бір нәрсе күр өсектен.

Тайжан:

Жол берген менің әкем шаригаттан,
Шаригатқа қарсы келме, тәңір атқан.
Қожастың намыс қылма еңші алғанын,
Қорықпай қалай айттың аруақтан.

Әр істі мына Тайжан көрген жоқ па,
Сонынан не жақсының ерген жоқ па
Әкесінің асына жар шақырып,
Тұтқыштан қастан жоқ өлген жоқ па?

Тұтқыштан қастан әкең өлген жоқ па?
Сол кезде кім шауып еді намысына.
Жер жарған сарыаталық табысына
Тұтқышты қолымен барып ұстап алған,

Әуелі өзінді-өзін танысың ба?
Ұлы жүз, Орта жүз боп бас қосқанда
Сен үшін шыққан жоқпын ба намысына.
Кісідей сөз сөйлейсің көктем түскен,

Тұтқыштың мен емес пе қапын ішкен.
Әперген намысыңды менің атам,
Қай жерім кем болып еді қайрат-күштен?
Осындай ірі ісімді еске алмайсың,

Айнала жан-жағына көз салмайсың!
Адасып Болман інім теріс кетпе,
Біздерден бата алсаң бос қалмайсың,
Шыдасаң атаң Қожас құл деп айтар,

Шынылы шынжыр балақ біз деп айтар.
Өзіңше тере берші өз сөзіңмен,
Қожастың арғы атасы кім деп айтар.
Ал енді кезек бердім, інім Болман,
Сұрағы өз әкеңнен кім деп айтар?

Болман :

Сұрасан арғы атам Матай-Найман,
Жері жоқ қай уақытта серттен тайған.
Қожаста сыбағанды берген жоқ па,
Ұранда кім асып ед Қаптағайдан.

Қожастың алты болыс төрт баласы,
Әруақтың Төлек, Тулақ босағасы.
Кім өтті қатарында Сандыбайдан,
Адасып сөз сөйлеме отағасы.

Безгілі орнымыз казулы арық,
Бақ қонған бабамызға қызыр дарып.
Өсірген атам қорғап мал-басынды,
Қалайша адасасың аузың барып?

Елге-ел қоныс тұтып айқасқанда,
Кім озды Ұлы жүзбен шайқасқанда.
Үш жүз боп бас қосқанда не деп еді,
Жерінде мұқырсары бас қосқанда.

Сондағы Абайділдә шыққан жарып,
Өтейін әрбір істі еске салып.

Кешегі масақ батыр, емес пе еді,
Кек алған Ұлы жүзді шауып алып.

Сондағы осы істерім сендер үшін,
Атамның сол сияқты көрдің күшін.
Бас қосқан отыр міне Орта жүз боп,
Осы ма, Тайжан аға, үлгілі ісің.

Ал енді кезек бердім, Тайжан аға,
Сияқты айтқан сөзің көрген түсің.

Т а й ж а н :

Шырағым, көп сөйледім, інім Болман,
Еліміз ертеден-ақ нұрға толған.

Елімде Бай Тоғызбай малы асқан,
Оған да осал емес бақыт қонған.
Бес мың қой, үш мыңдай боп жылқы бітке
Асырып сақилығын мейман күткен.

Ұлы таудың сарасына үш үй тігіп,
Осындай адамын жоқ мейман күткен.
Әм байлық, әм сақилық біздің елде,
Жанбыр жауса шөп бітеді кара жерге.

Елімде Айбас пенен Нөгербек боп,
Әуелде сізден бұрын шыққан төрге.
Атамыз бұрын туып жарық көрген,
Еш қайдан бақытың жоқ алып көлген.

Несіне Ырысайыңды мақтай бердің,
Жаңбайды байлап, матап ұстап берген.
Ал енді кезек бердім, інім Болман,
Нәрсенің анығын айт көзің көрген.

Б о л м а н :

Көрдің бе осы күні Жаңабайды,
Бетіне жан баруға жарамайды.
Көп оқып әбден үлкен білім алып,
Адам деп оларыңды санамайды.

Қай жерден, Тайжан аға, мақтанасың,
Кеш болса малды ауылға аттанасың.

Әркімнің түйе, қойын сойып жедің!
Нахақтан жан бересің, ақталасың!

Жұмабай, Тұрсын еді ұры басы,
Қиянатшы солардың бар жолдасы,
Осындай жамандыққа үйір болдың,
Ісіннің толып жатыр масқарасы.

Кешегі Ұлытауда бас қосқанда,
Ұрының беріліп еді сыбағасы.
Ұрлыққа батырмын деп мақтанасың,
Өзіңе кетпейтұғын дақ саласың.

Ақметтің екі нарын бірдей сойып,
Оларда бар ед сенің қанша аласың.
Осындай ұрлық қылған кесіріңнен,
Жауықтырдың тату елдің екі арасың.

Өзін біл не сөйлесең, Тайжан аға,
Жұрт білер мына отырған сөз расың.

Т а й ж а н :

Ғапу ет, Болман інім, үлкен жасым,
Ағанның тарттың сыйлап сыбағасың.
Ал енді сөз аяғын тоқтатайық,
Болған сен ұяламын үлкен жасым.

Тұрушы ең қай уақытта орын беріп,
Бәріміз қалып едік ата көріп.

Бәріміз атаң Найман баласымыз,
Ежелден халық едік іргем берік.

Осыған риза бол, інім Болман,
Қайтармын Қожаекене сәлемберіп.

ШАШУБАЙ МЕН БОЛМАН.



Ш а ш у б а й :

Шырағым, аманбысың, ақын Болман?
Дауылмын жан беттемес, соқсам оннан.
Өленге болдырмайтын желғабызбың,
Жүлде алған сан дүрмекте талай қолдан.

Балқаштай ақ айдыңның аққуымың,
Еркелеп толқынына күнде шомған.
Желпісем қанатымды дауыл тұрың,
Тітірер екпінімнен небір қорған.

Он Болман іздеп келіп жарысса да,
Тарланның таймайтұғын даңғыл жолдан.
Салмақты Қоныраттың тасындаймың,
Желіксем көктен түскен жасылдаймың.
Өлеңнің қырық қыркасын бір-ақ асқан,
Іліңдің қармағына Шашубайдың.
Ақыным, осы жолы мерт болмай қайт.
Жүргенде шығамын деп төсіне Айдың.

Күшейтіп шабуылды майдағда ерім,
Тазартып қасиетті кеңес жерін,
Қарыштан күнде алға басып барад,
Талқандап, бұзып-жарып жаудың шебін.

Ынтымағы жарасқан алуан ұлтты,
Кім орнынан қозғалтпақ кеңес елін?!
Отан үшін, ел үшін, өмір үшін,
Жырлайық екі алыптың не бергенін.

Сөйле ақын, серме құлаш, көсіл, қарман,
Қалыда қалдым деме мына шалдан.

Жентекте, жетіле айт білгенінді,
Аяма мінім болса ойыңа алған,
Келместен шаршы топқа аялдағым,
Аз сөзбен хал-жайымды баяндадым.

«Амандық ағаның» салты осы ғой,
Кезек ал, барынды айт, аянбаған.

Болман:

Адамға ақындығын бағалаған,
Жөн шығар өз күнін де шамалаған,
Қорықпай-ақ канатының дабылнан,
Сол көлді мен де, аксақал жағалағам.

Ғажайып сұрапыл боп сұр үрсең де,
Қозғалмай отырмын ғой бағанадан.
Ніріп тәулік сайын жүз вагонды,
Жеткізіп руданды бере алмаған.

Сол канат маған бітсе Руденконы,
Болар ем күніне жүз сабалаған.
Мен-дағы асу бермес асудаймын,
Желіксем бірер таңға басылмаймын:

Барында Жезказғаным жеңілмеспін,
Келсе де сексен сегіз Шаңубайын,
Жезказған бар алыпты қарына іле,
Атағын жеңін алды бәрінінде.

Бір түгіл салыстырсақ қырық Қоқырат,
Болмайды астар тұрсын әлібі де,
Арқада үлкен үй боп қазыналы,
Көтеріп не сұрасаң базынаңды,

Шешеке, осы маған өкпең бар ма,
Әкеліп тұрсаңда ылғи қазынамды.

Болғанда үзігі алтын, түндігі мыс,
Уығы көрегесі аппак күміс.

Қазығы қорғасыннан алып үймін,
Жабылып қозғай алмас батыс, шығыс.
Мыс беріп, қатал жаумен жұлысуға,
Сүрінбей шауып өткен ұлы сында.

Әр бірі, әр заводтай шахтыларым,
Аксақал, толар білем уысына.
Табыстан он ай бойы, табысқа өрлей,
Келемін жарысканның алдын бермей.

Қолымнан сонан бері ту түскен жоқ
Соны да жүріп пе едің көзің көрмей?
Жанына жабырқама кетсе батып,
Біз емес күн өткізер үйде жатып,

Бәйгеме анада алған, қажет болса,
Бір айлық руданды алам сатып.
Жанарың, ақын аға, жетпес шолып,
Бергенім жеңіс үшін жатыр толып:

Өндірген жоспардан тыс рудаммен
Түп-түгел қаруладан сексен полк.
Қияның қолы жетпестей қиясымын,
Деп бүгін мақтануға сиятынмын.
Тұдырған таңырқалық алып ерлік

Өйткені рекордтар ұясымын.
Атағы Алатаудай асқар әлі,
Жетерлік мың - сан жауды жасқарға әлі,
Атқарған қырық адамның қызыметін,

Алып жоқ Балмұханнан асқан әлі,
Бұрғышы кім білмейді Әйгеловті,

Самғаса сая жарыста бәйге ілікті.
Бітірген айлық істі бір тәулікте
Өнері ерлігіне сай келіпті.
Кімнің бар, пар келетін Акшаловке
Ерлікпен даңқы шыққан шар-тарапка.
Нормасын жиырма адамның жабар еді,
Бір күнгі еңбегінен енші алып та.
Семірген өтірікке Селиванов
Қайғы жоқ, тіл буынсыз, қорынарлық.
Жаны тыныш, жол ісімен жұмысы жоқ,
Саусағын жылы суға отыр малып.
Күніне неше вагон құласа да,
Қылмысы тексерілмей жатыр қауып.
Балқаштың толқын қуған құр аққуы,
Көрмедің соны неге қырына алып?
Үнемі жолдан тайып, вагон құлап,
Аптығып тұрғыза алмай жатсаң сұрап.
Шашеке, мен айтпай-ақ, өзін айтшы,
Бересің составыңды қалай құрап?
Құрағауңнан құлату онай дейді,
Сол жерін Топченкодан көрші сұрап.
Ана бір жылтындаған Волоканов,
Келгенде құлатуға деседі алып.
Бір емес, әлденеше поезд құлар
Соңына сол жұмыстың қойсаң салып.

Ш а ш у б а й :

Әлемге даңқы мәлім, атағы асқар,
Қатталған қойнауында қымбат тастар,

Қазыналы Қоныратқа салғастырсақ
Еш алып Европада болмас астар.

Алыппын аты шулы асқан шеннен
Құралған тұтас тұлға алуан күннен.
Егерде керек қылса сексен завод
Еш уақыт тарықтырмас жейтін жемнен.

Өзім оқ, өзім бомба, өзім танк,
Өзім кен, өзім қазына, өзім алып.
Майданға көмегімнің көптігіне
Жетеді қашаннан да көзім анық.

Қолыма қадасаң да тоқсан бұрғы-
Білінбес шыбын-шіркей шаққан құрлы,
Не ғажап алып күшті машинам бар
Келтірген асты-үстіне ой мен қырлы.

Қозғалмай бір орында табан тіреп,
Сан батпан салмағымен сокса тіреп,
Жеті қабат жерден өткен зұлпықардай,
Қашауым қара тасты кетер іреп.

Салмағы соншалықты шектен шыққан,
Інедей сол қашаулы жерге тыққан
Батыр бар Азбалбектей елге мәлім,
Жентектеп таудай тасты саздай сыққан.

Алыптан алып туған Өтебаев,
Алдынан қаһарланса жұмыс ыққан.
Тебінсе тегеуріні темір үзер
Нұржанов бір ұрғанда тауды жыққан.

Кім жетер Парпенев пен Сыздықовқа
Мылқау тас сөйлеп кетер тілін ұққан.

Болманым, мына көпке даттан бергін
Осындай ерім бар деп менен шыққан.

Біреуі бір-бір шахта экскаватор,
Шақ келмес теңеуіне мың сан батыр.
Атандай кесек тасты бір-ак қауып,
Күніне мындап вагон тиеп жатыр.

Үйреткен сол асауды Елемесов
Алысса күз жартаспен ерегісіп,
Аумағы бір ауылдай кен алқабын
Ожаумен қас қаққанша алар көсіп.

Маманов, Петришев, Сеқербеков,
Қайнатып қара тасты қалған бекіп.
Қопарыл боршалаған ерлік ісін
Жеткізіп айта алман тілін жетіп.

Бір күндік рудамды берген артып,
Жүз поезд әкетеді әрең тартып,
Құралған барлық мүшем машинадан
Көтерем сан Болманды бір-ак қарпып.

Қелдағы мың поезбен тиеп әкет,
Кенімді керек болса берген артық.
Мақтадың, Болман шырақ, комбинатты,
Есіңе аламысын майдан жақты?

Алты айда кем бергенін білемісін
Екі жүз отыз мындай снарядты?
Балқашқа берген кенің тат боп шығып,
Бес жүз тонна мыс сонынан жетпей қапты.

Рудадан жырма төрт мың борышын бар,
Мұны кім саған тағы арқалатты
Мені былай қойғанда өз заводын
Оң екі мың тоннаны ала алмапты.

Басқарған Новоселов екі шахтан
Оныңды айтамысың етіп мақтан?
«Онбір» мен «Жшырматоғыз» оған серік,
Хабарын бар ма сірә олар жақтан

Қаншама мың патрон болар еді,
Есептел кеп бергенін болсаң шаққан?
Біліп ем Байқоңырдың жайын ашып,
Жабырқап өз өзімнен қалдым жасып.

Не сала жоқ, не сан жоқ — күл шығарып
Отанның мыңдаған сом пұлын шашып,
Ақынмын деп сол жерде неге жүрсін
Олқылықтың көрсетпей бетін ашып?

Кім сүйсінер ақынға қоян-қолтық
Көмірші, жұмысшының төрттен бірі.
Нормасын орындамайды осы күні.
Еңбекте өнім, ісінде береке жоқ.

Даурыққан у да шу, ығы-жығы,
Етек басты борышты болған Болман.
Ақын атын арқалап жүрсін тірі.
Ызаға шыдай алмай күйер едім,
Болса да егер осы міннің жүзден бірі.

Б о л м а н :

Шашеке, жеккөруші ед биікті кім?
Мақтай бер трубанның биіктігін
Бірақ та оның әкеп жалғасаң да
Көрдің бе артпағанын биіктігін.

Тегінде кері болып жүрмегей-ақ
Баяғы ұста пышақ жиынтығын.

Өндiрген мысынды айтпай трубанды айтып,
Ісікнің көрсетіп тұр сұйықтығын.

Бiлдiң бе қанша мысты сырал еткен,
Әлгi бiр мақтап жүрген сүйiктi інің?
Соны сiз бұл күнгеше бiлмепсiз ғой
Трубаны өлшеймін деп бiлiктiгiн.

Мак-Күлей аса ашқарак демейiм де,
Сонда да қақалуы көбеюде.
Басқарған адамынның аты шықпайды,
Жоқ па екен бiр қылтанақ көмейiнде.

Өндiрген мысынды айтпай, трубанды айтып,
Қаншама заводымды сынасаң да
Бiрақ та темiр түспейд көмейiне,
Заводым отырған жоқ отқа қарап,

Майданның керегiне жатыр қарап.
Өндiрiп жоспардан тыс қаншама мыс,
Сiздi де соңғы екi айда қалды жанап.
Ақсақал артқасын деп ұрса берме,

Жаларов Айтқұловтай горнобойлар
Майданның күн-түн iстеп қамын ойлар,
Осылар тақымында толар деген,
Шашеке, сiз сияқты Бiзде де ой бар

Кiм бiлмес конверторшы Қожановты
Менгерген өз ісіне қожа мықты,
Майданның сұрағанын үзбей берiп,
Бәйге алып сан дүрмектi оза шықты.

Бiлiктi бiр мастерiм Ахметов,
Көрмеген еш жұмысты хақы кетiп.

Өмірде оттан, оқтан беті қайтпас
Сындардан келе жатыр аман өтіп.

Шашеке, өзін бомба, өзім танк
Дей берме бар байлықты еншіңе алып.
Кеткенін кімнен танк көрер едің,
Байқасаң майдан жаққа көзің салып.

Әлемге атағы аян Жездемізді
Бар майдан арқасына отыр таңып,
Көп беріп заводтарға марганецті
Өргізген біз болармыз мыңдақ танк.

Кім білмес Жездідегі Грпасты,
Жүлде алып сан дүрмекте шоктығы асты.
Бір өзі қырық кісінің ісін істеді,
Қақ жарып қайратымен қара тасты.

Тізеден фабрикаң, лай-балшық,
Тазартып болар емес адам аршып,
Жылтырап екі көзі Матвеевко
Жүргені жас мысықтай күнде малшып.

Айтқаным, сол байғұсын суға кетед,
Бір күні көл боп кетіп сонау шалшық.

Ш а ш у б а й :

Айтсам мен ерлерімнің атып даттап,
Төгіліп сөз тасқыны кетед қаптап,
Паровоз машинисті Дюшев дейін
Басамын айшылықты алты-ақ аттап.

Ыңк етпей тау салада көтерімін,
Үстіме, Омаровша неше қаттап,
Атақты аты әйгілі Пухкише ұста
Бір күнде неше батпан соғам қақтап.

Зерекпін флататор Қасымжандай
Мүлтіксіз мың тетікті алған жаттап.
Көзімнен жайдың оты шашырайды
Сваршиқ Бекеевті айтсам мақтап.

Балдырған баладайын Қоначиев
Әпсәтте мыңды алатын, мыңды саптап.
Мен ұста, мен машинист,
мен жүкшімін,

Шал емен, үйді отырған бойын баптап.
Жерім көп мақтанарлық еше түрлі,
Көрікті сәнді қала,
қызыл гүлді,

Саялап самалында Иран — бактың
Көрі, жас, дем алады, жазды күні.
Ой толғап радио шырқайды әнді,
Суырып түптеп тартып сұлу күүді.

Көрі-жас күнде кино-театрда
Ду кылып, тай шаптырып зәулім үйді.
Мындаған адамы бар Жезқазғанда
Бір бақ жоқ ауыз толар осы құрлым. ф
Құн қызып ыстық бойды шаршығанда
Үйіншек пана болад үйдің түбі.
Кіршіксіз менің алып өндірісім
Бұл себеп мол беруге өндірісім.

Жарқырап ту мол сыртына тұрған жоқ па?
Мойының соз, иланбасаң көрші кісім.
Айна деп кескініне қарар едің.
Алыптың өз көзіңмен көрсең ішін.

Сендегі кейбір цехті тұрсам көріп,
Кір басқан, шаң ұялап, өрмекші өріп,

Жүректі айнытады қонырсыған
Мұрнына әлдененің иісі келіп.
Жылы болсын дегендей заводьяды
Қойыпсың белдемшеден күлге көміп.
Осыны көре тұра жақ жазбайсың
Кеткендей бой үйреніп, етің өліп.
Көретін ойын сауық халық келіп,
Клубын құлауға тұр жалп беріп.
Өрінен ойға қарай тіреу сапты
Бір ғалымның жобасын салып беріп,
Жорықтың осыны өзі істеп пе екен
Моласына Насырдың барып келік.
Болман сен кетпейсің бе ғалымның
Бізге де бір үлгісін алып беріп.

Тұз үйіліп жатса да қастарында
Тұз салмай ас ішкенді көрген емен.
Болмандай ақын түгіл басқаның да
Сақал-шашы будырап кетіпті өсіп

Жігітің еріп келген қастарына.
Қаланда шаштаразы жоқ па, жаным,
Мұртты басып, сақал мен шашты алуға?
Жатақ үй кейбір жерде шеннен өткен.

Бүрге менен қандада үнгір еткен
Бір түн түнеп ішіңде шыққандардың
Ақ етің көк тырнағы күлдіреткен.
Сұқашовың басқарған жатақ үйді

Кім төсексіз, көрпесіз бұлдыр еткен.
Суым мол деп көпіріп көп жыласың
Тамшыға суға зар қылып сылдыр еткен.

Естімелті осыны ел көре тұра,
Үнінді тым болмаса мінгір еткен.

Б о л м а н :

Өзінің мінін бүркеп адалсыған,
Кей адам қорқып тұрар адал сыннан.
Сіздеағы сол айтқанның керін етіп
Осында жалтардыңыз талай шыңнан.

Ойлама білмеді деп мінімізді,
Сол міннің жетегіне ап мыны бізді.
Сүйрелеп осы топқа алып келді,
Жеткіз деп Шашекене мұңымызды.

Аксақал Қоңыраттай асқар алып,
Жұмысын кеткендіктен басқаланып,
Борышты болып жатса заводыңа
Мынауың барып тұрған масқаралық.

Бір ғана авария жүзден артып,
Етектең Қоңыратты жатыр тартып.
Осыны тәртіптесен өспес пе еді,
Майданға жөнелтетін мысын арттық?

Шөліркеп шөлдегідей алыптарын
Көргеміз тамшы су деп тарыққаның
Ауданнан станоктік су таппасаң,
Келгейсің Келгіріме алып бәрін.

Шашеке, жомартпыз ғой біз баяғы,
Өзіндеі талай дос-жар қол жаяды.
Тезірек адам жібер алып қайтсын
Балқаштын аз көрінед шыны-аяғы.

Қорыштау көрінгенмен көзіңізге,
Жетерлік ыдыс беріп өзіңізге,
Сіз тұрсың, басқаны да жабдыктарлық
Осының бар заводы өзімізде.

Сұлу қыз, сұлу бак пен әсем клуб,
Ісіне неге сенін әсер қылып,
Су мүжіп итіндірген моншанызды
Бермеді ремонттап әсем қылып.

Көптеген скважинаң шыққан бұран,
Неліктен пайдаға аспай қалды құлап?
Аксақал жақсы інііңіз Фоменкоден
Соны бір көріңізші әдейі сұрап.

Мастерлер жерге салса қашауы өтпей,
Жатқаны азаптанып жұмыс бітпей.
Көп болып соны неге түзетпейсің
Бак кезіп, сұлу андып, сауық етпей.

Айталық Қоңыраттағы Наумовты,
Өтірік талай рет ауырыпты.
Жаны тыныш жарты жылдай жатып ішіп,
Бір талай басшыларды сауын ғыпты.

Медсехка шақырғандай ұйықтағалы
Бүрісіп сұр камзолын тұйықтап ап,
Шашеке, қазір барып көрсен-дағы,
Захаров жатқан шығар ұйықтап әлі.

Үнемі жұмыс тастап қыдырғаннан,
Басына қырсық орнап қыдыр дарыған.
Алаяқ аты шулы Немешевін,
Шашеке, өлеңіңнен неге қалған?

Аксақал, аса сөйлеп тым есірме,
Ісінде былық көбін ал есіне.
Болсанда жүлде тиген жүз Шашубай
Мен кепіл бұл айтыста женбесіне.

Ш а ш у б а й :

Жұмыс кой сүйсінерлік ту алғанын,
Хабарын естігенде қуанғанмын.
Өзін айт төрелігін, ақын Болман,
Дұрыс па жалғыз туға жұбанғаның?

Төгілтіл Балқашыма күннің нұрын,
Төрт жерден желбіреп тұр қызыл туым.
Ту тіккен завод, Қонырат ТЭЦ-іне
Арнайды Шашубай карт барлық жырын.

Төрт туды қатар алып желбіретіп,
Сүйдіріп алтын айды елжіретіп,
Шарықтап шын басында отырмын мен
Астымда ақ айдынды мөлдіретіп.

Қолымда жеңіс туы айқайласа,
Дауысымнан селк етеді тау дір етіп.
Күш алған қызыл тудан Лениндік,
Ерлерім жау жасаған селдіретіп.

Қарыштап түнде алға басып барад
Фашисті жеңіліске мәжбүр етіп.
Қайтсең де маған, шырақ, тенелмейсің,
Мен тұлпар сен ғой торы көбендейсің.

Тартуым төрт құбыламда тұрғаныңда
Қалайша мені Болман женем дейсің?

Б о л м а н :

Халқымен ұлы орыстың канаттасын,
Өрледік талай асу, қабатты асып.
Фашистің техникасын талқан еттік
Келсе де тоқсан тоғыз қабаттасып.
Қуатты, батыр халық, батыр балуан,
Жеңістің шыңына өрлеп нешеме алуан.
Мықты ұстап коммунистік қызыл туды
Тезірек құтылайық фашист жаудан.
Ол үшін еселеген еңбек керек,
Жеңісті де осы ұлы еңбек беред,
Ұлы еңбекпен тұтасқан күшті күрес,
Қандай жанды болса да жеңбек керек.
Ендеше жезқазғандық батырларым,
Қопарғын жер қоймасын батыл бәрін,
Майданның керегі үшін жан аяма
Сұрайды осыны тек акындарын.

Ш а ш у б а й :

Қайнаған табысымның мол бір көзі,
Сарқылмайд өмірінде оның өзі.
Ол-Лениндік партия камқоршымыз,
Онсыз жоқ Шашубайдың айтар сөзі.
Не табыс аспанды алған, жерді жарған,
Не жеңіс жау жасаған талқандаған.
Тек оның есіміне байланысты,
Сондықтан аты ардақты оның маған.
Биылғы жыл табыс пен жеңіс жылы,
Биылғы жыл қалмасын фашист тірі.
Жер үстінен зұлым жау қуылып бітсін,
Елімде желбіресін жеңіс туы!

Естеліктер

СОЛ БІР КҮНДЕРДЕ.

СОЛ ҰЛЫ КӨКТЕМ әлі бүгінгідей есімде. Ұмытылар емес. Сарыарқа даласы жасыл желек жамылып сай-салаға дейін тасыған көкек айының төгіндеген жылы нөсеріне әбден негіздеген жер-ана бетінде сол жылы шықпаған шөп атасы қалмаған шығар. Даланың бозторғайы бұлбұлдай сайрап, дүние тек ән мен күйден ғана тұрғандай күмбірлеп, тіршіліктің мақтан туы желбіреген тамаша күндер. Неміс фашистері өз үнгіріне қуғыннан қашқан қасқырдай көзіне қан құйыла барып тығыла бастаған күндер. Бүкіл адамзат, ақ пейілді адамзаттың назары құдіретті азаттық туын көтеріп фашистердің соңғы демін кеңірдегіне буып, ықылық аттырған Совет Армиясының тегеуірінді шабуылына ауған шақ!...

Аудандық партия комитетіне шақырылдым. Бәрі сол кездегі тәртіп пен талапшылдықтан ба, күнібұрын шешіліп қойылған екен. Мен халық ақыны Болман Қожабаевпен сол кезде 2-ауыл атанатын «Бірлестік», «Аралтөбе», «Жетіқоңыр» колхоздарына, Барша құмының бойындағы малды ауылдарға, егістік бригадаларына аттанып та кеттім. Бұрын атак-даңқына ғана қанық, сырттай бірер көрген ақынмен кездесуім де қызық болды. Кездескен жерде:

— Сен бе едік? - деп селдіреу сақалын сипап бетіме қой көзін сығырайта күлімдей қараған қызыл шырайлы ақын іле:

— Иә, сөз дәмін білуші ме едің өзі?-дегені. Ан-тан қала акын бетіне карап, мүдіріп қалды. — Сөз деген адам баласы жаратқан бар асылдың ең салмақтысы, мәндісі! Біліп қой,-деп қолына домбырасын алып, ұзақ бір термені төгіп, төгіп айтып келіп: — Байқадың ба? — деген ол-алпыс екі тамырды пітіп, тұл бойына қан жүргізіп жүрегінді ауы-лүп соқтырып, ой-қиялынды шартарапқа шалқытқан жоқ па?! Сөз-осындай кейде-бал, ал кейде жан азабын беретін у, сөздің дәмі дегенім сол. Одан не хабарың бар? Сөз дәмін татып па едің?-деп қайталап сұрады.

— Болеке, сөзден меруерттей, інжудей, алтынның қиқымындай, күмістей шашу шашып, сіздей, — дей бергенімде:

— Жарайды, жарайды. Ар жағы түсінікті. Райком сені маған тегін қосқан жоқ. Осында Әмірәлин Әбілқасеннен бастап бірнеше жігіттің атын атап, безбендеп, «сөз ұғадау, сөз қадірін біледі-ау» дегендерден сені таңдағамыз. Ендігі өтіперіммен сауатсыз адаммын. Әйтеуір ауызымнан шыққанды хатқа түсіріп, ел игілігіне жаратуға азаматтық көмегін керек,-деді. Мен басымды шұлғып, ағынан жарылған аға алдында осылай бір шешімге келгем.

Біз келесі күні Теректі станциясында қос өгіз жеккен арба күтіп алды. Жер езіліп жатыр. Саз. Қара жолдың табанында ойдым-ойдым қак күміс теңгедей жалтырайды көзге. Өгіз айдаған бала мұрнын тартып қойып, ақынның бетіне, оның оқа-

лы жағалы масаты шапанына, басындағы пұшпақ бөркіне қолындағы қарағай қапты домбырасына жаутан-жаутаң қарай береді. Ақынның екі көзі далада. Жасыл желегі жарасқан көкжиекке еміне түсіп, тамағы бүлкілдеп, ішінен бәйіт оқығандай өзімен-өзі. Бізді жас шамасы Бөлекенмен қатар «Бірлестік» колхозының (Қазіргі «Сарысу» совхозы) Жандаулет қарасуындағы егіс бригадирі дөңгелек жүзі, буырыл сақал, кең мандайлы Әбдікер Жүсіпов едәуір жер жаяулап келіп қарсы алды. Екеуі төсіне төс тигізіп, құшағын жазбай сәл тұрды.

— Ерім-ай келіп қалдың ба? Жүрген жерің шаттық, базар болушы еді. Шамасы Ұлы Жеңістің шүйіншісің алғалы келдің-ау. Ал! Ал! — деп қарқ-қарқ күлді.

— Халқым қабағын шытса, жаным мұрныма келетін, халқым күлсе, күн болып бірге күлетін, оның жатса-жастығы, тұрса-төсегі, отқа ұсынса-көсеуі болудан басқа менің не мұратым бар Әбеке! Әне, батысқа қарашы. Гитлер сұмырай ініне тығылып барады, — деп әзілдің соғын салмақты түйген ақын Әбекеннің қолтықтауында егіс бригадасы еңбекшілері бас қосқан үйге кірді. Жасы егде тартып, аллыстың асуына шықса да, әлі тіп-тік, масаты жүзді ақынды ауыл адамдары қуана қарсы алып, дуылдасып кетті.

— Ассалаумағалейкум—деп қолына домбырасын алған ол:

Ел жұртым, сәлем берейін,
Жырдан жақұт-шүйке есіп,
Ән салып бір төгіліп,
Жыртылғанша көмейім,
Сағынышты жүрегім.
Көрмегелі көп болды.
Қабыл боп халқым тілегін.
Жауын түсті табанға!
Қызыл әскер ерлігі
Асырды данқын ғаламға.
Лениндік партия
Жеңіс туын ұстатты
Советтік барлық адамға

деп төгіле жыр топанын ағызды кеп. Делебесі ко-
зыл, көп уақыт мұндай бас қосу, сауық-сұхбаттан
қағажу қалып келген еңбек адамдары желпіне қол
соғып жатыр. Сол жерде, өзіне қарсы малдасын
кұрып отыра қалған айтулы соқашы Жетібайға
көзі түскен Бөлекен тағы төге жөнелді.

— Төбедей ғой Жетібайдың жотасы,
Маңдайынан шып-шып тері көрінген.
Бауырдай-ақ тілген жерді соқасы,
Дәні өсіп, қаузынан төгілген.
О, Жетеке, сілте-сілте еңбекті,
Жеңіс, әнс, дүниені тербетті.
Ақынын да отыр, міне, алдында

Шуағын боп, самалын боп желдетті.

«Бірлестіктің» тарландары
шалқындар,

Қол соғындар, жеңіс болып ән
тындар.

Иә, Болмаң аққу әнін шырқасын,

Еңбек жыры шашуың боп тартылар...

БҰЛ ЕСТЕН КЕТПЕС күндерде ақынның бармаған ауылы, кірмеген есігі қалмаған шығар. Табиғатынан елгезек, басқаға жанымен езіліп тұратын қарттың басқаның қайғысына бордай тозаңын көргенде, талай қасындағы біздердің де егілгеніміз бар. Ұлы Отан соғысы майданында қаза тапқан қыршын боздақтардың от басында болып, әрқайсысының қайғысына ортақ болып, қасіретін бөліскен ол талай жетімнің маңдайынан піскен, үсіріккен сәттердегі төгіле жырлай жаралы жүректерді дүр сілкіндіріп, ақыл-парасат, ұстамдылық пен бірлікке шақырғаны да қазіргідей есте Қайда барса да еңбек адамының жанын жадыратар өткір тілді, суырып салып, тау суындай төлесіз аға жөнелетін ақынға деген ел құрметі де шексіз еді. Сол бір соғыстың бар ауырлығын нығымен көтерген қарттар мен бала-шаға, әйелдер кейін көз жүгіртіп қарасак, батпан салмақты қайыспай аркалап, еңбек өнімділігін де арттыра беріпті. Барша құмның қоныр бұйратты топырағының майы шыққан дарқан өңірін қыстап шыққан шопан ауылдарының малын төлдетіп, отарына отар қосқан сәтінде, кейін Социалистік Еңбек ері атағына ие болған Керімбек Тұржамбаевтың фермасында болған бас қосула ақын ерекше шабытта

жыр күдіретін шақырды:

«Тобылғылы, Жиделі, Барша құмда
Қақалдым көмейдегі тұмса жырға.
Асып-тасып төгіліп шалқып кеттім,
Барлық байлық тұнғандай құм —
шағылға.

Әбәйділде, Әзбай, Сәрке, Бәйеш,
Шығардыңдар ел данқын қыр —
сағымға...

Аттарыңды қоярмын ырым қылып,
От басында келіннен туса ұлға.
Әр саулығың егізден қозы беріп,
Әр биеннің құлыны жүр соңында.

Женіске ұлы ұлассын байтақ табыс
Батам осы беретін жыр соңында»...

Ақынның кемеліне келген шағы ма, ра-
сында домбыра шанағын түртіп қалса, көмейі-
нен жыр ұйқасы ағыла шығатын. Қаншада сергек,
көңілді отыратын, әзіл-оспақ, қалжыны ауызынан
түспейтін Бөлекенді Жиделі құмын қыстап, көк-
темгі мал төлдету науқанын аяқтаған «Өрнек»
колхозының жайлымдағы фермасының бастығы
Ишан Еркімбаев сол бір қоңыр кеште қонақ еткен.
Сол кездегі 2-ауыл аталатын елдің білікті, беделді
азаматтары Ілияс Қожырбаев, Әбдіғали Арынов,
Байсалбай Дүйсеков бар едәуір кісі бас қосқан сол
Май мерекесінің соңғы бір кеші әлі есімде.

Мерекеден не бәрі екі-үш күн бырын «Аралтөбе»
колхозынан аттанған тоқтың ішінде, сол кезде ау-
дандық ақша бөлімінің агенті болып қызмет істей-
тін Базыл Ыбыраев та бар еді. Табиғатында ашық

мінезді, дарқан жанды Базыл сөзге де, ойға да ұтқыр, әзілкештігімен басқа құрбыларынан ерекше азамат болатын. Көктемнің қараөзек шағы. Елден шыға сала суыт жүріп, бірде желе жортып, аракідік ат басын босатып дуылдасып, көңілді келе жатқанбыз. Астында колхоздың шеге торы атанған жүйрік бәйге аты бар Болман ақын делебесі қозды ма, «Ал, кеттік!» деп алға түсіп гартып отырды. Бәрімізде ат басын босатқамыз.

Енді бірде селдірей бастаған көптің сіңында Базыл қалып бара жатып:

— Ей, нағашы, атаң жүйрік болса жүйрік шығар, бірақ тым ұзай берме, — деп айқай салды. Іркілгенбіз. Ақыры не керек. Базылды аты жүрмей, басқаларымыз тоса алмай, ауанымен келер деп жүріп кеткеміз. Көктемде құлпыра жайнаған ауылды сыртынан кеп:

«Осы үйде нағашымыз бар ма, Болман,
Сонынан қалмай, міне, келдім жолдан.
Қарамай мені тастап кетіп едің,

Қанекей, ортаға сал тапқан олжан.

Іштарлық жасаманыз осы жолы,
Сақылық көрсетіңіз келсе қолдан.

Байда өткен, патшада өткен дүниеден,
Дәулетке есі шығып қанша толған.

Халқының пейіліне мас болмаңыз,
Сүрінбей кетер деме мінген жорған!

Асылы бағынайық ізгілікке,
Көз салып әр уақыт он мен солдан!
Базылдың дауысы сәл бәсендей бергенде акын-
ның асқақ үні ширатыла шықты.

О, Ишан, мынау неткен асқақ дауыс,
Жиенге болған скеп менен ауыс.

Кешегі күрен тайды мінгіз соған.
Кәнекей, өзім болып бар да қауым!

Тұлпардың тұяғы ғой қайран Базыл,
Ән болып жібек толып төгіл жазыл.

Арғы атаң ел билеген Бұзау болыс
Дүнненіп көрген жоқ па, көбінде-азыл.

Самғай бер, өзіме тарт, өлең болып,
Басына бакыт, дәулет өнер қонып
Атаңның әруағы қолдай берсін.

Шалықта көк жүзінде айдай толыа...

Осылай сол күні жайылым учаскесіндегі ауыл
жұртшылығы тамаша қызыққа батып еді...

Ергеніне Болман:

— Жігіттер мен «Жасасын, Қызыл әскер Бер-
линді алған» деген ән шығардым. Сөзі де дай-
ын, — деп ашық сыңғыр қаққан дауыспен әнді со-
зып кетті.

Келесі күні ертелеп «Сарысу қайдасын!» деп ат-
танған оңға жуық адамның ауызында «Жасасын,
Қызыл әскер Берлинді алған» әні шалқып шықты.

А. ҚАРАЖІГІТОВ.

**Қазақстан Республикасы
жазушылар одағының мүшесі.**

АТАМНЫҢ АМАНАТЫ



Менің әкем Нұртай Болманнан жалғыз екен. Нұртайдан біз алты ағайындымыз. Бану, Тілеу-қабыл, Алик, Маден, Жанат деген ағаларым мен апа-қарындастарым бар. Біз бәріміз де атам мен әжемнің баласы саналатынбыз. Нұртайды үлкен ағамыз ретінде Көке деп атадық.

Әжем мен атам жазғы каникулде Балажесді бойына жайлауға көшеді. Біз жаз бойы сол кісілермен бірге боламыз. Жайлауда атам мен әжемнің көмегімен мал бағуды, құрт-ірімшік дайындауды, бие байлап, қымыз ашытуды үйрендік. Мұның өзі үлкен өмір мектебі екен.

Жайлауда атама сәлем беруге адамдар көп келетін еді. Қонақтың қыркы келсе де, атам қуаныс қабылдап, дәм татырмай жібермейді. Қолына өмірлік серігі болған домбырасын алып «ауылдың алты ауызын» айтып, думандатып кететін әдеті. Өзінің толғауларын төгілтеді, жекелеген өлендеріне шығарған әндерін шырқайды. Осындай сәттерде бізді қасынан шығармайды. Мәжілістеріне қатыстырады. Әрқайсымызға жеке-жеке тапсырма беріп, тақпақ жаттатады, өлен айтқызады. Домбырасын ұсынып, шертуді жалықпай үйретумен болатын.

Жасының ұлғайғанына қарамастан атам жинақы, қимылы тез, қағылез болатын. Жайқалған көк шалғынға киіз үйді тіге бастағанда атам қолына күрек, шот алып жыланның індерін бекітуге кірісетін. «Балалар жүгіріп жүргенде байқамай қалар. Мен монтанның (жыланды осылай ағайтын) жолын кесіп тастайын» деп отыратын еді.

Мен мектептің жоғары класында оқып жүргенде атам тоқсанды алқымдап қалған болатын. Қарап отыруға жол бермейді. Біздерді айналасына жинап алып ертеқ оқытады. Халық ақындарының жырларын жаттатады. Өзінің жас кезінде айтқан ақындары жайлы естелік айтады. Кейде сол ақындардың айтыс өлеңдерін айтқызып, бізге төреші болатын да әдеті бар. Жас кезімізден-ақ Қожабай, Шашубай, Тайжан сияқты халық ақындарының жыр маржанынан сусындап өстік.

Атам өзінкөй болатын. Әжеммен де, інісі Абрахман көкеммен де қалжыңдасып, отбасының шырайын келтіріп отыратын.

Ал жақын туыстары Молдан, Мүкмет, Мүқан, Әбді, Омарбек, Жанғали және Нұрахметтер үйге келгенде, өлеңмен өзіндеп: Қыдырәлі Болманов.

Інілерім келіндер желпілдеген,

Ақпейілім — өздерің елпілдеген.

Тобынменен отырсын ән шыркәмай,

Тиексіз домбырадай шертілмеген.

деген өлеңі есте қалыпты.

— Бибатша, Бибатша! - деді дауыстап әжеме, — Құлағыңа мақта тығып алғансың ба? Сені шақырғаныма бие сауым уақыт өтті, - деп жымиды атам.

— Қойғаның суып қалды ма? - деп әжем де ессесін жібермей жатыр.

— Қанышжанмен бірге түскен суретті берші, - деді. Бұл атамның өте бағалы бұйымдарының бірі.

Суретті столдың үстіне қойды да, маған қарап:

— Қыдыржан, мына ортада отырған маңғаз кісі — Қаныш Сәтбаев деген інім. Көп жыл көрші тұрдық. Телегей-теңіз білімді адам. Қолына қағазынды алшы, ол кісі жайлы есте қалғандарды айтайын.

Атам айтып отыр, мен жазуға кірістім. Жұмыр жерге әйгілі ұлы ғалымның қарапайымдылығы туралы атам жүрек тебіренге айтып отырар еді.

— Балам, ұлық болсаң, кішік бол. — деген нақылды есіннен шығарма, үлкеннің алдынап кесе-көлденең өтпе, — дейтін еді атам. Өмірінің соңғы жылдарында мен мектепте оқитын едім. Мені қасына отырғызып, сәл ойланып отырды да:

— Сен білесің бе, біздің шаңырақтан өнер кетпеген ғой. Атам Тоқсанбай сазгер, ақын болған екен. Менің әкем Қожабай осы өнерге мәшһүр ақын, әнші. Мені өзің білесің. Сенің домбыра шертуің, терме айтуың — көңіліме қопады. Өнер жолына түс, дәстүрді жалғастыр, — деді бабам.

Ата балаға сыншы деген ғой. Ол кісі маған сенім мен үміт жүктеді. Үміт жетегі мені өнер айданына әкелді. Алғаш өнер бәйгесіне бірінші каттысканда атамның домбырасын қолымнан тастамай, эстрада әуеніне термені үйлестіріп орындадым. Шүкір өнер жолында тәй-тәй басып, қазір тұрып жүріп келемін. Шығарған әндерім, орындаушылық шеберлігіме мен баға бермеймін ғой. Бәрі де халқымыздың көз алдында. Атамның «Қергенді бол» деген ақылы құлағымның түбінде сыбырлап тұр. Арманым — сол сенім депгейінде болу.

Қыдырәлі Болманов

КӨЗ АЛДЫМДА

Біз, Нұртайдан тараған алтауымыз да, Болман мен Бибатшаның баласы саналатынбыз. Атамның екі ұлы Баймұқан, Бірмұқан Ұлы Отан соғасында қайтыс болғандықтан бізді солардың орнына із-басарларымыз деп отыратын әжем. Тілім шығып сөйлей бастағанымда алғаш айтқаным «ата», «әже» деген сөздер. Атамның жақын інілері Байкісі мен Оразбек менің тілімді қызықтап:

- Фамилияң кім? — дегенде,
- Әжемов, -- деп жауап береді екем.



БОЛМАН МЕН НЕМЕРЕСІ МӘДЕН.

Атам ел аралап, ақындар айтысына, жазушылардың жиынына жолаушылап кеткенде, 3-4 жастағы мені әжем үйде қалдырып, малын жайғауға шығатын. Мен жылап одан қалмайды екем. Мұндайда әжем кілемнің үстіне мейізді шашып, «мен келгенше теріп жейтін бол» деп алдандырып кететін.

Атам үйде болғанда қызық-думанға кенелеміз. Қызғылықты ертекер айтып беруден жалықпайды. Бір сәт қолына домбырасын алып, ән шырқайды, терме айтады. Кейде балаларына тақпақ жаттатып, тапсырма беретін де әдеті болатын. Мұндайда көрші үйлердің балалары да көптеп келеді. Атам бәрін де өз баласындай қуана қарсы алатын еді.

Бес жасқа толғанымда аға салтымен атқа мінуді үйреткен де атам болатын. Ол кісі ансақ еді. Қысы-жазы қолынан ат кетірген емес. Өзінің тақымына басқан қаракер атын ертеп, атам: «сенің азаматтық жолға қадамыңның бастамасы, мін атқа», дегенде «қорыққанымды ұмытқан жоқпын. Өзі жетелеп, біраз жүрген соң, тізгінді қолыма берді. Балаша қуанған атам әжем:

— Балаңа тоқымқағарыңды жаса, сүйішші! — дегені де есімде.

1964 жылы Байқоңырда тұрдым. Сол жылы мен алғаш мектепке бардым. Бірінші класқа жетелеп апарған да атам еді. Совхоздағы үйімізде пешке от жағатын, бірлі-жарым малды қарайтын әкем мен атам ғана. Олардың жасы ұлғайған кезі болатын. Мен сол кісілерге шаман келгенше қасында жүріп, қолқанаты болдым. Жастайымнан еңбекке дағдыландым.

Әскер қатарынан келгенімде, атамның інісі Әбдірахман әкем Қарсақпайдағы заводқа өз қасына жұмысқа шақырды. Ол кісі құрметті металлург болатын.

— Қарағым, еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей деген нақыл бар ғой. Балқытушылық мамандықты меңгеріп алсаң, тарлық та, тапшылық та көрмейсің, — деп кеңес берді.

Әкеңіз жанашыр сөзі — мені заводқа әкелді. Алғаш еңбек жолымды Қарсақпай зауытында бастап. 1981 жылы Жезқазғанға көшіп келдім. Балқытушы болып істегеніме де 17 жыл болды. Шүкір, еңбегімнің жемісі жаман емес. Атамның 1990 жылы жүз онжылдық мерей тойын өткіздік. Той мәзірін дайындауға ағайынға қол жайып, көмек сұраған жоқпыз. Бес атадан тараған жағын туыстар бірігіп, атамның тойын өткіздік.



Мәденнің отбасы.

Отбасында жетістік, қуаныштар болса, іштей әже, атамның тәрбиесінің нәтижесі деп біземін, олардың айтқан ақылы, өнегесі көз алдымда. Отбасында Нұржамал екеуіміз балаларымыз Ғалым мен Сәлімге «үлкенді сыйла, ата-ананың ақылын сұқашан ұмытпасандар, кем болмайсың, кем бола-сың» деген сөзді жиі айтып отырамыз.

Мәден БОЛМАНОВ.

АҚЫЛБЕК ШАЙХЫ

АҚЫН БОЛМАН

Редакторы: **А. Қаражігітов.**
Техникалық редакторы **С. Сапаров.**
Қорректорлар: **А. Өтжанов, А. Рахимов.**
Құрылтайшылар: Қазақстан жазушылар одағы **С. Сейфуллин**
атындағы Жезқазған облыстық «Аққұс» ұйым серіктігі.
Облыстық мәдениет басқармасы, жауапкершілігі шектеген
жолдастық мерей.

Теруге 24. 03. 1993 жылы жіберілді.

Қалпы 70X108 ,/32 №2 баспа қағаз.

Бағасы келісім бойынша.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігінің Жезқазған «Полиграфия» өндіріс-
тік бірлестігінің облыстық баспаханасы, Жезқазған қаласы,
Бейбітшілік даңғылы, 13 үй.

Мазмұны

| | |
|--|-------|
| 1. Ақын сөзі | — 3 |
| 2. Сөз басы | — 4 |
| 3. Болман ақын | — 13 |
| 4. Өмір жыршысы | — 44 |
| 5. Болманның айтыстары | — 57 |
| 6. Ақын өлеңдеріндегі тіл өрнектері | — 75 |
| 7. Сөз соңында | — 85 |
| 8. Болманның жарияланбаған өлеңдері | — 89 |
| 9. Ақынның айтыстары | — 112 |
| 10. Естеліктер | — 145 |